

«Ашық мектеп»
Қоғамдық білім беру қоры

**Ата-ананың қолынан
келмейтін іс болмайды**

Алматы, 2014

УДК 37.0
ББК 74.90
А 90

А 90 Ата-ананың қолынан келмейтін іс болмайды...= Как много могут родители... – Алматы: «Ашық мектеп» ҚББ, 2014. – 224 бет.

ISBN 978-601-275-421-6

«Ата-ананың қолынан келмейтін іс болмайды...» атты кітап жинағы мүмкіндігі шектеулі балаларына көмек көрсету жолында, тағдыр қиыншылығынан сескенбей бетпе-бет келіп, емделу барысында айтарлықтай нәтижеге жетіп, балаларын әлеуметтік қалыптастыру жағдайына бейімдеу жолында ата-аналардың қол жеткізген «жетістік тарихы».

«Жетістік тарихы» не үшін керек? Басқа адамдардың өмір жолында қандай маңызды орын алуы мүмкін? Осы тәрізді шешімі қиын сұрақтарға профессор Джакомо Ризолатти ашық түрде жауап жолдайды. 1992 жылы ол айна тектес нейрондар яғни біз басқа жандардың іс-әрекетіне қарай отырып, әркімнің белсенділігін арттыратын ми жасушаларының бірегей түрі. Бұл жасушалар айна тәрізді, автоматты түрде бөтен жанның іс-қимылын біздің басымызда ой елегінен өткізіп, санамызға әсер етуі арқылы сондай дәрежеде сол істі жүзеге асырар болсаң, оны қалыпты түрде сезінуге душар етеді.

«Жақсы тарихи істер әркімді жақсылыққа жетелейді» атты сөз даналығы бар. Бұл кітап; «Өткенге оралып, бастамаңды өзгерту мүмкін емес, жаңа сатыдан бастасаң өз мәреңе жеңіспен жетуге болады» атты ойдың жүйесіне жетіп оқыған жанға ерекше көмек болары анық.

Книга «Как много могут родители...» – это сборник «историй успеха» родителей, которые вопреки диагнозам и прогнозам сумели помочь своим детям с ограниченными возможностями развития достичь зримых результатов в лечении, реабилитации и социальной адаптации.

Для чего нужны «истории успеха»? Могут ли они играть серьезную роль в нашей жизни? На эти вопросы дает ответ открытие профессора Джакомо Ризолатти. В 1992 г. он обнаружил зеркальные нейроны – уникальные клетки мозга, которые активизируются, когда мы следим за действиями других людей. Эти клетки, как зеркало, автоматически «отражают» чужое поведение у нас в голове и позволяют почувствовать происходящее так, как если бы мы совершали действия сами.

Есть такое выражение: «Хорошие истории делают нас лучше». Эта книга может всем, кто ее прочтет, понять важную мысль: «Нельзя вернуться в прошлое и изменить свой старт, но можно стартовать сейчас и изменить свой финиш».

УДК 37.0
ББК 74.90

ISBN 978-601-275-421-6

© ООФ «Открытая школа», 2014

ҚҰРАСТЫРУШЫЛАРДАН

Бұл кітап не жайында?

Әр ата-ана баласы ауру болып туады деп күтпейді, ешкім де балалардың жетілуіндегі түрлі текті шектеулерге себеп болатын кездейсоқ қасіреттен және өмірдің шым-шытырығынан сақтандырылмаған. Әр отбасы кез келген материалдық, әлеуметтік және білім деңгейіндегі сынға тап болуы мүмкін. Даму мүмкіндіктері шектеулі (ДМШ) сәбидің дүниеге келуі – отбасы үшін беріктікке сын. Ол үйреншікті өмір желісін бұзып, болашаққа деген жоспарларды өзгертуге, құндылықтарды қайта бағалауға мәжбүрлейді.

«Ата-ананың қолынан келмейтін іс болмайды» кітабы – ДМШ науқасы бар балалар ата-аналарының, мамандардың диагнозы мен болжамдарына қарамастан, емдеуде, оңалтуда және әлеуметтік жағдайға бейімделуде өз балаларына көзге көрінетіндей елеулі нәтижелерге қол жеткізуге көмектесе алған «табыс хикаяларының» жиыны. Сүт құйылған құмыраға түсіп кеткен бақа туралы мысал естеріңізде болар? Шығып кетемін деп жанталасқанда, ол аяқтарымен бір кесек май шайқап, содан тірек алып сыртқа шығып кетеді. Мұнда да тап сондай жағдай. Сәбидің ауруы әке-шешесі үшін аспаннан жай түскенмен бірдей болады, бірақ, қысылтаяң жағдаятқа тап болған соң, олар тіренетін нүктені іздеп және балаларын келеңсіз жағдайларды еңсеретін жеңіске қарай жетектейді.

Ата-аналармен алғашқы кездесулерден кейін бір ескі дұғаның сөздері еске түседі: «Жаратқан! Менің қолымнан оны өзгерту келетіндей күш бер. Өзім өзгерте алмайтын жағдайға көнуге шыдам бер. Ал біріншісін екіншісінен ажырату үшін, даналық бер».

Бұл кітап тағдырдың тәлкегіне қарсы тұру мен көну, шыдау, даналық және шексіз сүйіспеншілік туралы – өз жеребесін қабыл алған адамдардың өмірінде шым-шытырық түрде орын алған қасиеттер, біздің бәрімізге күнделікті өмірде әдетте өте жетіспейтін қасиеттер туралы.

Оның идеясы қалай дүниеге келді?

Кітаптың идеясы Сорос-Қазақстан Қорының (СҚҚ) білім беру мәселелері жөніндегі кеңесшісі Сәуле Аманжоловна Каликоваға тиесілі. Инклюзивтік білім беру, даму мүмкіндіктері шектеулі балаларға көмек көрсету СҚҚ басым бағыттарының қатарына жатады. Өзінің қызметінің бағыты бойынша Сәуле Аманжоловна ерекше балалардың

ата-аналарымен талай кездесті. Олардың қатарында көмекке зәру отбасылардың мүдделерінде жұмыс істейтін қоғамдық ұйымдардың негізін қалаушылар мен басшылары да бар. Әдетте, олар немқұрайдылықтан алыс, белсенді, табанды, ақпаратпен жұмыс істей білетін білімді адамдар, жаратылысы жағынан көшбасшылар – олар есеңгіреу сәтті жылдамырақ еңсереді, өз балаларының келелі мәселелерін шешудің ұтымды жолдарын табады және басқа отбасыларға іс жүзінде қолдау көрсетеді. Позитивті аужай оларға мақсатына жету үшін рухани және физикалық күштерін шоғырландыруға көмектеседі.

Екінші шетте тағдырына мойынсұнған, тағдыр сынына көнгендердің тобы, ал бұл шартты «шәкілдің» ортасында – балаларына жағдаятты еңсеруге көмектескісі келетін ата-аналар тұр, бірақ олар мұны қалай іске асыру керек, қайда жүгіну, кіммен ақылдасу керектігінен бейхабар. Бәлкім, олар әншейін абыржып қалған, өздерін диагноз бен болжам тап қылған ступор жағдайынан әлі шықпаған болар. Осы сәтте жігер беретін мысал және қастарында соған жақын жағдайларда табысқа жете білген адамдар бар екенін білу қажет.

Сәуле Аманжоловна табысты отбасылардың тәжірибесін зерделеу, табыстың алгоритмін тауып, оны одан кейін басқа ата-аналарға табыстау өте маңызды деген тұжырымға келді. Ол бізге «Ашық мектеп» Қоғамдық білім беру қорына осы кітапты құрастыруды қолға алуды ұсынды.

Біз неліктен осы жобаға қатысуды ұйғардық?

Жобаның идеясы бізге бірден ұнады, ол өте тартымды әрі өзекті! Бірақ біздің қолымыздан келер ме екен деген күмән туды. Біздің көптен бері «тақырыпта» болуымызға – өзіміздің «Ашық мектеп» журналымызда «Инклюзивтік білім беру» айдарын жүргізіп келе жатқанымызға, ДМШ бар балалар ата-аналарының қоғамдық ұйымдарының арасында таныстарымыз көп екеніне қарамастан – алда күтіп тұрған жоба-адамдармен және баспалық мәтіндермен жұмыстың өзге деңгейін қажет етті. Шешім қабылдауға Ник Вуйчивтің «Шекарасыз өмір» кітабы көмектесті.

Дүниеге қол-аяқсыз келген Ник Вуйचितің есімін бүгін көп адамдар біледі. Кемтарлығына қарамастан, Ник бақытты адам, сұранысқа ие маман, отағасы және әке бола алды.

Ник – ұлты серб, Австралияда туған, қазір Америка Құрама Штатарында тұрады. Кәсіби шешен, ол бүкіл әлемді аралап, түрлі дәрісханалардың алдына шығып сөз сөйлейді және өзінің мысалымен

мыңдаған адамға әркімнің өмірінде үнемі туындап отыратын келелі мәселелер қиыншылықтарын жеңуге жігер береді.

Бір күні кезекті баяндамасын бастардың алдында ол біреу өзінің атын атап шақырғанын естіді. Ник бұрылып қарағанда кішкентай сәбиді қолына алып жоғары көтерген жас жігітті көрді. Сәби тура оның өзіндей – қолы да, аяғы да жоқ! Ұл баланың аты-жөні Дэниел Мартинес, ал оның ата-анасының есімдері Крис және Патти еді. Ник оларды сахнаға көтерілуге шақырды. Жиналғандар қатты толқыды. Патти Никті құшақтап, бұл кездесу өзі үшін болашаққа қарай қадамға айналғанын айтты.

«Шекарасыз өмір» кітабында Ник Вуйчич: «Бала кезімде мен өзіме бағыт сілтеп, көмектесе алатындай ұқсас күйдегі ешкімді де білмедім. Бірақ Дэниелде мен бармын. Мен оған көмектесе аламын»-деп жазды.

...Крис пен Патти мені Даниел үшін шапағат деп санады, ал менің ата-анам олардың өздері үшін нағыз шапағатқа айналды. Оларға қол-аяғы жоқ баланы қалай өсіру және тәрбиелеу керек екені жайында менің әкем мен анамнан артық кім айтып бере алар еді? Біз бұл адамдарда тек үміт отын тұтатып қана қоймай, сонымен қатар Дэниел қалыпты өмір сүре алатынының және әлі өз бойындағы дарындарын ашып, адамдармен бөлісетінінің нағыз дәлелдерін бере алдық. Біз оларға өз тәжірибемізді жеткізіп, жігер бердік және қолдай алдық».

Адамдар витраждар секілді, олар күн шыққанда көз шағылыстырады және жарқырайды, бірақ қараңғыда олардың шынайы сұлулығы тек оларға ішкі дүниесінің сәулесі түскен сәттерде ғана ашылады.

Элизабет Кюблер-Росс

Ник және оның ата-анасы әрине, қайран қалдырады. Бірақ бізде де өздерінің ішкі дүниесінің сәулесімен басқалардың жолына жарық шашатын адамдар бар. Ел өзінің қаһармандарын білуге тиіс деп ойладық та, жобаны қолға алуды, көмекке мұқтаж жандарға сол бірегей адамдардың баға жетпес тәжірибесі жайлы айтып беру үшін, оларды табуды ұйғардық.

Біз кітаптың қаһармандарын қалай іздедік?

Шынын айтқанда, бізге қаһармандарды табу оңайға соқпайды деп ойладық, біріншіден, олар өздері туралы жар салмайды, ал екіншіден, жан сырын бейтаныс адамдармен ортаға салғанды әркім де

қалай бермейді. Сондықтан, біз іздеуді жақын достардың арасынан бастадық, олар бізге керек, өздері жеке басымен таныс адамдардың координаттарын берді. Хабарласқан кезде біз бас тартуды күтіп едік, бірақ, керісінше біздің қуанышымызға қарай ешкім де өзінің жолы, жеңістері мен қателіктері туралы әңгімелеп беруден бас тартпады! Сондықтан, біз іздеу шеңберін кеңейтіп, түрлі ұйымдарға жүгіндік.

Марина Буханцовамен және Динара Ешпановамен біз бұрыннан таныс болатынбыз. Евгения Краснощекованың телефонын Сорос-Қазақстан Қорындағы біздің жобаны үйлестіруші Айнұр Шәкенова берді. Екі әке – Марат Нұрпейісов пен Кенжебай Исаевты – біз «Балаларға өмір сыйла-2» фильмінен көрдік (фильмді Ерікті Мейірбандық Қоғамы түсірген, бізге олардың координаттарын сонда берді). ҚР Тұңғыш Президенті Қорының «Әлеуметтік идеялар мен жобалар» жәрмеңкесі Елена Егоровамен және Наталья Талановамен кездесуді сыйлады. Ақмола облысының білім басқармасы Рауан Зейнуллинді ұсынды. Ирина Камышова мен Любовь Мироненконы «Ашық әлем» Қоғамдық қорының президенті Әлия Архарова арқылы таптық. Мәдина Кәрімовамен оның ұлдары оқитын арнайы мектептің бұрынғы директоры Құсайын Амангельдіұлы Каткеновтың көмегімен кездестік. Маженовтар отбасымен бізді олардың ұлы Ақжан бітірген мектептің бұрынғы директоры Лидия Михайловна Маслова таныстырды. Роза Беркамаловамен және Алтынай Рахымбаевамен кездесуді Қарағанды қаласының № 27 гимназиясының психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметінің басшысы Ольга Федоровна Чумакова ұйымдастырды. Татьяна Ваничкинамен бізді Павлодардағы «Самал» оңалту орталығының директоры Зинаида Дмитриевна Багненко таныстырды.

Бұл жай техникалық жайттар емес, кітапты құрастыруға қаншама көптеген жандардың тура немесе жанама түрде ат салысқанының көрсеткіші. Бізге тек көмек көрсетіп қана қоймай, сонымен қатар біздің осы тақырыпты қолға алғанымыз үшін алғыстарын білдіріп жатты.

Ата-аналармен кездесулер 2014 жылдың сәуір-маусым айларында өтті.

Біздің қаһармандарымыздың өзгешеліктері қандай және оларды біріктіретін не?

Біздің қаһармандарымыз Қазақстанның түрлі қалаларында тұрады. Олардың білімі, табыс деңгейі, отбасы құрамы, жас шамасы,

діни ұстанымы, ұлты әр түрлі. Балалардың жас шамалары – мектепке дейінгі жастан бастап, ересек, дербес, жұмыс істейтін адамдарға дейінгі жандар. Балалардың денсаулық проблемалары да әр түрлі. Ата-аналардың жетістіктері бірдей деуге келмейді. Және әр отбасының өзінің бірегей тәжірибесі бар.

Ал нені табыс деп санау керек деген сұрақ туындайды. Біз табыс деген – қол құсырмай, тиісті міндеттерді тиімді шешуге әзірлік деп санаймыз.

Егер саған көмекке созылатын қол қажет болса, онда біліп қой – ол сенде бар – өзіңнің қолың. Сен естияр болған уақытыңда, өзіңде екі қол барын: біреуі өзіңе, екіншісі басқаларға көмектесу үшін керек екенін түсінесің.

Одри Хепберн

Кітап қаһармандарына бұл сөздер таныс па, жоқ па, білмеймін, бірақ күнделікті өмірде олардың қолданулары анық. Тап осы жұмылдырушы позитивті өмірлік позиция, өз балаларына деген шексіз сүйіспеншілікпен қатар, оларды өзара біріктіреді. Өткерген жылдары емес, жинаған тәжірибесі жағынан «естиярлау» болған олар басқаларына көмектесуге дайын. Олардың көбі даму мүмкіндіктері шектеулі балалар мен олардың ата-аналарының көпшілігі қоғамдық ұйымдарын немесе қолдау топтарын өздері құрған.

Біз олардан не жайында әңгімелеп беруін өтіндік?

Сауалнамалық деректермен қатар, бізді төмендегі сұрақтар шеңбері қызықтырды:

Сіз сәбиіңіздің басқа балалардан өзгеше жетілетінін қашан және қалай білдіңіз?

Қандай диагноз қойылды? Кім, қайда және қашан?

Мамандардың болжамдары қандай болды?

Сіз қалыптасқан жағдайда өзіңіздің өмір тәжірибеңізді, біліміңізді, діни нанымыңызды қалай пайдаландыңыз?

Қандай стратегия қолдандыңыз?

Стратегияны әзірлеуде кімдердің көмегі тиді? Ақпаратты қайдан алдыңыз?

Сізге қосымша білім алу қажеттігін сезіндіңіз бе? Егер «иә» болса, онда сіз қандай білім және қайдан алдыңыз?

Сіз өз сәбиіңізге жетілуге, қиындықтарды жеңуге, белсенді болуға қалай көмектестіңіз?

Қалаларыңызда сіздің жағдайыңызда көмек көрсетуге тиіс қандай мемлекеттік мекемелер мен қоғамдық ұйымдар бар?

Олар қалай көмектесті?

Сіздің жұмсаған күшіңіздің нәтижелері қандай?

Басқа ата-аналарға қандай кеңес берер едіңіз?

Қалаларыңызда ұқсас проблемалары бар отбасылар бар ма?

Сіз олармен араласасыз ба?

Ондай араласу нәтижесі не әкелді?

Қазір кімнің көмегіне мұқтажсыз?

Оны қалай алуыңызға болады?

Біз сауалнама жүргізген жоқпыз, тек осы сұрақтарға орай өз хикаяларын ерікті нысанда баяндап беруді өтіндік.

Бұл кітап кімдерге арналған?

Сұраққа ең жақсы жауап, біздің болмысымыздың мағынасын ашатын дана мысалдардың бірі болмақ:

Тілші бір күні фермерге ол жылдан жылға сапа бойынша барлық байқауларда жеңіп шығып келе жатқан жүгерісінің сырымен бөлісе ала ма деген сұрақ қойыпты. Фермер оның бар сыры ең жақсы собықтарды өз көршілеріне егу үшін таратып беретінінде деп жауап беріпті.

– Егер көршілеріңіз сізбен қатар үнемі барлық байқауларға қатысатын және бәсекелестеріңіз болып табылатын болса, оларға ең жақсы тұқымдарды таратудың қажеті не?

– Білесіз бе, – деп күледі фермер. – Жел тозаңды менің танаптарымнан көршілердің танаптарына және кері қарай тасиды. Егер көршілерімде менікінен сапасы нашар сорттар болса, онда көп ұзмай менің де егісім нашарлай бастайды. Егер мен сапалы жүгері егетін болсам, мен көршілерімнің қамын ойлауға және оларға тап сондай жүгері егуге көмектесуге тиіспін. Ал біздің әрқайсымыз егісін қалай күтеді – ол енді басқа мәселе.

Мұндай құбылыс адамдардың өмірінде де болады. Табысты болғысы келетін жан айналасындағы жандар жайлы ойлауға және оларға табысқа жетуге көмектесуге тиіс. Кім жақсы өмір сүргісі келсе, басқаларға да жақсы өмір сүруге көмектесуге тиіс. Себебі, айналаңдағы адамдардың өмірі неғұрлым жақсы болған сайын, сенің де өмір сүруің жақсарады. Біздің бәріміз бұл дүниеде бір бірімізге тәуелдіміз және байланыстамыз.

Сондықтан, бұл кітап тек ерекше балалардың ата-аналарына ғана арналмаған. Ол көпшілікке: педагогтарға, дәрігерлерге, әлеуметтік жұмыскерлерге, білім беру және медицина саласындағы шенеуніктерге, депутаттар мен саясаткерлерге, бастарында келелі мәселелері бар отбасылармен кездесуге тура келетін барлық кәсіптердің өкілдеріне, сондай-ақ олардың көршілері мен жай өткіншілерге арналған.

Бұл кітапты қалай оқу керек?

Бұл «табыстың аспаздық кітабы» емес, мұнда бес қасық сүйіспеншілікті алып, он қасық шыдамды үстеңіз, үш қасық біліммен араластырыңыз, азаптың баяу отында қыздырып, сағат сайын бір шайқасықтан жылы күйінде қабылдаңыз дейтін дайын рецепттер жоқ ...

Біздің қаһармандарымыздың тәжірибесін сойып қаптаудың сәті келмейді, өйткені бәрінің жағдайлары әртүрлі ғой. Сондықтан, біз сізге, қадірменді оқырман, осы кітапты зерделеген кезде келесі қадамдар жасауды ұсынамыз:

- ата-аналар қолданған стратегиялардың тізімін жасаңыз;
- олардың қайсысы сіз үшін тиімділігін, сіздің нақты жағдайларыңызда жүзеге асыруға болатынын анықтаңыз;
- өзіңіз оларды орындау үшін жасайтын қадамдарды жоспарлаңыз;
- іске кірісіңіз;
- алған ақпаратыңызды басқа ата-аналармен бөлісіңіз.

Соңында біз өзіміздің қаһармандарымыз үшін темірқазық болған кітаптардың тізімін бердік. Олар сізге де пайдасын тигізеді деп үміттенеміз.

Ал одан кейін ше?

Өз ойларыңызбен, байқауларыңызбен бөлісіңіз, өзіңіз қалап алған ақпаратты қалай пайдаланғаныңыз туралы әңгімелеңіз. Хаттарды «Ашық мектеп» Қоғамдық білім беру қорына жолдаңыз.

Біздің координаттарымыз:

Пошталық мекенжай: 050035, Алматы, 8-ші ықшамаудан, 4-ші үй, 82-ші пәтер.

E-mail: o.shkola@rambler.ru

Тел.: 8(727) 249-84-38, 290-92-10, 87078200605, 87772555531

БІРІНШІ ЖАҚТЫҢ МОНОЛОГЫ

ДИВАНДА ЖАТЫП АЛМАЙ, БАЛАЛАРМЕН ШҰҒЫЛДАНУ КЕРЕК

Наталья Данилова түсірген фотосурет



Марат Жақайұлы Нұрпейісов пен Индира Байдулақызы Сариева - алматылықтар. Олардың ұлы Бейбарыс 2008 жылы туған. Қазір ол балабақшаға барып жүр. Марат Жақайұлы ұлының жетістіктері туралы және қалай өзінің көзі ашылғаны жайында әңгімелейді.

Қазір біздің үш ұлымыз бар. Екі үлкені – тетелес. Тұңғышымызды күткенде, оның «Міне, жігіт!» деп айтатындай елгезек, пысық болғанын қаладық. Тілегіміз орындалды, бала өте ширақ болып өсті. Біз онымен сәл болса да тыным көрмедік, сондықтан екіншімізді күткен уақытта, оның тыныштау болғанын тіледік. Біздің тілегіміз Жаратқанның құлағына жеткен болар, біз тағы да қалағанымызды алдық ... Ол тыныш, мазасыздығы жоқ, тіл алғыш және момын болды. Ешқандай қиындық көрмедік. Айтқанды тыңдайды, қой десең қояды - мін жоқ!

Тек оның аз сөйлейтіні біртүрлі болып көрінді. Көбінесе, керек затына қолымыздан ұстап, жетектеп апарып көрсететін. Біз, шынын айтқанда, оған онша мән бермедік, себебі менің өзімнің тілім 4 жасымда шыққан, өсе келе оңалады деп ойладық.

Бірақ, төрттен асқаннан кейін де ұлымыздың сөз қоры толықпай, бір деңгейде қалып қойды. Содан біз дәрігердің көмегіне жүгіндік. Невропатолог ұлымызда аутизмнің нышандары бар екенін хабарлағанда қатты абыржыдық. Енді не істейміз? Әрине, ең алдымен бүгінгінің «ақпарат қайнары» – Ғаламторға жүгіндік те, нағыз аутизмнің не екенін білгенде, төбемізден жай түскендей болды. Тек бір жұбаныш, ұлымызда бұл аурудың тек кейбір нышандары ғана бар, демек, түңілуге әлі ерте.

Содан біздің әуре-сарсаңымыз басталды. ЭБЕО (балалар мен жасөспірімдерді Әлеуметтік Бейімдендіру және Еңбекпен Оңалту орталығы) кезегіне тұрдық, мамандарды іздей бастадық. Әйелім балалармен үйде отырды, ал мен ақша табумен болдым, өйткені әр қабылдау 10-15 мың теңгеге түседі. Көптеген дәрігерлердің қабылдауында болдық, бірақ бізге керек мамандарды табу жолы қиындай бастады, қайда барарымызды білмедік. Дәрігерлердің бірі Салтанаттың телефонын берді (сіздер оны «Балаларға өмір сыйла» фильмінен көрдіңіздер). Салтанаттың қабылдауында болғанда, сәбиімізді қарап, мәселенің шешімін табуға болатынын, Владимир Яковлевич Матвиевскийдің Мәскеу инновациялық-білім беру орталығында әзірленген, көп жандарға көмектескен әдістің барын айтып, көңілімізде үміт отын ұялатты. Алғашқы кезеңде дәрістер Алматыда өтеді, сәбиді Мәскеудегі интенсивке дайындайды, ол үшін сәби физикалық жүктемелерге дайын болуын ескертті. Біз келістік.

Осылайша біз Аутист балалардың ата-аналары қауымдастығына келдік. Бұл өздерінің балаларына өз күштерімен көмектесуге тырысқан – барлық шығынды өз қалтасынан төлеп, үй-жайды жалға алған, мамандарды іздестірген ата-аналардың тобы. Соңынан Аружан Саин жетекшілік ететін «Ерікті Мейірбандық Қоғамы» Қоғамдық қорының күш салуының арқасында, бізге «Самұрық-Қазына» Қоры көмек қолын ұсынып қаржылық ауыртпалықтың айтарлықтай бөлігінен босатты.

Дәрістерге келетін болсақ, шындығын айтсам, бастапқыда мен оларға сенбеушілікпен қарадым. Сырттай қарағанда, үлкен тәтелер мен ағалар аниматорлар секілді, балалармен бірге секеңдейді, себебі, басты талап – ата-аналар дәрістерге балалармен қатар қатысуға

және балалар не істесе, соны істеуге тиіс. Олай болмағанда, Алматыда осы дәрістерді жүргізетін мәскеулік психологтар, еш нәтиже шықпайтынын түсіндірді. Секіруін секірдім ғой, бірақ оның емдеп жаза алатынына онша сенбедім. Алайда, бізде басқа таңдау болмады. Осылай төрт ай айналысқаннан кейін, ұлымыз Мәскеуге сапарға аттану үшін «жетілді». Жиналған қаржымен, ұлымды әйеліммен Матвиевскийдің Орталығына аттандырдым.

Мәскеуде сәбиіміздің ісі бірден оңға басты. Олар жолға шығатын кезде, бала именшектеніп, ақырын ғана күбірлеп, әрі аз сөйлейтін, ал енді бірнеше күннен кейін-ақ, ұлым скайппен сөйлескенде маған «Папа, сәлем!» деп ширақ әрі анық айтты. Бұл мені серпілтіп, диванның үстінен «жұлып алғандай» болды да, онымен айналысуға шындап әрі саналы түрде кірісуге мәжбүрледі. 30 жасында ер адамның ең жақын достары – диван, теледидар және сыра. Енді көзім ашылды – диванда жатып алмай, балалармен айналысу керек екенін түсіндім.

Мәскеуден оралғаннан кейін біз Қауымдастықтағы дәрістерімізді жалғастырдық. Нәтижелер барған сайын жақсара берді. Әр кішкене ғана қадам, әр жеңіс одан әрі алға жүруге жігерімізді қайрап, әлдеқайда сенімділікке, батылдыққа айналды. Бұрын, неліктен екені белгісіз, горшокқа отырудан қорқатын, ол қорқыныш жоғалды. Ұлымыз басқа балалармен ықыласпен ойнай бастады, көзінде ұшқын пайда болып, сөзі анық түзелді, ол енді қысқа қайырмай, сөйлемдер құрастыратын шамаға жетті. Өзгергені соншалық, әжелері мен аталары танымай қалады. Ол жақсы сөйлейді. Бірақ, сонымен қатар, ұлымыз мін тақпас бала болудан қалды. Өтірік айтуды үйренді. Мысалы, ағасын байқатпай теуіп қалуды шығарды, мен оған ұрса бастасам, бәрін үлкен ұлға жаба салатын мінез пайда болды.

Бес ай бұрын ұлымыз жекеше балабақшаның қатардағы тобына барды. Мен оны сырттан бағу және қажет болған жағдайда түзетіп отыру үшін, топта видеокамера орнатуды өтіндім. Балабақша да, мектеп те ата-ананың орнын толтыра алмайды емес пе.

Аутистерге қолдау үнемі қажет. Балалармен негізінен аналары айналысады, ал әкелері, егер бар болса, ақша табады. Қазір, әйелім кенжеміз үшін бала күтімі (декрет) демалысына шыққан уақытта, үлкендерімізбен көбінесе мен айналысамын. Басқа ата-аналарға да көмектесемін. Себебі, аутистерде қорқыныш сезімі жоқ, сонымен қатар вестибулярлық аппарат дұрыс жұмыс істемейді, қимыл координациясы бұзылған, олар икемдене алмай, жиі жығылады. Олардың арасында шамадан төмен сылбырлары да еркіндікті тым жоғары пай-

даланатындары да кездеседі. Мен болсам, грек-рим күресінен спорт шеберіне кандидатпын және бұл қиындықты қалай еңсеру керектігін білемін. Аутистер үшін арнайы жаттығулар кешенін әзірледім және әр сенбі сайын Қауымдастықта «Әке күнін» өткіземін. Топта ата-аналар да, балалар да жаттығады, мен мұның басты шарт екенін алдында айтқанмын. Аутизмі бар сәби басқа адамға сенбейді. Ата-аналар балалары не істесе, соның бәрін қайталайды – домалайды, престі шыңдайды және т.б.

Фейсбукте «Ау, әкелер!» деп үндеу тастадым. Бірнеше адамнан жауап келді. Бірақ бұл мектеп емес, балабақша да емес: келуі де мүмкін, келмеуі де мүмкін. Әркімнің өз еркі өзінде. Әзірге әкелердің көпшілігі өздерін ыңғайсыз сезінеді, именшектенеді, мұндай жасқаншақтық балаларына да бөгет болады. Олар әлі проблеманы және өздерінің оны шешудегі рөлдерін толық дәрежеде сезінген жоқ. Бірақ, олардың келгенінің өзі де өте тамаша!

Толық құраммен келетін отбасылар бар, тіпті отбасылардың арасында да, қалалар арасында да сайыстар өткізіледі (Ата-аналар қауымдастығы Қызылорда мен Мәскеуде де бар). Ата-аналар видеороликтер түсіріп, желіге шығарады, кім ең көп «лайк» алса, сол жеңеді.

Әрине, егер «Ерікті Мейірбандық Қоғамы» болмаса, тиімді шаралар да болмас еді. Сондықтан ЕМҚ атына шын жүректен рахмет дегім келеді!

БІЗ БАҚЫТТЫ АТА-АНАМЫЗ

Наталья Данилова түсірген фотосурет



Динара Дәуренбекқызы Ешпанова – «Дыбыс» ҚҚ басқарма төрағасы, білімі жағынан ол экономист, Алматының жоғарғы оқу орындарының бірінде сабақ береді, оның жұбайы Ғали Амангелдіұлы Махатаевның жоғарғы техникалық білімі бар. Қыздары Жансая 2004 жылы туған, қазір Алматы қаласының жалпы білім беру мектебінің 4-ші сыныбына көшті. Отбасы өткен жол жайында Динара Дәуренбекқызы әңгімелейді.

Жансая 2004 жылдың желтоқсан айында Қызылордада орталық-нерв жүйесінің гипоксиялық ишемиялық зақымдалуы диагнозымен дүниеге келді. Оның денсаулығы осал болып, жиі ауырды, бірақ мінезі жағынан дербес әрі елгезек.

2007 жылдың қаңтар айында Жансая екіжақты бронхопневмонияның ауыр нысанымен ауырып, бірнеше сағат бойы комада жатты. Осы сағаттарда мен тек оның аман қалуын тілеумен болдым. Тек дәрігерлер Жанидің есін жинағанын хабарлаған сәтте мен бұл дүниеге қайтып оралдым.

Қызымыз оңалды, бірақ оның есту қабілеті нашарлай бастады. Тексерудің барысында аурулардың тұтас бір шоғыры анықталды: 2-ші-3-ші дәрежелі екіжақты нейросенсорлық құлақ мүкістігі, тахикардия, жоғары температура аясындағы тырысқақтық синдром, анемия. Есту қабілетінен күрт айырылудың салдарынан сәбидің қимыл координациясының бұзылуы басталды, ол жиі құлайтын болды. Дәрігерлерді ең алдымен эпилепсия мазалады, қызымызда тырысқақтық жиіледі. Бізді «Ақсай» РБКА невропатология бөлімшесіне емделуге жолдады. Ол бөлімшеде БЦП диагнозының ауыр нысандарымен ауыратын балалар емделуде екен. Сол балаларға қарап, мен біздің жағдайымыз соншалықты нашар емес екенін түсіндім.

Қызылордада Жансаяның диагнозы туралы білетіндер аз еді. Біз ол жайында көп айтпадық, бірақ мойынсұнбадық та, ақпарат іздей бастадық, шүкір, Ғаламтор оған зор мүмкіндік береді. Эмилия Ивановна Леонгардтың әдісін таптық, ол саңыраулыққа шалдыққан және құлағы мүкіс балалар – қалыпты балалар санатында және тиісті көмек көрсетілетін жағдайда, әдеттегі еститін балалар секілді жетіле алады дегенге сүйенеді. Керең және құлағы мүкістік дертіне шалдыққан балалардың ата-аналары жазған, олар өздерінің тәжірибесін, табысқа жеткізген жолдарын суреттеген кітаптарды оқыдық. Скайп арқылы Леонгардтың әдісін ұстанушылармен сөйлестік. Бұл бізге сенім ұялатты. Дәрігерлердің кеңесі бойынша бірден екі құлаққа да цифрлық есту аппаратын сатып алдық.

Бірақ, қызымыздың есту қабілеті нашарлауын жалғастыра берді, бала сөйлемеді, бір жылдан соң жаңа диагноз қойылды – 3-ші-4-ші дәрежелі екіжақты нейросенсорлық құлақ мүкістігі. Болжам – есту қабілеті төмендейтін болады, қызды кереңдерге арналған мектепте оқуға дайындау керек. Бізге қызымызды кереңдердің қолмен дактильді әліппесін, ымдардың тілін оқып-үйретуге және өзіміздің де үйренуімізге кеңес берілді. Бірақ біз оны сол күйі меңгерген жоқпыз. Неліктен екені белгісіз, оның бізге керегі болмасына іштей сенім болды.

Баламызды үнемі сөйлеуге үйреткіміз келді, сонда ең болмағанда, ол өзіне не керек екенін түсіндіре алар еді. Өзімнің сәбиіммен сөйлесе алмайтыныма жаным ауырғанда, жылағым келетін, баласының анасымен араласуы сондай маңызды, есею кезеңінде оның тіпті өзінің ойларын, жан сырын менімен бөлісе алмайды-ау деп күйзелдім. Қызымыз бірден қалағанын түсіндіре алмағандықтан, бізден әлдебір нәрсе туралы сұрай алмағандықтан ғана долданып, ашынған күндер болды. Өз балаңмен «екі бөлек» тілде сөйлескен соншалықты ауыр болды!

Біз ең алдымен қызымызға көмектесе алатын жақсы маманды табу керек екенін түсіндік. Жолымыз болды. Біз Алматыда тамаша сурдопедагог Сәуле Әсембекқызымен танысқан уақытта, жүйке күйзелісіне душар болуға сәл қалған едік. Мен педагогтың есту аппараттары бар балалармен сабақ өткізген сәттерін көрдім, олар жақсы сөйлейді екен. Алдымен біз Жансаяны Алматыға жиі апарып тұрдық. Бұл өте ауыр болды. Қызымыз көліктің барлық түрлеріне шыдай алмайтын, өзін нашар сезініп, жүрегі айнитын. Қалада көбінесе кез келген ауа-райының құбылмалы сәттерінде алыс жерлерге жаяу жүруге тура келетін. Бүгінгі таңға дейін көз алдымнан кетпейді: жаңбыр жауып тұр, күйеуім Жаниды иығына отырғызып көтеріп келеді, ал мен олардың қастарында үстінен қолшатырды ашып ұстап келе жатамын. Сондықтан біз 2009 жылы Алматыға көшіп келдік. Ол кезде күйеуіміз екеуіміздің бастан кешкен күйімізді жеткізу мүмкін емес. Туған қаламызда баспанамыз бен жұмысымызды тастап, жақындарымыз бен туыстарымыздан шалғайда, жалдамалы пәтерден-пәтерге көшумен, жаңа айналаға және басқа менталитетке көндігумен болдық, бірақ бізді тек бір ғана ой алға жетеледі: қызымыз үшін бәрі садақа, тек ол білікті сурдопедагогтың сабақтарына қатысып, сөйлеп үйренсе екен.

Жансая Ұлттық ғылыми-практикалық коррекциялық педагогика орталығының жанындағы күндіз оқитын инклюзивті топқа түсті. Біздің жолымыз болды, өйткені топта қызымызбен бірге әдеттегі балалар да, кохлеарлық импланттары бар балалар да болды. Ол сөйлейтін ортада жүрді және «өздерінікінің» арасында болды.

Сәуле Әсембекқызы, менің пікірімше, өз кәсібін жетік меңгерген мамандардың бірі, бала мен оның ата-анасының психологиясын сезімталдықпен түсінеді. Бізді қызымыздың болашағына сенуге мәжбүр етті. Жүргізген сабақтарының арқасында, Жансая өзінің алғашқы сөздерін, мен үшін ең бастысы «мама» деген сөзді айтты. Қызымыз өзіне сенімді, жинақы, сергек жанға айналды, араласудан қорқуын қойды. Жани ежіктеп оқуды, жиырмаға дейін санауды үйренді және сипатты аграмматизмі бар 2-3 қиы-жиқы сөйлемдер құрастыра алатын болды. Бірақ бұл жетістіктерге қызымыз айтарлықтай қиындықпен көндікті – күндіз сурдопедагогпен, логопедпен, тәрбиешілермен белсенді сабақтар, ал кешке үйде, баланың мұрнынан жиі қан кететініне қарамастан, түнгі сағат 12-ге дейін үзіліссіз, демалыссыз және тынымсыз сабақтар. Сөздерді оқыдық, үйрендік, сөйлемдер құрастырдық, ертегілерді сахналадық. Бір сөзді, мысалы, «мысықты», жаттау үшін, біз мысықтың түрлі түстерге боялған суреттерін салдық, аппликациялар жасадық, ермек-

сазбен мүсіндер жасадық, тіпті марғау асырауға тура келді. Бір сөзді жаттауға және мағынасын түсінуге кем дегенде бір апта кететін.

Біз кохлеарлық имплантация туралы естігенбіз, бірақ Сәуле Әсембекқызы Жансаяның есту аппаратының «шыңына» жеткенін, одан әрі жетістік болмайтынын айтпағанда, ол туралы ойламадық та. Мен аталған ота туралы ақпаратты зерделей бастадым. Қызымыз енді 6 жасқа келді, ал ота жасату үшін баланың жасы маңызды рөлге ие (неғұрлым ерте болса, соғұрлым жақсы). Бізді кезекке қойды, бірақ әлі бір жыл күту керек еді, ал уақыт болса, тақап қалды.

Ірі компанияларға демеушілік көмек көрсетуді өтініп жүгіндік, бірақ одан нәтиже шықпады. Ашынғаннан, Денсаулық сақтау министрі Ж.А. Досқалиев мырзаның блогына хат жаздық. Біздің таңданысымызда шек болмады және қуанышымызға орай министрге жүгінгеннен кейін келесі күні бізге қоңырау шалып, баламызды «Ақсай» РБКА тексеруге шақырды. Жансаяны тексеріп және оның сөйлеу машықтарын анықтап, «Ақсай» РБКА сурдология бөлімшесінің меңгерушісі және ҚР штаттан тыс сурдологы Е.Г. Ғаббасова бастаған комиссия қызымызға ота жасатуға жолдама берді, Емнің жақпау мүмкіндіктері туралы ойламауға тырыстық, Алла тағалаға тапсырып, жауапкершілікті өзіме қабылдаймын деп қолхат жазып бердім.

Отаны СПБ ЛОР ҒЗИ тамаша оташы В.Е. Кузовков жасады. Денсаулық сақтау министрлігінің қызметкерлері мен Ж.А.Досқалиев мырзаға қызымыздың тағдырындағы күрт өзгеріс үшін өте разымыз. Біздің бүкіл отбасымыздың атынан біздің өмір жолымызда дер кезінде кезіккен оташы Е.В. Кузовков пен «Ақсай» РБКА ЛОР бөлімшесінің және сурдология бөлімшесінің барлық қызметкерлері мен мамандарына ерекше алғысымызды білдіргіміз келеді!

Отадан кейін бірден қызымыз есту аппаратын талап етті, ал бір айдан соң сөйлеу процессорын қосқан уақытта, ол жанжал шығарды. Әрине, бізге отадан кейін Жансая дыбыстарды басқаша еститін болады деп ескерткен еді. Дыбыстар бейтаныс болды, олар оған қорқыныш туғызды, бұрын қызымыз шүмектегі судың шуылын естімеген болатын, менің сөзімді басқаша еститін, ал отадан кейін оған мен оны келемеждегендей болып көрінді. Дәрігерлер не айтса да, отаның өзі салдарсыз өтпеді. Ол да жүйкеге байланысты, және сурдопедагогтармен қарқынды сабақтар өтудің, көп жүктеменің салдарынан болуы әбден мүмкін, бас ауырып және мұрыннан жиі қан кетуі орын алды. Ол әуелі кохлеарлық импланттың сөйлеу процессорын алып тастауды өтінді.

Ота мен сабақтарымыздың нәтижесін біз тек үш айдан соң көрдік: біз қызымыздың өз бетімен толық сөйлемді айтқанын естідік. Қандай бақыт десеңізші! Қуанғаннан мен жылап жібердім. Осыдан кейін біз оны жалпы білім беретін мектепке беруді ұйғардық.

Біз операцияның инклюзивті білім беруге қол жеткізу үшін тек алғашқы қадам екенін түсіндік. Екінші саты – ПМПК (психологиялық-медициналық-педагогикалық комиссияның) тарапынан мектепке жолдама алу. Әрі тіпті ол жолдаманы алу да біздің проблемаларымызды шешпес еді, өйткені біздің сәбиіміз «ерекше» және бұл жерде бәрі мектеп басшылығы мен ұжымының, балалар мен олардың ата-аналарының қолында. Ал ең бастысы – оқыту, бейімдеу және оңалту бағдарламасы мен әдістемесі жоқ. Мектеп директорларымен және оқу бөлімдерінің меңгерушілерімен конференциялардың бірінде мен олардың инклюзивті білім беруге қалай қарайтынын сұрадым, олардың көпшілігінің инклюзив туралы түсінігі де болмай шыққандығы қатты таңғалдырды. Бұл уақытқа қарай біз, «ашынған» ата-аналар, өз балаларымыздың проблемаларын шешу үшін бірігіп, «Дыбыс» қоғамдық бірлестігін құрған болатынбыз. Енді премьер-министрге де, білім министріне де, әкімге де, білім беру басқармасының басшыларына да, «Бота» ҚҚ басшысына да заңды тұлғаның атынан жүгінетін болдық. Журналистермен кездесіп, БАҚ беттерінде сұхбат бердік, Кохлеарлық импланттары бар балалардың проблемаларын шешу жолында бізге қолдау көрсетулерін өтіндік. Қолдау іздеп, оны мүмкіндіктері шектеулі балалардың проблемаларына басқаша қарауға болады және қажет, ал олардың ата-аналары, мұғалімдері және жалпы ересек адамдар өздерінің стереотиптерінен бас тартуға тиіс деп санайтын мамандардың арасынан таптық. Ондай мамандардың қатарында «САТР Центр» ЖШС директоры Роза Айтжанқызы Сүлейменова мен Абай атындағы ҚазҰПУ арнайы педагогика кафедрасының аға оқытушысы Әсия Каирқызы Жалмұхамедова болды.

Бірлескен орасан жұмыстың нәтижесінде білім беру басқармасының бұйрығымен Алматы қаласында инклюзивті оқыту енгізілген екі мектеп ашылды. Осы мектептердің біріне 2011 жылдың тамыз айында біз өз қызымызды алып келдік (кохлеарлық импланттары бар тағы екі балақаймен бірге). Шынымды айтсам, біз күйеуіміз екеуіміз оған ұзақ дайындалдық. Әбден мазамыз кетті. Мектепке жүрексініп бет алдық: дұрыс істедік пе, бізді қалай қарсы алады, балалар Жансаяны қалыптаспаған сөзі үшін мазақ етпей ме, есту аппараты мен қымбат тұратын сөйлеу процессорын сындырып тастамай ма, басқа балалардың

ата-аналары қалай қабылдайды, сынып жетекшісі қандай болады-деген сұрақтар мазалады, Ал ең бастысы, біздің қызымыз мемлекеттік жалпы білім беру бағдарламасын меңгере ала ма, ол сурдопедагогпен сабақтарға қосымша жалпы білім беретін оқу жүктемесіне шыдай ала ма, бұл оның психикасына әсер етпей ме, және ол қоғамға араласуды қалай қабылдайды деген сұрақтар қинады.

Мектеп директоры Екатерина Николаевна Анисимова бізді кабинетіне жылы жүзбен шақырды. Басшымен кездескен сәтте біздің қорқынышымыз біраз сейілді. Инклюзивті білім беру жүйесі, кохлеарлық импланттары бар балалармен жұмыс жүргізу оның өзі және ұжым үшін бейтаныс екенін, бірақ ата-аналармен, балалармен және ұжыммен бірлесіп табанды еңбек етсе, оңайға соқпаса да, оңды нәтижелерге қол жеткізуге болатынын айтып ағынан жарылды. Ең бастысы, балалардың өздерін жайлы сезінуі-дей отырып, инклюзивті білім беруге қосылған балаларға арналған арнайы бағдарламалардың жоқ екенін бірден ескертті. Өкінішке орай, біздің инклюзия тьютордың да – жалпы білім беруге қосылған балаға көмектесе алатын адамның жұмыс істеуін көздемейді. Бірақ мектепте логопедтік пункт ашылатындығын және кестеге сәйкес қызымызбен логопед-сурдопедагог жұмыс істейтінін айтып қуантты.

Оқу жылының басында директор мен бастауыш сыныптардың мұғалімдері кохлеарлық имплантация туралы, біздің балаларымыздың ерекшеліктері туралы материалдарды арнайы зерделегені, арнайы кеңес алу үшін маман сурдопедагогты шақырғаны жайында естіген сәтте, күйеуіміз екеуіміз қуана таң қалдық. Оқу жылы басталардың алдында мектеп әкімшілігі оқушылардың ата-аналарымен тәртіп ережелері және жаңа – «ерекше» балаларға деген көзқарас туралы түсініктемелік жиналыс өткізді. Атап айтқанда, ата-аналарға мектепте қымбат тұратын кохлеарлық аппараттардың бар екені, оларға күтіп қарау керектігі туралы түсінік берілді. Сондай тамаша балалар тәрбиелеп және оларға балалық шақтарынан бастап жанашырлық және төзімділік сезімін дарытып отырған менің қызымның сыныптастарының ата-аналары зор құрметке лайық.

1-ші-2-ші сыныптарда қызымыз мектептің жанындағы логопунктте жастығына қарамастан, білікті логопед-сурдопедагог Гүлбахрам Миталиповна Яхьяровадан қосымша сабақтар алып жүрді. Оның сынып жетекшісі Әлия Тұрсынбекқызы Малаева болды. Баланың білімін бағалаған кезде менің қызыма бәлендей жеңілдік жасамады, оны әдеттегі балалардың арасында еш жағынан бөлектемеуге тырысты.

Жансая сабаққа қуана барады және сынып тапсырмаларымен үй тапсырмаларын орындауға тырысады. Үзілістерде ол «әдеттегі» балалармен ойнайды және дәмханаға жүгіреді. Мені оның ұжымның ішінде жүргені, түрлі байқауларға, іс-шараларға белсене қатысатындығы қуантады. Қазір оның сүйікті пәндері – сурет салу және еңбек сабағы, ән сабағы, математика, ағылшын және қазақ тілдері. Өзінің барлық сыныптастары секілді, қолын көтеріп, жауап беру үшін тақтаға шығады. Дегенмен, қызым бастапқыда үнемі жылайтын. Ол балалар сөздерді ойдан шығарады деп ойлап қысылыпты. Негізгі қиыншылықтар сөз қорының осалдығы. Осыған байланысты әңгімелер құрастырғанда және қайталап айтатын кезде қиындықтар туындайды. Сондықтан оған дүниетаным сабағын, орыс тілін оқу қиынға соғады. Бұрын естімегендіктен, әрине, көп нәрселерді түсінбейді. Кейде оған суреттерді пайдаланып түсіндіруге немесе Ғаламтордан видео көрсетуге тұра келеді.

Жансаяның күнделікті режимі тығыз: 7.00-де тұру керек, 8.00-ден 13.00-ге дейін мектепте сабақ, содан кейін логопедтің сабағы, қосымша ағылшын, қазақ және орыс тілдерінің репетиторларының сабағына қатысады, Үйде үй тапсырмасын орындаймыз, оған қоса, сыныпта жаңа материалды меңгеру оңайырақ болуы үшін, мектеп бағдарламасын бір тақырыпқа алға зерделейміз. Ондай жүкке әдеттегі балалардың барлығы бірдей, тіпті ересектер де шыдай бермейді. Студенттермен жұмыс істегенде, мен барған сайын біздің балаларымыздың шынымен де «ЕРЕКШЕ» екендіктеріне көзім жетуде. Қазақша айтқанда, шүкір дейміз!

Біз отаға дейін және одан кейін екі ғұмыр кештік. Қазір біз үшінші кезеңдеміз. Мен жүкті болған кезең Мәскеуде диссертация қорғауға дайындық кезеңіне дөп келді, күйеуім екеуіміз Ломоносов атындағы ММУ ғимаратының алдында жиі қыдырдық, сонда мен біздің баламыз осында оқиды, ал біз оған қонаққа келіп тұратынымыз жайында армандадым. Бүгінгі күні Жансая тек мектепті бітіріп, жетік сөйлеп үйреніп қана қоймай, жоғарғы оқу орнына түсіп, сүйікті кәсібін меңгеруі үшін, оған жоғарғы білімді қалай қолжетімді ету туралы ойлаймын. Жани алдымен оташы болғысы келген, енді ветеринар болуды қалайды. Жануарларды жақсы көреді. Күндердің күнінде өзінің сүйікті иттерімен, мысықтарымен, көжектерімен, әтештерімен және тотықұстарымен бірге 3 қабатты сарайда тұратыны жайында армандайды.

Әрине, есейіп келеді, енді күнделікті сабақтар оны мезі қылды, кітап оқығысы келмейді, бірақ оған әсер ететін бір уәж бар: «Кітап оқымайтын болсаң, қалай ветеринар бола аласың!?»

Өкінішке қарай, осы жылдардың ауыртпалығы, жан мен тән азабы мен үшін ізсіз өтпеді. Қазір мені сирек ауру қинауда, енді қызым маған қамқор болып жүр. Мен ауыруға құқығым жоқ екенін түсінемін. Менің үлгі алатын адамым бар, ол – өзімнің қызым. Жани – қайратты бала. Жансая қазақша «тұмар» деген мағынаны білдіреді. Қызым шынымен де менің тұмарыма айналды. Израильде емделген кезімде, онда онкологиялық аурулары бар балаларды көрдім. Содан кейін біз Ғали екеуміздің қандай бақытты ата-ана екенімізді түсіндім. Менің баламның дені сау, қазір мен оған өзімді бақытқа кенеген әдеттегі бала секілді қараймын.

Баланың ауруы менің өмірдегі басымдықтарымды, құндылықтарымды өзгертті. Өзіме сүйсінетінмін, енді ше: жаспын, келешегім зор, әдемі, табыстымын! Мен, көп адамдар секілді, мүгедек балалар қолайсыз ортада туады деген стереотиптің тұтқынында болдым. Менің тамаша күйеуім, әдемі қызым бар. Менің де, күйеуімнің де біліміміз жоғары, өмір деңгейіміз жақсы, әлеуметтік мәртебеміз оңды болды. Сондықтан, мұның бәрі тап біздің отбасымызда орын алған уақытта, не үшін екенін түсінбедім. Тағдырға налу бар болды. Неліктен тура біздің баламыз?! Әлдебір сәтте мен достарыммен араласуды доғардым, тұйықтанып, өзімнің студенттеріме қатысты өте қатал, тіпті қатыгез, біртүрлі қытымыр болып кеттім. Туысқандар мен ата-анамыз менің жанжалдарым мен кері мінездеріме қарсы келмей, шыдамдылық таныта білді, килікпеуге тырысты, бір жағынан аяп, менің жанымды ауыртқылары келмеген болар. Күйеуім бәріне қалай шыдады, білмеймін?! Тіпті онымен ажырасқым келген кездер де болды.

Қазір мен отбасымызбен болғанның бәрі жаза емес, сын екенін түсінемін ал сын тек мықтылар мен таңдаулыларға беріледі. Мен Ғалиға, маған және Жансаяға Алла тағаланың берген күш пен төзімі үшін разымын.

Кейде маған Қазақстанның басқа қалаларынан ата-аналар қоңырау шалып, басқа түскен қиыншылықтарда нәтижелерге қалай жетуге болатыны, олармен қалай айналысу керектігі туралы сұрақтар қояды. Мен оларды түсінемін және тек өзіміздің өмірге деген көзқарасымызды өзгерткенде ғана қажетті нәтижеге жете алатынымызды түсіндіруге тырысамын. Біз өзіміздің сөздеріміз, қылықтарымыз, тіпті ойларымыз үшін де жауап береміз. Біздің балаларымыз үшін ең бастысы, олардың өздерін біздерге, яғни ата-аналары мен жақындарына керек деп сезінетіні емес пе!

Қалалық әкімдіктің қоғамдық кеңесінің мүшесі ретінде, мен инклюзивті білім беруді ілгерілетуге тырысамын, енді ғана имплантация жасатқан балалардың ата-аналарымен кездесемін, оларға өзіміздің тәжірибеміз туралы әңгімелеймін, оларды қолдауға, көкіректеріне үміт отын ұялатуға тырысамын. Бұрын күйеуім маған бұл қоғамдық жүктеменің не үшін керек екенін түсінбейтін. Ауырғаннан кейін маған селқостануға, мазалануға, шаршауға болмайды. Бір күні менің уақытым болмады да, мен күйеуімді өзімнің орныма баруға көндірдім. Ол ата-аналардың жанарларынан үміт отын көріп, сол отты тұтатқан өзі болғанына қуанды. Енді ондай кездесулерге өзі баратын болды. Ата-аналарға да онымен араласқан ұнайды. Қанша дегенмен, ауру балалардың проблемаларымен көбінесе аналары айналысады, сондықтан, бұл жағдайда әке көбірек сенім тұғызады.

Ол тек ата-аналармен ғана емес, сонымен қатар алматылық әріп-тестерінің тәжірибесімен танысу үшін аймақтардан келетін дәрігерлермен де кездеседі. – Осындай машақатқа толы жұмыс сізге не үшін қажет? –деп таңғала қойған сұрақтарға, күйеуім:

– Бұрын мен мұндай кездесулерге қарсы болатынымын, қызымызға көз тиеді деп қорықтым. Ал одан кейін туындаған жағдайға әйелімнің көзімен қарадым да, проблеманы тар аяда көретінімді, ал әйелімнің көру аясы – 180 градус екенін түсіндім. Ол тек біздің отбасымыздың проблемасын ғана көріп қоймайды. Біз өз балаларымыздан қандай балалар туатынын білмейміз ғой.

Күйеуім жайында бөлек айту керек. Туыстарым менің осындай момын жігітке күйеуге шыққаныма таң қалған болатын, мен жаратылысы басқа адамды таңдайды деп ойлады. Бірақ, олар енді оның сенімділігін, отбасына адалдығын және менің теріс эмоцияларыма қарсы тұрып, өз қабілет, жігерін көрсете білгенін бағалады, Қызымыздың әкесіне деген балалық махаббаты шексіз. Биыл біздің қосылғанымызға 10 жыл толды. Осы жылдарды ол ғұмырындағы ең бақытты жылдар деп есептейді. Мен болсам, егер Ғали болмағанда, басқа түскен сын сәтін шыдау қолымнан келмеген болар еді. Оның қасында мен өзімді сүйікті әйел екенімді сезіп шаттанамын, Менің отбасым – Жаратқанның бергені! Халық «Әркімге шыдай алатындай сын беріледі» дейді. Кейде мұның бәрі қашан бітер екен деп ойлаймын, ал содан кейін өз ойымнан өзім ұяламын. Ең бастысы – қол жеткен сәтке тоқтап қалмай, жақсылыққа сене білсең алынбайтын қамал жоқ. Біздің айналамызға жақсы адамдарды жібереді.

Біз «ерекше» баланың бақытты ата-анасымыз.

ЖАНЫМЫЗДА ЖАНЫ ЖАЙСАҢ, ЖАҚСЫ АДАМДАР БАРШЫЛЫҚ...

Наталья Данилова түсірген фотосурет



Кенжебай Ашурұлы және Зухра Мұхамедқызы Исаевтар Алматыда тұрады. 2004 жылдың наурыз айында олардың ұлы Әмір дүниеге келді. Оның диагнозы - БЦП. Ұлына деген сүйіспеншілігі мен терең бауырмалдығы туралы Кенжебай Ашурұлы әңгімелейді.

Мен отбасында 6 баланың ішіндегі кенжесі болдым және анама өте жақын едім, онсыз тіпті ұйықтай алмайтынмын, әрдайым оның

ұйықтатқанын күтетінмін, Қонаққа кеткен уақытта қиналатынмын. Оның ғұмырының ақырына дейін біз бір үйде тұрдық, тек есіктері бөлек болатын. Күн сайын, жұмысқа кетіп бара жатқанда және үйге қайтқанда мен оған кіретінмін немесе терезені қағатынмын: «Мама, мен кеттім! Мама, мен келдім!».

2003 жылғы 6 наурызда анам қайтыс болды, ал 2004 жылғы 26 наурызда оның туған күнінен бір күн кешігіп (анам 1919 жылғы 25 наурызда туған), Әмір туды. Мен оның дүниеге келгенін анамның жібергені, анамның еркі деп білдім. Өйткені, біздің үлкен ұлдарымыз Керім мен Әзім 26 және 25 жаста, бізде қыз бала болды, ал қыз баламыз үш айлығында шетінеп кетті де содан кейін әйелім енді бала тумайтын шешімге келді, Сондықтан, бұл жоспардағы бала емес, күтпеген қуаныш, тағдырдың сыйы болды. Ал қазір ұлымнан анамның мінезі байқалады. Ол қайратты әйел болатын. Әкем – майдангер, мейірімді және байсалды адам еді, ертерек қайтты да, анам шаңырақтың басшысы болды. Ұлым да бәріне жетекшілік етеді, қыңырлық танытпаса да, егер өзіне бір нәрсе ұнамаса, өзінің қалағанындай болғанын ұнатады. Анасын да бақылауда ұстайды, «Мама, мына көйлекті шеш, ол саған жараспайды» деуі мүмкін.

Әйелім босанудан қорықты, сондықтан мен оны демей үшін босанған кезде қасында болдым. Жүктілікті оңай көтерді, ал босануы өте ұзақ және қиын болды, ұлымызда денсаулық проблемаларының пайда болғаны да сондықтан болар. Ұлымыз дүниеге келгеннен кейін 6 айдан соң секем ала бастадық. Ол үлкен ұлдарымыз секілді жетілмеді, басын ұстай алмады. Бір дәрігерден екіншісіне жүгіре бастадық, бірақ ешкім де жарытып ештеңе айта алмады, бәрі де қалпында деп санады. Мүгедек балаларға көбірек назар аударыла бастағаны қазір ғой, ал 10 жыл бұрын бәрі де қиын болатын. Бізге сәбимен шындап айналысуға кеңес берген жалғыз дәрігер біздің учаскелік педиатрымыз, өте жас қыз болатын, аты- Бибімәриям еді. Біз жедел түрде мамандарды іздеуге кірістік. Бірақ беделді деген невропатологтардың бір қабылдауы 10-12 мың теңге тұратын. Жекеше клиниканың дәрігері доктор Ришат Асхатович Еренчинге рақмет, ол ұлымызды тексеріп, кеңестерін берді, оған көп күш жұмсау керектігін, өйткені баланың интеллекті дамымай бір орнында тұрып қалғанын айтты.

Ұлымыздың диагнозы – БЦП, спастикалық тетрапарез, гиперкеникалық нысаны.

Болжам – бәрі де жүргізілетін емдеу әдісіне байланысты, әйтеуір бір емдеу тәсілі көмектесуі мүмкін. Біз кісілердің өзімізге берген

кеңесінің бәрін байқап көрдік. Пәлендей дәрі-дәрмек іштіңдер ме? Іштік! Пәлендей дәрігерге бардыңдар ма? Бардық! Пәлендей кемпірге қаралдыңдар ма? Қаралдық! Проблемалар көп болды (спастика, гиперкинезге тап болған жандар болса, бізді түсінеді).

Ғаламторда біз Украинадағы Трускавец қаласындағы оңалту орталығы туралы ақпарат таптық та, бізді қабылдау туралы өтініп хат жаздық. Оңды жауап келді, бірақ сапарға шығардың алдында олардың клиникасында семинарда болған Алматылық бір невропатологтың координаттарын берді де, сол адамға жүгінуге кеңес берді. Өкінішті-ақ, менде ол дәрігердің аты-жөні сақталмады, бірақ, мүмкін, ол дұрыс та шығар: ол әйел біздің баланы қарау туралы өтінішімізге уақыты жоқ екенін және өзінің ешқандай кеңестер бермейтінін айтып көңілімізге қаяу түсірді.

2005 жылдың мамыр айында біз Әмірді Трускавецке алғаш рет апардық. Бізді өте жылы қарсы алды, біз проблемамызға деген мүлдем басқа көзқарасты көрдік. Ұлымызды Халықаралық қалпына келтіру емінің клиникасының бас дәрігері, профессор, медицина ғылымының докторы, мықты мануалист Владимир Ильич Козьявкиннің өзі қарады. Ол балалардың церебралдық сал ауруымен ауыратындарды оңалтудың өз жүйесін әзірлеген, оның негізінде омыртқаның коррекциясы жатыр. Профессор ұлымды қолына алып, оның көзіне қарады да: «Нәтиже болады, баланың көзі ақылды және әдемі, тек онымен айналысу керек» деді.

Трускавецке бірінші рет ұлымызды әйеліммен бірге апардық, ал екінші рет мен онымен өзім жалғыз бардым, Әмір небәрі біржарым жаста болатын. Туыстарымыз әйеліме «Сен оны неге жібересің?» деген тәрізді өкпе айта бастады. Менің достарым: «Дені сау баламен бір сағат отырсаң, әйелің келгенше тағатың таусылады, ал сен онымен 2 апта бірге боласың ...» деп таңданды, Мен ештеңеге де назар аудармадым, менің ойымды тек ұлыма көмектесуге деген тұжырым биледі.

Трускавецтегі дәрігерлер бізге жігер беріп, қолдауда болды. Әрине, ем көптеген қаржыны талап етеді. Бірақ, туыстарымызға, достарымызға, бізге көмек көрсеткен барлық демеушілерге алғысымыз шексіз. Екінші рет барған уақытымда ұлым отыратын болды. Ал жүруді тек 4 жасында бастады. Бұл сондай қуанышты сәт еді! Менің немерем бірден асқан, ол енді жүгіріп жүр, бұл әрине, табиғи нәрсе. Ал Әмірдің әрбір қадамы, қимылы – оның және біздің жеңісіміз! Дені сау балалардың ата-аналарына мұны түсіну қиын. Егер жетілуінде шекте-

улер жоқ бала кенеттен вирус тигізіп, бір апта ауырса – бүкіл отбасы үшін проблема, ал мұнда бала жылына 365 күн ауырады.

2013 жылы Трускавецте емделудің ақысын төлеуге Ерікті Мейірбандық Қоғамы (ЕМҚ) көмектесті. Ем өте шипалы болды, Әміржан өзін жақсы сезіне бастады, оңды нәтижелер пайда болды. Негізі, мен ЕМҚ арадағы ынтымақтастығымыздың жалғасып келе жатқанына үшінші жыл болғанын, және онда тамаша адамдар жұмыс істейтінін айтқым келеді. Онда да әркімнің дерлік өмірінде балаға байланысты әлдебір оқиғалар орын алған. Биылғы жылы Әмір екі рет ЕМҚ Алматы мен Астанада ұйымдастырылған концерттерге қатысты, ол екі ұжымның құрамында би биледі. Мен баланы әлдебір қызықты іс-шараларға көбірек араластыруға тырысамын. Ал оның аяқ алысы жаман емес.

2007 жылы біздің округта қалалық мәслихатқа сайлау өтті. Сол жылы ұйғыр диаспорасының ақсақалдары мені біздің ауданның басы етіп сайлады. Депутаттыққа кандидат ғалым Садыбеков мені аудан адамдарының өмірін жақсартуға бағытталған өз бағдарламасымен таныстырды. Бұрын депутаттыққа кандидаттарды жоғарыдан тағайындайтын, біз оларды тіпті көрмейтінбіз де. Ал қазір кандидаттың өзі бізге келді. Бұл біз үшін абырой және оның тарапынан құрмет болды. Жұмыстың барысында біз онымен етене жақындасып кеттік, ол Әмірмен танысты да, өзінің көмегін ұсынды. Біраз уақыттан соң клиникаға ұлымызды емдеуге ақша аударды. Біздің отбасымыз оған шексіз разы.

2012 жылдың желтоқсан айында біз мүгедек балаларға арналған қайырымдылық концерт өткіздік және ғалым Садыбеков оңалту орталығының құрылысына 1 миллион теңге сыйлады.

Үйдегі өміріміз арнайы кесте бойынша өтеді. Таңертең тұру, жаттығу, тренажерлер, суық сумен шайыну, ЛФК, бассейн, велосипед, швед қабырғасы. Жаңа үйде ұлым үшін арнайы тренажерлерге арналған бөлме жабдықтаймын. Оның үстіне ауладағы дене тәрбиесі – сыпырамыз, суарамыз. Мен оны еркелетпеймін, қайта онымен шындап әрі қатаң айналысамын. Үнемі оның дербес болуы керек екенін түсіндіремін. Мен мәңгі болмаймын, өмірден кететін күн де келеді, сонда оған бәрін де өзі атқаруы керек болады. Мен болашақта ол өзін қоғамда еркін ұстай алғанын, өзін кем сезінбегенін және, бірінші кезекте, адамдарға көмектесіп, жақсылық жасағанын қалаймын. Ал жақсылық ешқашанда елеусіз қалмайды. Қытайдың мынадай мәтелі бар: «Жақсылық жаса да, оны суға лақтыр, күндердің күнінде ол саған қайтып келеді».

2007 жылға дейін баламен әйелім отырды, содан кейін әйелімнің жұмысқа шығуына байланысты күтуші қабылдадық. Бір күні маған

менің досым Рахымжан келді – ол біздің молдамыз – және біздің күтушіміздің Әмірмен серуендеп жүргенін, сонымен қатар темекі тартып, бір жігітпен сөйлесіп тұрғанын көргенін айтты. «Егер ұлыңды дұрыс өсіргің келсе, күтушінің керегі жоқ» – деген ақыл айтты ол. Күтушіні жұмыстан босаттық.

Мен өткерген жылдарым бойынша зейнетке шығуды ұйғардым. ИМ жүйесінде жұмыс істедім, қырық жасымда полковник болдым, мансап жолым өте сәтті қалыптасты, басшылық мені жібергісі келмеді. Бірақ мен жұмыс пен баланың арасын таразылай алмадым, бір жаққа апару керек болған әр кез сайын сұрануға тұра келетін, оның үстіне менің бар ойым балам жайында болды, жұмыс жүрмеді. Достарым менің шешімімді қолдады, ерте ме, кеш пе, бәрібір саған жұмыстан кетуге тұра келеді, ал сенің ұлың төсекте жатады да, бір күні сұрайды: «Папа, сен неге мен жүре алатындай халге жеткізбедің?» деп. Әмір тумай тұрып, мен зейнетке шыққанда немен шұғылданытынымды ойлайтынмын. Міне, Жаратқан маған шаруа берді.

Үш жасқа дейін біз Әмірмен ешқайда бармадық. Бір күні маған екі жақын досым – Руслан Ниязов пен Аркен Халилов (олар да зейнеткер полковниктер) келді де, былай деді: «Сен бұлай жынданасың, ұлыңды ал, жүр кеттік». Бүгінгі күні Әмір менің барлық достарыммен араласады, бәрінің аттарын біледі, олардың балаларымен ойнайды, олар оны жақсы көреді, қолдайды және тамаша түсінеді. Мен Әмірді достарымның үйлерінде қорықпай қалдыра аламын, олардың арасында өзін жақсы сезінеді. Достарымның арасында тек әріптестерім ғана емес, сонымен қатар өнер адамдары да бар, олар ұлыммен хореографиямен (Тахир Баратов) және вокалмен (Сахердин Юсупов) кәсіби түрде айналысады, мен оларға бұл үшін өте разымын.

Ұлыммен барлық жерге барамын, мен оны мақтан тұтамын, онымен бірге кісілердің ортасында жүргенде қысылмаймын. Ал туыстарымыз артқа шегінді, бірдеңеден қорықты. Материалдық жағынан олар көмектесті, бірақ моральдық, эмоционалдық қолдау болмады. Қаншама рет оларды Әмір өнер көрсететін концерттерге шақырдым, ұлымды демеулерін сұрадым, олар келмейді: «Әй, жарайды», – деген жауап аламын. Достарым отбасыларымен бірге келеді, қол соғып, гүлдер сыйлайды. Әйелімнің сіңлісі бір рет зайыбымен бірге Әмірді Қытайға апаруға келісті. Олар қонақ үйде бір бөлмеде тұрды. Үш күннен кейін сіңлісі үйге қайтып келді. Өйткені бұл өте қиын. Сен өз өзіңе ие болмайсың. Сен – оның қолы мен аяғысың. Сіңлісі бұл сынға шыдай алмады.

Әмірге ересек адамның үнемі көңіл бөлгені қажет. Біз онымен Тру-

скавецте болған уақытта, ол үнемі өзіне кітап оқып беруді өтінді. Тіпті түнде оянып алады: «Папа, кітап оқып берші». Ал менің көзім ұйқыдан ашылмайды, Мен біраз оқимын да «Тоқтай тұр, мен әжетханаға барып келейін» деймін де өзім онда ұйықтап қаламын. Мені қайта шақырады, мен оянып, оған қазір келемін деймін де, оның ұйықтап қалғанын күтемін.

Үш жыл бұрын біз Астанада оңалту орталығында болдық. Онда балалармен негізінен шешелері жатады. Бәрінің өңдері мұңлы, көңіл-күйлері төмен. Мен бас дәрігерден кешке асханада жиналуға рұқсат сұрадым. Келісті. Менің шақырғаным 10-12 ана келді. Балаларды ұйқыға жатқызғаннан кейін, дастарқан жайып, түнгі сағат 2-ге дейін кеңестік. Мен оларға Әмір туралы, онымен қалай өмір сүріп жатқанымыз туралы әңгімеледім. Олар маған: «Ауру бала – проблема» дейді. Мен оларға: «Ол проблема емес. Менің балам – қандай болса да, менің балам ...» деймін. Аналардың әрқайсысының өзінің ішіндегі бар сырымен бөлісуін, ақтаруын, көз жасын төгуін өтіндім. Білесіз бе, әңгіме өте жігер беретіндей болып шықты. Аналардың әрқайсысы өз күйеулеріне, дәрігерлерге, енелеріне, аналарына, туыстарына деген ойындағысының бәрін айтты. Бірақ бәрі де шын жүректен болды және олар осыдан кейін шынымен де жеңілденіп қалды және бәрі бірдей маған жемісті өткен кеш үшін алғыстарын айтты. Осы отырыстан кейін олар біраз сергіп қалды, күле бастады.

Айтпақшы, Трускавецте де 200 бала мен ата-ананың ішінде әкелер тек екеу ғана (менен басқа енді біреуі Мәскеуден), қалғаны аналар, әжелер. Менен жанашырлықпен сұрайды:

– Не, әйеліңіз кетіп қалды ма?

– Жоқ, – деймін, – ол ақша табуда.

Рас, соңғы кезде әкелер жиірек кездесетін болды. Бұл жақсы. Әйелдер клиникаларда көп әбігерленеді, процедураларға асығады, баланы көтеріп алып жүгіреді, ал біз Әмір екеуіміз бәрін де асықпай жасаймыз. Олар біздің әрдайым ұқыпты киінгенімізге, асықпайтынмызға және бәріне үлгеретінімізге таңғалады, оларды бәрінен көп таңдандыратыны, екеуіміздің үнемі әлдене жайында әңгімелесетініміз. «Енді ше, – деймін. – Біз екеуіміз доспыз ғой».

Әмірді мәжбүрлеу мүмкін емес, онымен келісуге болады. Екі жасында мен оны горшокқа үйреттім, оған дейін памперспен жүретін. Мен одан «Саған памперспен жүрген жақсы ма?», - деп сұрадым. «Жоқ», - дейді. «Онда келісейік, біз памперсті шешеміз, ал әжетханаға барғың келгенде, мені шақырасың». Әрине, оның үлгермеген кездері

болды, бірақ мен оған ұрыспайтынмын, жуындырамын, киімін ауыстырамын, содан ол біртіндеп үйренді. Қазір ол бәрін өзі істей алады, бірақ үйреншікті әдетімен ылғи мені шақырады. «Сен, менің құйрығымды бәрінен жақсы жуасың» -дейді,

Ерте сөйлей бастады. Онымен әңгімелескен қызық. Өте жұғымды, сүйкімді. Ол адамдарды магнит секілді тартады, барлық жерде – ұшақта, поезда, күту залында – өзіне әңгімелесетін адамдарды тауып алады ... Қасына барып: «Сәлеметсіз бе, менің атым Әмір. Ал сіздің атыңыз кім? Біз не туралы әңгімелесеміз? Не ойнаймыз?» деп сұрады, Ол ойынды ойлап таба алады немесе әңгіменің тақырыбын ұсына алады және ересек адам секілді пайымдайды. Киевке дейін бес сағат ұшу керек, ол ұшақты аралап, әңгіме соғады. Бір рет поезда ол бір жігітпен футбол туралы әңгімеге кірісіп кетті. Әмір оны керемет жақсы көреді. Жігіттің әйелі күйеуінің назарын әңгімеден бөле алмады: «Тоқтай тұршы, онымен әңгімелескен сондай қызық!». Әмір барлық командаларды, ойыншыларды біледі, ылғи да менен өзіне футбол рәміздемесі бар жейделер сатып әперуімді сұрайды.

Қазір Әмір арнайы интернатта оқиды. Өзінің 3-ші сыныбындағы ең мықты оқушылардың бірі. Оны ол жерде жақсы көреді, тек жақсы оқумен ғана шектелмейді, қыңырлық көрсетпейді, педагогтар мен қызметкерлерге қиындық туғызбайды, оны жалпы білім беретін ұйғыр мектебіне бергіміз келді. Бірақ менің досым, мектеп директоры: «Балалар өте қатыгез, жәбірлеуі мүмкін»- деп райымыздан қайтарды. Алайда ол бәрібір мектепке барып тұрады, онда шахмат клубына қатысады. Қазір ұйғыр тілін үйренгісі келеді: «Папа, сен достарыңмен ұйғырша сөйлескен кезде, мен бәрін түсіне бермеймін», - дейді. Қазақша біледі, ағылшынша үйреніп жүр, Қытайға барған уақытында қытайша, Украинада – украинша үйренді.

Кейде бір нәрсе оның қолынан келмейтін сәттер болады. Мысалы, қолдың треморының салдарынан ол нашар жазады. Соның кесірінен жылайды: «Неге мен бәрі сияқты емеспін?», - деп сұрайды. Оған мұның бәрі сенде уақытша ғана және бәрі де өз қолыңда. Ыждаһатпен шұғылдансаң, мұның бәрі өтіп кетеді. Бір рет мен Владимир Ильич Козявкиннен жазу туралы сұрадым. Ол онда тұрған қорқынышты ештеңе жоқ, өзі де көптен бері ештеңе жазбайтынын, тіпті қол қою үшін де клише барын айтып жауап берді. Біздің өмірімізде бәрін де компьютер жасайды, ал ұлым компьютерді жақсы біледі.

Әмір кітап оқығанды жақсы көреді, әр кез кітап дүкенінде ол бір бума кітап таңдайды, рас, жартысын қалдыруға тура келеді, өйткені

олар арзан тұрмайды. Ал достарым оған не сыйлау керек екенін біледі. Дәрігер болуды армандайды. Әрине, дейді, менің мына қолдарыммен оташы бола алмаймын, бірақ невропатолог бола аламын ғой, кеңестер беремін. Мен ол дегеніне жетеді деп ойлаймын. Онда мақсатқа ден қою, табандылық бар.

Бір күні бізбен көрші тұратын өзінің сыныптасы Никитаның атасынан өзінің өмірі туралы әңгімелеп беруді өтінді. Ақсақал өте таңғалды және риза болды. Туған немересі оның өмірі қалай өткенін сұрамайды, ал бөтен баланы бұл қызықтырады! Ұзақ әңгімелеу керек болады деді.

– Ештеңе етпейді. Мен тыңдай білемін, – деп сендірді оны Әмір.

Адамға құлақ сала және ести білу – дәрігер үшін керек қасиет. Ал менің ұлым оның үстіне адамға жақындай біледі. Жақында жаназада болдық, ол шаршады да, көтерші деді. Менің белім ауырып тұр, Әбдірашид ағаға айт, қарашы ол қандай үлкен және күшті. Ұлым оның қасына келіп:

– Осы жерде ең үлкен және күшті сіз екені рас па?

– Иә. Не болды?

– Мені көтеріңізші.

Әбдірашид оны құшақтап, көтерді. Онсыз да көтерер еді, бірақ бала жай өтінбеді, қайта оның шашбауын көтерді.

Мен ұйғыр диаспорасына басшылық ететінімді айтқанмын. Жұмысымыздың бағыттарының бірі мүгедек балаларға көмек болды. Ал одан кейін біз достарымызбен бірге мүгедек балаларға көмек көрсететін қоғамдық қор құрып, оны «Әмір» деп атадық. Мен Әмірге көмектесе алған екенмін, онда басқаларына да көмектесе аламын деп ойлады. Біз барлық балаларға көмектесеміз. Ауру балаларда ұлт болмайды, олардың барлығы тең. Өкінішке қарай, жыл санап ауру балалардың саны өсіп келеді. БЦП жүйелі емдеуді қажет етеді, балалармен үнемі жұмыс істеу керек. Ол үшін балалар мен ата-аналар кәсіби көмек ала алатын оңалту орталықтары керек. Біз Алматы облысының Ұйғыр ауданының әкіміне сондай орталық үшін жер бөлу туралы өтінішпен жүгіндік. Әкімдіктен бірден қолдау таба қоймадық, әкімдік оның неге керек екенін түсіне алмады. Түсіндіруге, дәлелдеуге тура келді. Қорытындысында аудан орталығы Шонжа ауылында бүгінгі таңда 27 жүздік жер бөлінді. Ол аймақты таңдаған себебіміз, ол өңірде мүгедек балалар қаладағыдан кем емес, оның үстіне экологиясы да жақсырақ. Көп ұзамай қазаншұңқыр қазуды бастаймыз. Біздің кезімізде біреулер мешіт, шіркеу, мектептер салады, ал біз сон-

дай орталық салуды ұйғардық. Біздің досымыз орталықтың құрылысын салуға көмектесетін демеушілерді тапты.

Менің үлкен ұлым Керімнің өзінің тренингілік компаниясы бар. Ол тұлғалық өсу тренингілерін өткізеді, олардан кейін адамдардың құндылықтар ұстанымы өзгеріп, көздері ашылады. Көбісі біздің қорға еріктілер ретінде келеді. Олар өз қамқорлығына бір баланы алады да, оған нақты бір проблеманы шешуге (мысалы, мүгедектер арбашасын сатып алуға немесе емделуге баруға) көмектеседі, онымен, оның отбасымен араласады, демеушілер іздейді.

Ең бастысы не? Баланы оның қаз қалпында қабылдау керек, онымен өзіңді тең ұстап, шын сүйюің керек. Сүйіспеншілік, табандылық, шыдамдылық. Жүйке, әрине, жұқарады. Бірақ нәтижені көргенде рақатқа бөленесің.

Айналаңдағылар үлкен рөл атқарады. Біздің айналамызда әрдайым жақсы адамдар болады. Бір рет ұшақта бір бойжеткен «Әкеліңіз, оны мен ұстай тұрайын, сіз шаршаған шығарсыз», - деді. Оны барлығы да – мамасы да, ағалары да, менің достарым да – жақсы көреді және әлпештейді, ол біздің сүйіспеншілігімізді сезеді.

Екеуіміз бір бірімізге өте бауыр басқанбыз. Кейде маған оны менің өзім туған секілді көрінеді. Бір рет әйелім ұлымнан «Сен мені ең болмағанда 25% жақсы көресің бе?», - деп сұрады.

– Мен сені 30%-ға, ал папамды 70%-ға жақсы көремін.

Әмір балағаттамайды. Өзі тұрғанда былапыт сөз айтқанды жек көреді. Ол үшін мен темекі де шекпеймін, шарап та ішпеймін, достарыма ұлым рұқсат етпейді деп түсіндіремін.

Өткен жылғы 29 желтоқсанда ұлым екеуіміз зәулім әдемі коттеждердің қасынан өтіп бара жаттық. Ол «Қашан біздің жаңа үйіміз болады?», - деп сұрады, «Асықпа, бір кездері болады». Бір жарым сағаттан соң досым қоңырау шалды: «Тез жет, үйің өртеніп жатыр». Қалжың ба деп ойлады, бірақ одан кейін тағы бір адам қоңырау шалды. Есеңгірегенім басылғаннан кейін мен Әмірге: «Жаратқан сенің айтқаныңды естіді. Ол бізді сүйеді. Жаңа үй саламыз»-дедім. Суық түскенге дейін үлгеру керек, сондықтан биылғы көктемде біз Трускавецке бармадық, бірақ күзде міндетті түрде барамыз.

КӨРУ ҮШІН МЫҚТЫ СЕНІМ КЕРЕК

Данила Конищев түсірген фотосурет



Ардан Бауыржанұлы Баймұрзин мен Мәдина Жетпісқызы Кәрімова – екі ерекше ұлдың - Әлімжан мен Дәулеттің ата-анасы. Олар Астанада тұрады. Өзінің отбасы жайында Мәдина Жетпісқызы әңгімелейді.

Біз Ардан екеуміз Қарағандыда туып өстік, мұнда Мемлекеттік университетке оқуға түсіп, сонда таныстық. Болашаққа деген көп үмітпен және жоспарлармен отбасын құрдық. Ол кезде тағдырдың бізге қандай күрделі әрі күтпеген сын дайындағанын білген жоқпыз.

Бүгін көп нәрсе енді артта қалды, Астанада тұрамыз және жұмыс істейміз, Ардан – заң компаниясының басшысы, мен онда бухгалтериямен айналысамын, ал оның үстіне, біз екі ұлымыздың – балалардың көпшілігінен көп жағынан ерекше, бірақ олардан кем емес қуанышпен бақыт әкелетін Әлімжан мен Дәулеттің сүюші ата-анасымыз. Отбасымыздың тарихы көптеген ата-анаға біздің балаларымыз – мүмкіндіктері төмен емес, қажеттіліктері жоғары балалар екенін және біздің міндетіміз ол қажеттіліктерді түсіне білу және балаларға оларды іске асыру жолдарын ұсыну екенін ұғуға көмектессе деймін.

Біздің үлкен ұлымыз Әлімжан 2001 жылы Қарағандыда туды. Босану қалыпты өтті, бірақ сәби дүниеге әлсіз болып келді, нашар емді

(тамақтануды), ұйқымен проблемалар болды. Невропатологқа қаралғаннан кейін ұлымызды перинаталдық энцефалопатия диагнозымен есепке алды. Бұған қатысты күйініш болды, бірақ диагноздың өзі сирек емес және коррекцияға жатады. Біз сол кезде солай деп ойладық. Әлімжан өсіп, жетіліп келе жатты, қатарластарынан сәл қалыңқырады, бірақ сәби үшін қажетті «бағдарлама минимумды» орындайтын.

Бір жыл үш ай өткен соң, 2002 жылы, біздің кенже ұлымыз – Дәулет туды. Астананың невропатологтары сәбиді қараған кезде жетілуінде елеусіз кідіріске назар аударды, бірақ, жалпы алғанда, ұлымыз медициналық нормалардың шеңберінен тыс шықпайды деп сендірді.

«Қорқатын ештеңе жоқ», – бұл сөздерді біз бірнеше ауыздан талай рет естідік, бұл сөздерге сенгіміз келді және мазалайтын ойларды құуға тырыстық. Өкінішке қарай, ол сеніміміз қате болып шықты.

Жетілуде кейін қалуды елемеуге енді болмайтын сәтте, біз Қарағандыдағы дәрігерлерге қаралдық та, хромосомдық талдамаға жолдама алдық, ол екі ұлымыздың да игрек-хромосомасының ұлғайғанын көрсетті. Одан кейін генетиктің қорытындысы берілді – Коффин-Лоури синдромы. Бұл синдромның арнайы емі күні бүгінге дейін жоқ.

2005 жылы, Әлімжан 4 жасқа толған уақытта, генетикте кезекті тексерілу кезінде алдында қойылған диагнозды алып тастап тағы бір диагнозды – өте сирек кездесетін Барейтор-Уинтер-Реймер синдромын анықтады. Тіпті Ғаламторда да ол жайында ештеңе жоқ деуге болады, біз тек ағылшын тіліндегі ақпаратты таптық. Ем ретінде дәрігерлер глицирин ұсынды, бұл орайда былай деп түсіндірді: «Ең бастысы – баланы дамыту».

Осылайша, біз естіп көрмеген және емі жоқ аурулармен бетпе-бет жалғыз қалғандай болдық. Менің Экономика министрлігіндегі жұмысым жайына қалды, мен балаларымның қасында болуым керектігін түсіндім, ал күйеуім менің бұл шешімімді қолдады.

Кішкентай балалардың ата-аналарына оқудың уақыты жеткен кезде әрқашанда зор шыдам қажет. Бұл ерекше балалардың әке-шешесі үшін екі есе қиын. Біз алдымен ұлдарымызбен сөйлеуді, анық дыбыстар айтуды үйрендік. Бұл сатыда, сондай-ақ одан кейінгілерінде де, маған менің тәтем көп көмектесті, ол ақпаратты, мамандарды іздеді, сабақтарға арналған карталарды дайындады.

Ромена Теодоровна Августованың «Сөйле! Сен сөйлей аласың» деген кітабы мен үшін өте пайдалы болып шықты, онда әсіресе күр-

делі «үмітсіз» жағдайларда баланың сөйлеуін қалай дамытуға және оқып үйретуге болатыны туралы айтылады. Осы кітаппен жұмыс істеген кезімде, жоғарғы нәтижелерге жету үшін, мен автормен телефон арқылы сөйлестім және оған көмегі үшін шексіз ризамын.

Біз жаппай оқу әдістемесін байқап көрдік, логопед пен дефектологтың сабақтарына бардық. Тап осы уақытта біз күйеуіміз екеуміз алғаш рет «күн кестесі» дегеннің не екенін шындап түсіндік. Біздің ұлдармен күн кестеміз расында өте тығыз, ал сол уақыттағы жеке ұраным – «Бір де бір күн сабақсыз өтпейді!» болды.

Даму үшін табанды жұмысқа балалардың қатарластарымен араласуы да кіреді, сондықтан, үлкен ұлымыз Әлімжанды балабақшаға жіберу туралы шешім қабылданды. Әдеттегі балабақшаға барып көруге сәтсіз талпыныстан кейін, Әлімжан балалармен дефектолог жұмыс істейтін арнайы топқа түсті. Бұл балабақшаға біраз уақыт өткен соң кенже ұлымыз Дәулет те келді.

Қазір ұлдардың екеуі де арнайы мектепте оқиды. Біз үйде оқуға ауыстыру мен мектеп партасына оралудың күрделі процедураларының тізбегінен өттік. Жүріс-тұрыс проблемаларына байланысты мұғалімдермен және есші қызметшілермен оңайға түспеген қатынастар кейде түңілдірді, бірақ балалардың академиялық білім алуын жалғастыруына бар күшімізді салуға берік шешім мені ең басынан бастап қайта жалғастыруға сан рет мәжбүрледі.

Дәулеттің ағасынан гөрі зерек және елгезек болғанына қарамастан, оның оқуы көп мазасыздық келтірді. Мектепте жақсы тәртіп үшін екі жыл күрестен кейін, сәті түскеннің арқасында, Дәулет педагог Монтессоридің оқыту әдісін меңгерген эксперименталды сыныпқа түсті. Біздің аяулы Зәуреш Маратқызы Дәулетпен тіл табысып, ұлымның сыныпта орнығуы үшін қолдан келгеннің бәрін жасады, мен жыл бойы сақтық үшін холда отырдым. Даулет егер өзінің тәртібі мен сезімдерін билей алмаса, біз бірден үйге қайтатынымызды білетін. Біз екеуміздің бірлескен жұмысымыз сондай болды.

Ұлдарым мектепке бой үйреткен және біз біраз тыныстаған уақытта, біздің әр күніміздің бүге-шігесіне дейін көзделгені және онда кездейсоқтыққа орын жоқ екені байқалды. Әдеттен тыс дамитын балалардың ата-аналары көбінесе оларды босатуға қорқады, мен қолданған шаралардай олар үшін өмірді ойдан жасайды. Осыны ұққаннан және дербестікті, төзімділікті және өзіне деген сенімділікті тәрбиелеудің маңызы академиялық дамытудан кем түспейтінін түсінгеннен кейін, біз бұл бағытта аздаған қадамдар жасай бастадық.

Кей кездері мүлдем қарапайым нәрселер тығырыққа тірейтін, бірақ сәтсіздік – ол да нәтиже. Бүгін енді олардың әрқайсысына былай дей аламын: «Далада ауа райы, жел. Не киетініңді таңда».

Даму үшін жаңа мүмкіндіктерді іздеп жүріп, біз «Мұхит-арт» арт-терапия орталығы бар екенін білдік. Бұл орталықта, әдеттегі балаларға арналған топтармен қатар, ерекше балаларға арналған топ та бар, біз соған бардық. Балалармен кәсіпқой психологтар, суретшілер, хореографтар, музыканттар, тіпті театр режиссерлері жұмыс істейді.

Балалардың тобы бір бірінен диагноздарымен және проблемаларымен ерекшеленетініне және жас шамалары әр түрлі екеніне қарамастан, орталықтың қызметкерлері олардың әрқайсысына жол табады. Менің ойымша, табыстың сыры қарым-қатынастардан баланы шектеулікте емес, оның мүмкіндіктерінің негізінде құрылатынында. Әлімжан мен Дәулет осы орталыққа барып жүрген уақыттың ішінде оларда тамаша өзгерістер болды: олар тынышырақ, шыдамдырақ болды, сабақтарға деген әуестік пайда болды.

Бір таңғаларлығы, «Мұхит-арт» арт-терапия орталығына барғандарының арқасында, тек балалар ғана емес, сонымен қатар ата-аналар да өзгереді. Біз бір бірімізбен қызу араласамыз, өз проблемаларымыз бен уайымдарымызда жалғыз еместігімізді бұрын-соңды болмағандай айқын көреміз, оларды шешу жолдарын бірлесіп табамыз.

Менің өмірімде балалармен көшеде қыдыру қиынға соғатын, таңғалған және мүсіркеген назарларды көрген, ту сыртыңнан әңгімелерді естіген жағымсыз болған кезең болды. «Мұхит-арт» маған оны еңсеруге көмектесті және қазір мен өз ұлдарымды кез келген қоғамдық орындарға жайбарақат апара аламын, олар оған, әрине, өте қуанышты.

Қалыптасқан жағдаяттан қашып құтыла алмайсың және оны өзгерте алмайсың – бұл өмір, бірақ уақыт өте келе ондай жағдайда өзің өзгеруге талпынып көруге болатынын түсіну керек. Алдымен мен екінші білім алып, өз балаларымды жақсырақ түсіну және оларға кез келген жасында қалай көмектесуді білу үшін психолог болуды ұйғардым. Сонымен қатар, психологиялық білім алу осындай проблемаға тап болған ата-аналарға кәсіби түрде көмектесуге мүмкіндік береді.

Келесі қадам «Мұхит-арт» арт-терапия орталығында ерекше балалардың ата-аналарына арналған клуб ұйымдастыру болды. Клубтың мақсаты – өз балалары үшін қайғыратын ата-аналарды эмоционалдық нормаға келтіру, оларды өз балаларын қаз қалпында қабылдау-

ды үйрету. Мен бұл жолды өзім де жүріп өттім және әке-шешелердің қандай күйзеліске ұшырайтынын білемін.

Біз жағдаятты бірлесіп жіктеуге және бір бірімізді қарапайым ақиқатқа үйретуге талпынамыз, ол: ең бастысы – өз балаңа сену. Көп ата-аналар, тіпті ең мұқият және сүюші ата-аналар, расын айтқанда, басым дәрежеде тап солар, күнделікті күйбеңге, тұрмыстық ұсақ-түйекке тежеліп қалады да, кейде ата-аналар мен балалардың қарым-қатынастарына ықпал ететін өте маңызды нәрселерді байқамай қалады. Ондай сәттерде оларға біреудің түрткі болуы, ең бастысына назарларын аударуы керек. «Мұхит-арт» арт-терапия орталығындағы біздің кездесулер осыған көмектеседі.

Әлімжанға да, Дәулетке де «Мұхит-арт» арт-терапия орталығына бару өте ұнайтындықтан, біз оған баруымызды жалғастырудамыз және балаларымның сурет салатыны, билейтіні, театр қойылымдарына қатысатыны мені қуантады.

Әрине, Әлімжанмен және Дәулетпен уақыттың басым бөлігін мен өткіземін. Бұл біздің отбасының ерекшелігі болып табылмайды, бұл қалыпты нәрсе, өйткені Ардан, отағасылардың көпшілігі секілді, өз уақытының айтарлықтай бөлігін жұмыста өткізеді. Осы себептен оған ұлдарымызға өз бетімен ие болу кейде қиынға соқты және көмекке күтуші келетін. Уақыт өте келе ол Әлімжан мен Дәулетті жақсырақ түсініп үйренді және ұлдармен қарым-қатынастар басқа болды. Демалыста Ардан балаларды суға жүзуге үйретеді және олармен экскурсияларға барады, ал жай күндері ұлдар папасы компьютер ойындарын ойнаған кезде, ол үшін жанкүйер болды. Біздің папамыз бұрынғысынша балалар аулада өз беттерімен қыдырған уақытта өте мазасызданады, бірақ шектен тыс қаморлықтың мұндай көрінісін жеңуге біртіндеп үйреніп келеді. Міне, біздің отбасымыздағы толассыз оқу үдерісі осындай.

Психологиялық талдаудың түрлі әдістемелерін пайдалану да, басқа ата-аналардың тәжірибесін зерделеу де күйіну және күйзелу бастан асатын ашыну сәттерінен құтқармайды. Көбінесе бұл балаларда әлдебір нәрсенің сәті келмейтін уақытта, мен олардың енді меңгерген өз машықтарын пайдалануға тырыспайтынын көрген уақытта, балалардың денсаулығымен қосымша проблемалар орын алған уақыт та болады. Ондай жағдайларда сәл тынығып, «тынысты ішке терең тартып, толық шығару» және талай өткен жолдармен тағы да алға тарту керек.

Барлық аналар секілді, мен балалардың толыққанды өмірі, сан алуан әуестіктері болғанын өте қалаймын. Біз бірге спорттың қилы

түрлерін байқап көреміз: роликпен, конькимен, тау шаңғысымен сырғанаймыз, Еспелі арнаның бойымен жүгіреміз.

Біздің бүкіл отбасымыз «Барыс» хоккей клубының белсенді жанкүйеріне айналды. Біз бұл клубтың Астанадағы барлық ойындарына баруға тырысамыз, ондайда Әлімжан мен Дәулет бөкебайларын бұлғап, тарсылдақтар атып, сүйікті командасы үшін жандары қалмай жанкүйер болады.

Хоккей ойындарын көргеннің арқасында болар, ұлдарда конькиге деген әуестік пайда болды. Осы талпынысты қолдау үшін, біз «Алау» Мұз сарайына жиі барып тұрамыз. Менің бір жағымды естелігім, мектебіміздің дене тәрбиесінің мұғалімі ұлдарымыздың конькимен сырғанап жүргенін көріп өте таңғалды: «Мұздың үстінде сендер еденнің үстіндегіден әлдеқайда жақсы көрінесіңдер». Ол топ жинап жатқан «Алаудың» жаттықтырушысына қоңырау шалды, бірақ, өкінішке қарай, менің ұлдарымды қабылдамады, басшылық диагноздан қорықты. Алайда, біз түңілмейміз, мен бізбен айналыса алатын жаттықтырушы табамыз деп үміттенемін.

Ермек пен спорттан басқа, Әлімжан мен Дәулеттің үй міндеттерінің белгілі бір тізбесі бар – балалар шаңды сүртеді, раковиналарды, айналарды жуады, қоқысты шығарады, шаңсорғышпен жинайды, жақын жердегі дүкенге жүгіреді. Оған қоса, олар шұлықтарын жуа алады және жейделері мен бет орамалдарын үтіктейді.

Кенжеміз Дәулет аспаздық өнерге өте қызығады. Қазір мен оған рецепт беремін, ал ол барлық қажетті ингредиенттерді өзі табады және алады, қамыр илейді. Ал Әлімжан ас дайындаудың барысын бақылағанды көбірек ұнатады. Міне осындай шағын ғана күнделікті нәрселер өз балаң үшін қуаныш пен мақтаныштың көзі бола алады.

Биыл Дәулет 4-ші сыныпты, ал Әлімжан – 6-шы сыныпты бітірді, арнайы мектепте олар 9-шы сыныпқа дейін қоса оқитын болады. Мен ол уақытқа қарай олар үшін әлдебір жаңа мүмкіндіктер пайда болар деп өте үміттенемін, өмір бір орында тұрмайды емес пе.

Біздің бүгінгі ұстанымымыз: «Сену үшін көрудің керегі жоқ. Көру үшін сену керек».

Ал ата-аналарға мына мысалды айтып бергім келеді:

Көшеде мен жалаңаш баланы көрдім. Оның қарны аш және суықтан бүрсеңдеп тұрды. Мен ызаланып, Құдайға былай дедім:

– Неге Сен бұған жол бересің? Неге Сен ештеңе жасамайсың? Құдай оған былай деп жауап берді:

– Мен ол үшін бірдеңе жасадым. Мен сені жараттым.

БІЗ ШЕКТЕУ ҚОЙҒАН ЖОҚПЫЗ

Владимир Холод түсірген фотосурет



Ақжан Кәрім мен оның ата-анасы Нұрлан Кәрімұлы және Күліхан Мұрзабекқызы Мәженовтер Солтүстік Қазақстан облысының Мамлют ауданының Леденево селосында тұрады. Ақжан Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетін бітірген, қазір ол «АРДОС – жүрек» мүгедектер бірлестігі» ЗТБ директоры болып табылады. Бізбен әңгімеге үшеуі де қатысты.

Мамасы

Мен өзіміздің облыс орталығында босандым, оның алдында УДЗ менде егіз болатынын көрсетті. Ақжан мен Ержан шала туды. Ержан он бес минутқа үлкен, ол бөксесімен алға шықты, ал Ақжанда көлденең алдын ала жату болды.

Босану өте қиын болды. Туғаннан кейін ұлдар салмақ жинағанша ауруханада жатты.

Ақжанда босану жарақаты, миға қан кету, ОЖЖ бұзылуы болды. Ауруханада дәрігерлер екі баладан да пункция алыпты, ал маған ештеңе айтпаған. Ақжанда процедура сәтсіз өтті, тәрізі, жұлынын зақымдаған

болу керек. Шала туған нәрестелердің бөлімшесінде оған жүйе қойды, бала күрт нашарлады, бір апта бойы жан сақтау бөлімшесінде болды. Содан кейін Петропавлда невропатологқа қаралып жүрдік. Дәрігер ұлымыз 3 жасында жүреді дейтін, ал онысы болмаған соң, қолын жайды: «Демек, мен қателестім».

Бізге БЦР диагнозы қойылды.

5 жасынан бастап Ақжан мүгедектікте, алдымен итарбамен, қазір балдақпен жүреді, бірақ ол ылғи да белсенді болды. Мен ұлымды дәріменсіз адам ретінде қабылдамауды үйрендім. Ол велосипедті жақсы тебеді. Бізде ересектерге арналған үш дөңгелекті велосипедтер жоқ қой, Ақжанға «Балдырған» кішкентай болып қалған уақытта, біздің папа-инженер ол үшін оның бойы мен мүмкіндіктеріне орай арнайы велосипед ойлап тапты. Содан кейін ұлымыз есейген шақта тағы біреуін жасады. Ол онымен барлық жерлерге – өзенге шомылуға, балық аулауға, базарға баратын, қыздарды серуендетті. Бір рет базарда, Ақжанды велосипедтің үстінде көрген біреу «Сендер ат мініп келмеген екенсіңдер!», - деді. Мен «Керек болса, келеміз», - деп жауап бердім.

Папасы оны машина жүргізуге де үйретті, бірақ Ақжан емтихан тапсыра алмайды, қолмен басқаратын машина керек, ал біздің ауданың жол полициясында оңдай жоқ.

Біз оның қимылдарын ешқашанда шектеген жоқпыз. Және ағайындылардың арасында айырмашылық жасамадық, Ержанда не болса, ол Ақжанда да болды. Жорыққа, концертке барғың келе ме – жарайды. Оны жай қолымызға көтеріп апаратынбыз. Мектепке ол біздің ауылда барды. 1-ші сыныптан 4-ші сыныпқа дейін мен оны мектепке көтеріп апаратынмын және сабақта оның қасында отырдым, көмектестім (оның қолдарының моторикасы бұзылған), және еріккендіктен емес, ұлымның оқуға ынтасы зор болғандықтан осылай жасадым. Мұндай балаға қалай көмектеспейсің! Күлкісің, жанарыңда от жанғаның, қуаңғаның көресің де, көмектескің келеді.

4-ші сыныпта мектебіміздің директоры Татьяна Алексеевна Демина бізге Петропавлда Шамиль Тауфикович Шақшақбаев ашқан интернат туралы айтып, жоғарғы білім алуға мүмкіндік болуы үшін, сонда баруға кеңес берді. Мінездеме берді. Бұл қиын шешім болды. Әжесі қарсы шықты, ол «Сендер оны тапсырғыларың келеді!», - деп жыларман болды. Бірақ Ақжан оқығысы келді. ПМПБ өтіп, жолдама алдық. Ұлым жеті жыл интернатта тұрып, № 13 мектепте оқыды. Әр апта сайын, ештеңеге де қарамастан (әкесі жұмыс істейтін, Петропавлға бару үшін уақыт табу оңай болмайтын), біз оны демалыс күндері үйге алып келіп жүрдік.

Мектеп директоры Лидия Михайловна Маслова бізге: «Сіздер ұлыңызды жандарыңыздан жіберіп, ерлік жасадыңыздар»-деді,

Қазір Ақжан енді Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің тарих және құқық факультетін бітірді.

Біз интернаттың барлық тәрбиешілеріне, мектеп мұғалімдеріне олардың кәсіпқойлығы, жылылығы мен ықыластылығы үшін разымыз.

Папасы:

Ұлдарым туғанда мен сондай қуандым. Олар өте әлсіз болды, бірақ Алла тағала оларға аман қалуды жазыпты. Ондай балаларға сүйіспеншілікпен қарап, олардың жолында бәрін болмаса да, көп нәрсені, тіпті өзіңе зиян болса да, құрбан ету керек. Өкінішке қарай, әкелердің бәрі бірдей мұны түсіне бермейді, отбасынан кететіндері де болады. Кез келген отбасында, оның үстіне, егер балалардың мүмкіндіктері шектеулі болса, балалардың жанына жара салмау үшін тұрақты жағдай болуға тиіс.

Сен ол үшін тек ата-ана емес, дос болуың керек, туған адамыңды қалай тастап кетуге болады! Мен оның досымын да, ағасымын да, әкесімін де. Алғашқы кезде біз түрлі мамандарды, тіпті халық емшілерін де іздеумен болдық, тәуіптерді ауылға алып келетінбіз. Біздің үйдің алдында кезек түзілетін, ауылдастар да қаралғысы келетін. Бірақ одан кейін біз іздеуді доғардық, өйткені бала үміттенеді, ал ешкім де ештеңе істей алмайды. Ақталмаған үміт қатты жаралайды.

Ұлдарымызды біз бірдей тәрбиеледік, Ақжан үшін ешқандай шектеулер болған жоқ. Мен оған массаж жасап, бой жаздыратынмын, өзіммен бірге іссапарларға жиі алып жүретінмін. Жолда «еркекше сөйлесуге» уақыт болды. Ақжан әлемді танып білді, қай жерде қандай ауыл барын, оған дейін қанша шақырым екенін, ол жолға қанша бензин керектігін білетін. Ондай балаларға бәрін де толық әрі асықпай түсіндіру керек, басқа балаға «Өзің кейін білесің!», - деуге болады. Сонымен қатар мен Ержан оған көңіл бөлуді қойды деп ойламауына тырыстым, оның інісінің өміріндегі үлкен көмекшінің рөлін атап айтып отырдым.

Ақжан әңгімеге жақсы, мен онымен болашақ жайында жиі әңгімелесемін. Ол өзінің жұмыстан алған әсері туралы, келешекте не істеу керек болатыны туралы әңгімелейді. Оны бәрінде де демеп отыруға тырысамын, өйткені оның өмірге деген және мүмкіндіктері шектеулі адамдарға көмектессем деген зор тілегін көремін.

Мен инженер болып жұмыс істедім, бір кездері ауыл әкімі болдым, бірақ Ақжанның қасында әрдайым болу үшін, негізгі жұмысымнан кету-

ді ұйғардым. Ұлым СҚМУ оқыған уақытта онымен бірге барып жүрдім, біз барлық қабаттарға көтерілетінбіз. Қазір де екеуміз біргеміз. Оған жұмысында көмектесемін, сапарларға бірге барамын. Ақжан біраз негізгі мәселелер бойынша өз отбасымен ақылдасады, мен тіпті жұмыста да, ол түрлі адамдардың пікірлеріне құлақ салатынын көремін.

Ондай балаларды тәрбиелеуде ең бастысы – сүйіспеншілік және шыдам.

Ақжан көп нәрсеге қол жеткізді. Ол «Алтын қалам», «Әртүрлі, бірақ бірдей» байқауларында облыстың атынан шықты, СҚО әкімдігінің жанындағы мүгедектердің істері жөніндегі үйлестіру кеңесінің мүшесі болып табылады. Ақжанды мүгедектер туралы заңды әзірлеу жөніндегі жұмыс тобына енгізу жоспарлануда.

Біз Жаратқанға өзімізде Ақжанның бары үшін разымыз және ұлымызды мақтан тұтамыз.

Ақжан:

Мен Шамиль Тауфикович Шақшақбаевты жиі есіме аламын. Шешімдер қабылдағанда, ол мұндай жағдайда не істер еді деп ойлаймын. Біз – оның шәкірттері – Шамиль Тауфикович бізді қиындықтарды еңсеруге үйреткені үшін оған разымыз. Ол біздің өміріміз, біздің болашағымыз жайында бізбен ұзақ әңгімелесетін. Өмір бізге қатал болатынын, соққыларын жаудыратынын айтатын. Біз түсінбейтінбіз: әке-шешеміз қасымызда, бізге не жамандық болуы мүмкін. «Егер тоғыз адам саған жоқ десе – оларды ұмыт, егер біреуі көмектессе – есіңе сақта», «Шектеулер тек біздің басымызда ғана болады», - деп үйрететін...

Енді мен оның дұрыстығын түсіндім. Шамиль Тауфиковичтің арқасында біз өмірге бейімделдік (интернатта асүйде кезекшілік етіп, еден жуатынбыз, аяқ киіміміздің бауын байлап, ауланы жинап үйрендік).

Университетте мен мүмкіндіктері шектеулі адамдардың проблемаларын зерделедім, нормативтік құжаттармен таныспын. Достарыммен – интернаттың түлектерімен бірге біз өзіміздің қоғамдық ұйымымызды – «АРДОС-Жүрек» мүгедектер бірлестігін ашуды ұйғардық. АРДОС аббревиатурасы «бейімделу», «оңалту», «қолжетімділік», «білім», «әлеуметтік қорғау» («адаптация», «реабилитация», «доступность», «образование», «социальная защита») дегенді білдіреді – бұл біздің ұйымның жұмыс жасайтын бағыттары. «Жүрек» деген біз өз мақсаттарымызға тек ашық жүрекпен жете аламыз дегенді білдіреді.

Біздің ұйым тек мүгедектерді ғана емес, сонымен қатар олардың ата-аналарын да біріктіреді. Біз зерттеу жүргіздік – мүгедектердің қы-

зметтерінің сапасына қанағаттану деңгейін анықтадық, ата-аналармен де әңгімелестік. Бір ерекшелігі, ата-аналар балалары үшін жиі жауап берді, олар үшін ненің жақсы болатынын ұйғарды және әдетте «бізге ештеңе де керек емес, бізде бәрі жақсы», - десті. Олай болмауға тиіс. Егер ата-ана шешім қабылдайтын болса, олар баласымен ақылдасуға тиіс. Біздің үйде шешімдер қабылдағанда бәрін тыңдау әдет болып қалыптасқан. Көбінесе ата-аналар бірқатар жағдайларда ШДМ бар балаларда арнайы мектеп пен оны бітіргеннен кейін бала ҰБТ тапсырып, жоғарғы білім ала алатын инклюзивті мектептің арасында таңдау мүмкіндігі барын білмейді де.

Кез келген адамның өмірінде ата-анасына көп нәрсе байланысты. Ал ауру баланың өмірінде – одан да бетер. Егер ата-аналар өз балалары үшін шектеу қоятын болса, онда олардың мүмкіндіктері расында шектеулі болмақ. Мен жас аналар бәріне дайын болуы үшін, оларға арналған курстар керек деп санаймын. Ата-аналарға ауру балаларынан бас тартуға болмайды. Кез келген балаға сүйіспеншілікпен қарау керек. Кейбір ата-аналар өздерінің ерекше балаларынан қысылады, бірақ менің ата-анам ондай емес. Айтпақшы, біз ондай балалармен қалай араласу керектігі туралы брошюра шығардық.

Мен өзімді мүгедек деп санамаймын, мүгедек креслосына отырмаймын. Және менің диагнозым – жаза емес, сын. Құдай сын мен күш береді, ал сен оларды қалай пайдалануды өзің шешесің. Басты қиындық – физикалық бөгеттер, психологиялық бөгеттер болса, ата-анамның арқасында менде жоқ және ешқашан болмаған.

Мен өзімнің жақындарым мен достарыма сенімдімін. Және оларды жерге қарата алмаймын. Біздің ұйымға тек бір жыл болды, біздің алдымызда қиыншылықтар әлі көп, бірақ мен істі ақырына дейін жеткізу керек деп санаймын, егер сен грантты жеңіп алмасаң, ол қол құсыруға желеу емес. Біз мүгедектерге арналған қызметтер кешенін заңгер, психолог, логопед, ақпараттану, шет тілдерін, қазақ тілін оқытушы, сурдоаудармашы, массажист және басқа мамандықтары бар мүгедектердің өздері көрсететін Бейімделу және оңалту орталығын құрсақ дейміз. Орталықта ата-аналардың жұмыс істеуге мүмкіндігі болуы үшін балалар бөлмесі, пікірсайыс клубы жұмыс істейтін болады.

Мүгедектер қоғамның толыққанды мүшелері болып, өздерінің проблемаларын өздері шеше алады, тек оларға демеу беру керек. Біз өтінушілер емеспіз, жарлы туыстар емеспіз, теңқұқықты серіктестерміз.

МЕН ӨЗ БАЛАЛАРЫМНЫҢ ӘДЕТТЕГІДЕЙ БАЛАЛЫҚ ШАҒЫ БОЛҒАНЫН ҚАЛАЙМЫН

Александр Пархоменко түсірген фотосурет



Евгения Валерьевна Краснощёкова Павлодарда тұрады. Оның екі баласы бар – Настя 17 жаста, ал Данил – 11 жаста. Екеуінің де диагнозы – құлақтың 4-ші дәрежелі нейросенсорлық мүкестігі. Өзінің балаларына көмектесу үшін, Евгения Валерьевна жоғарғы оқу орнын бітіріп, дефектолог мамандығын алды. 2013 жылы олар «Әртүрлі, бірақ бірдей» республикалық байқауда «Ең та-ту-тәтті отбасы» номинациясында I орын алды.

Настя туған уақытта, менің анам (оның кәсібі – балалар медбикесі) бірінші болып дабыл қақты. Ол қызымның дыбысқа әрдайым елең-дей бермейтінін байқады. Ал мен – тәжірибесі жоқ ана – оған ашула-нып, оның қауіпсінуін бос сөз деп санадым.

Бізде көрші подъезде сурдопедагог Ольга Владимировна Озно-бихина тұратын. Ол әдеттегі балабақшада есту қабілеті нашар бала-ларға арналған арнаулы топта жұмыс істейтін. Менің қызыма бәйек болып жүргенімді байқап жүрген ол бір күні мені аулада кезіктірді

де, «Женя, сен оны біздің балабақшаға алып келсейші», - деді. Сол сәтте оның айтқаны менде реніштен басқа ештеңе тұғызбады.

1,5 жаста мен көндім де, қызымды ЛОР дәрігерге апардым. Дәрігер «Сен не ойлап таптың, бала әлі кішкентай, 2 жасқа толғанда алып кел», - деді. Ал енді жарты жылдан соң келгенімізде «Мен долбарлы құлақ мүкістігін қоямын, байқаймыз», - деді. Таныстарым логопедтің кеңесіне жүгін деп ақыл айтты. Логопед әдеттегі балабақшаға жолдама берді, арнаулы балабақшаның бізге керегі жоқ деп тапты. Біз бір жылдай әдеттегі балабақшаға барып жүрдік, ал содан кейін балабақшаның директоры маған «Сендер біздің балабақшаға әлі 10 жыл болса да келе берулеріңе болады. Бірақ қыз естімейді. Оған арнаулы топ керек», - деді.

Біз мүгедектікті рәсімдеп, қалалық ПМПК тарапынан 51-ші балабақшаның есту қабілеті бұзылған балаларға арналған тобына жолдама алдық. Онда Құдайдың құты қонған тәрбиешілер – Кучук Вера Николаевна, Прокопьева Наталья Ивановна және, әрине, Ознобихина Ольга Владимировна жұмыс істеді. Алғашқы күннен-ақ Настя онда өзін үйреншікті ортасындағыдай сезінді, оны тәрбиешілер де, балалар да ұғады, ол да бәрін ұғады, тек балаларды ата-аналары алып кетіп, енді өзі ойнайтын ешкім қалмағаннан кейін ғана үйге баратын.

Содан кейін балабақшаны есту қабілеті нашар балаларға арналған интернатпен біріктірді (оның ресми атауы – есту қабілеті бұзылған балаларға арналған № 1 арнайы жалпы білім беретін мектеп-интернат), сонда Настя дайындық сыныбына барды.

Настямен бастан өткен тәжірибе Данилдың да есту қабілетінің проблемалары бар екенін ертерек байқауға көмектесті. Екеуінің де диагнозы – туа біткен құлақтың 4-ші дәрежелі нейросенсорлық мүкістігі (тұқым қуалаудан ауырламаған және протез салуға жатпайды). Бірақ мен, кез келген ана секілді, жақсылыққа сенгім келді. Мен тап сол қатемді қайталадым – ұлымды әдеттегі балабақшаға бердім, бірақ бір айдан соң қызым оқып жүрген интернатқа ауыстырдым. Мен өзім де интернатқа жұмысқа орналасуға талпынып көрдім – кім болып орналассам да бәрібір еді, тек балаларға жақын болсам болды, бірақ мені алмады, бос орындар жоқ еді.

Мен өз балаларыммен сөйлесе алмаймын деген ойдың өзінен жаным түршігетін. Біз анам екеуміз құрбылар секілдіміз, мен оған бәрін айтып беруіме болатынына, оның тыңдап, түсінетініне және ақылын айтатынына үйренгенмін. Ал менің балаларымның мен үшін жабық өз әлемі бар. Мен сабама түстім де, балалар өздерін баршасы секілді,

тіпті одан да жақсы сезінуі үшін, олардың БАҚЫТТЫ болуы үшін қолымнан келгеннің бәрін жасауға бел будым.

Менің өмірімдегі маңызды сәт керең әйелдер Еленамен және Гульбаршынмен таныстық болды. Бұл былай болды. Менің Настям аулада қыдырып жүрген кезде мен оны терезеден бағатынмын, Дачка әлі кішкентай болатын. Бір күні мен оның қасынан екі керең әйелді көрдім (олар көрші үйде тұратын), олар мені көріп, маған қол бұлғап, аулаға шық деп шақырды. Маған сұрақтарын жаудырды: мен кіммін, қайданмын, неліктен менің қызым естімейді? Әңгіме әрине, қолапайсыз болды, оларды әрең дегенде ұқтым. Бірақ осы жас әйелдер менің күйінішімді, Настямен проблемаларымды өте жақын қабылдады, олар маған менің олардан тәжірибем әлі аз ымдармен түсінісуге көмектесті. Гульбаршын мені өзінің сурдоаудармашысы Айнұр Исиамен таныстырды, кейіннен Айнұр менің ең жақын құрбыма және көмекшіме айналды.

Мен ымдар тілін жаттауды ұйғарудан бастадым. Айнұр жұмыс істейтін кереңдер қоғамында маған сурдоаудармашылардың курсына жазылуға кеңес берді. 2007 жылдың басында курстарды бітірдім, содан кейін кереңдер қоғамында практикада болдым. Сол жылы тағы республикалық курстарды бітірдім. Содан бері мен аяғыма нық тұрғанымды сездім.

Ата-аналары керең болғанда керең балалардың интеллекті құлағы еститін ата-аналар бар отбасыларға қарағанда жоғары екені байқалған. Өйткені құлағы еститін ата-аналар өздерінің балаларымен олардың тілінде сөйлесе алмайды. Нәтижесінде балалар толыққанды жетілмейді, олар ата-анасынан алыстайды. Біздің интернатта сөйлеу режимі, біз балаларды сөйлеуге, ерінді оқуға үйретеміз. Ымдардың тілі онша қошталмайды. Бірақ ымдардың тілі кереңдер үшін ана тілі, мен керең баланы өзінің ана тілінде араласу мүмкіндігінен айыруға болмайды деп санаймын. Керең бала өзімен көрші тұратын құлағы еститін досына бармайды, ол одан да қаланың екінші шетіндегі кереңмен араласу үшін көлікпен барады, өйткені оларға бірге қызығырақ, сөйлесу оңай, олар бірін бірі еш қиындықсыз ұғады.

Ымдардың тілін үйренген соң, мен өз балаларыммен тек тұрмыстық тақырыптарға ғана сөйлесумен тынбаймын, біз фильмдерді, жаңалықтарды талқылаймыз, сырласа да аламыз. Бір жаманы, біздің жағдайымызда балаларда сөйлеу машығын дамытуға стимул жоқ.

2008 жылы күйеуім отбасын тастап кетті. Оған дейін біз екеуіміз балалардың болашағы жайында сөйлесіп, жоспарлар құратынбыз,

қызымыз тігінші, ал ұлымыз – балташы болады, сонда біз біраз жиназ жасай алатын боламыз деп жорамалдайтынбыз. Ал енді мен екі баламен, олардың проблемаларымен жалғыз қалдым. Мүмкін, мен болған жағдайға әлі ұзақ қайғыратын ба едім, бірақ сол сәтте құрбым Айнұр Педагогикалық институтқа дефектология мамандығы бойынша оқуға түсуді ұсынды. Менің оқуымды күйеуімнің тәтесі төледі, ол үшін оған көп рақмет. Ол балаларда оларды қамтамасыз ете алатындай білімді анасы болуға тиіс деді. Менің алғашқы білімім – мектепке дейінгі педагог. Тәтем балабақшада әдістемеші болып жұмыс істеді, және мен әрқашан тәрбиеші болуды армандайтынмын. Мектепті бітіргеннен кейін 93-ші балабақшаға күтуші болып жұмыс істеуге келдім, бір жылдан соң педагогикалық колледждің сырттан оқитын бөлімшесіне түстім, ал декретке кеткен уақытта, балабақша жабылып қалды. Содан кейін мамандығымнан бөлек радиосервисте жұмыс істеуге тура келді.

Күйеуімнің кетіп қалғанын еңсеруге маған тағы бір адам көмектесті. Ол – оның әжесі. Ол маған Жаңа өсиетті әкеліп берді. Содан бері мен оны ылғи да кешке оқимын, ал таңертең жаңа күшпен тұрамын. Жұмысқа баратын жолда бір жерде қырқылған қарағаш бар, оның қасынан өткенде мен әрдайым оны қолыммен сипаймын, бұл орайда «Отче Наш» дұғасын оқимын және жапырақтардың кедір-бұдырын сипалап, өзімнің өмір сүретінімді, тірі екенімді сезінемін. Мен күн сайын Құдайға менде бәрінің бары үшін рақметімді айтамын. Мен енді басқаша ойлаймын және өмір сүремін. Құдай бірдеңені алса, орнына міндетті түрде басқа бір нәрсе береді. Енді менің сүйікті жұмысым және өзіме деген сенімділігім бар.

Жоғарғы оқу орнын бітіретін сәтке қарай интернаттың басшылығы ауысып, жаңа жұмыс орындары пайда болды да, мені тәрбиешінің қызметіне қабылдады. Одан бері бес жыл өтіп кетті. Бұл уақыттың ішінде менің мүгедек балаларға деген көзқарасым өзгерді. Олар кішкентай кезінде ата-аналарының қорғанында, ал ата-анасы жоқ болған уақытта, қорғайтын ешкім болмайды. Қоғам бұл проблеманы түбегейлі шешпейді. Олар өмір бойы бала болып қалады. Демек, ата-аналардың міндеті – өздерінің балаларын ересек өмірге ата-аналарының көмегінсіз жүруге үйрету! Ал ол үшін оларда балалық шақтарынан бастап ең жақын туған жандармен тығыз байланысы болуға тиіс.

Ата-аналардың бәрі бірдей мұны түсіне бермейді. Көбісі балаларын интернаттан тек демалыс күндері алып кетеді, бірақ балалармен мүлдем шаруасы жоқтары да бар. Өздері үйлеріне барғысы келмейтін

біраз бала бар, оларға интернатта болған жақсы. Сонда мен ата-аналарына былай деп сұрақ қоямын: «Сіздер ұлыңыз немесе қызыңыз үйге неліктен барғысы келмейді деп ойландыңыздар ма? Сіздер өз балаларыңызбен байланысты жоғалтасыз ғой, жіп үзілсе не істейсіздер? Егер бала сіздерге керек болмаса, онда ол кімге керек? Кез келген балаға, оның үстіне денсаулығы нашар балаға көңіл бөлу, қамқорлық жасау, аялау қажет». Кейбір ата-аналар басқаша шектен шығады – шамадан тыс қамқорлыққа беріледі. Ондайларға мен баланың онсыз да мүгедек екенін, одан екі есе мүгедек, мүлдем дәрменсіз адамды жасаудың керегі жоғын түсіндіремін. Ол тек естімейді, сіздер оның құлағы болуға тиіссіздер. Оның мүмкіндіктерін дамыту керек».

Мүгедек балалар дербестік, жауапкершілік, тәртіп дегеннің не екенін білуге және түсінуге тиіс. Отбасы да, мектеп те осы бағытта жұмыс істеуге тиіс. Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін көтеру, психологиялық көмек – жұмыстың бөлек әрі өте маңызды бағыты. Өкінішке қарай, ол барша жерде жүргізіле бермейді. Бір жыл бұрын тәрбиеші Балқыз Назымбекқызы Дандыбаевамен бірлесіп, ата-аналарға арналған «Отбасы құндылықтары» атты клубтың бағдарламасын әзірледік. Жылдың барысында ата-аналарға, ата-аналар мен балаларға қатар арналған іс-шаралар өткізді. Бұл кездесулерде ата-аналар өздерінің балалары жайында, олардың мүмкіндіктері, әуестіктері, дарындары туралы көп нәрсені естіп біледі. Балалар өз ата-аналарынан өз отбасыларының дәстүрлері, отбасы мерекелері жайында естіп біледі. Бірлескен сынып сағаттары ата-аналарға өмірдің түрлі салаларындағы өздерінің тәжірибесін балалармен ортаға салуға көмектеседі. Ондай іс-шаралар ата-аналар мен балаларды жұмылдырады. Ата-аналар балаларды түсінуге және оларды қаз қалпында қабылдауға және оларға жетілуге көмектесуге үйренеді. Біз жаңа оқу жылында Клубтың жұмысын міндетті түрде жалғастырамыз.

Ал, өз балаларыма келетін болсақ, Настя – есту қабілеті бұзылған балалардың арасындағы халықаралық, республикалық, облыстық, қалалық балалар шығармашылығы байқауының қатысушысы және дипломанты, тек кереңдердің ғана емес, құлағы еститіндердің де арасында достары бар. Былтыр ол мектепті бітірді. Бүкіл сыныппен бірге Бизнес колледжіне «Ақпараттық жүйелер» мамандығына оқуға түсті. Топта балалармен сурдоаудармашы жұмыс істейді. Бір ғана «бірақ» - біздің балаларымыз білімді толық көлемде алуы үшін ондай маманға тәжірибе қажет.

Мен ШДМ бар балаларға кәсіптік білім беру бойынша жаңа тәсілдемелер мен бағдарламаларды әзірлеу керек деп ойлаймын.

Қашықтан оқыту проблеманың шешімі болуы мүмкін.

Данечка мектеп-интернатта 5-ші сыныпта оқиды, қалалық № 2 Балалардың көркемдік мектебінде 4-ші сыныпқа барып жүр, Ол да сондай-ақ ШДМ бар балалардың арасындағы халықаралық, республикалық, облыстық, қалалық балалар шығармашылығы байқауларының қатысушысы және дипломанты. Оның педагогы Владимир Иванович Ефремов 2013 жылы ұлымның және басқа оқушылардың суреттерін Астанаға жіберді, ал қазір олар Мәскеу маңындағы «Дыбыстар кемпірқосағы» көрмесінде. Әрине, оның велосипед тебудің орнына шығармашылықпен айналысуы үшін оны «желкелеп отыру» керек. Бала шағымда мен де көркемдік мектебінде оқығанмын және қазір, оған үлгі көрсету үшін, ЕШКО сурет салу бойынша қашықтан курсты зерделеудемін.

Данил – кішкентай еркек. Күйеуім кетіп қалған уақытта ол бес жаста болатын, бірақ ұлым атасымен, менің әкеммен жақсы араласты. Онымен бірге ылғи да гаражда жүретін, атасы оны құрал-сайманды пайдалануға үйретті. 8 жасынан бастап ұлым дербестігін таныта бастады. Оның жақсы көретін сөзі – «мен өзім». Атасы енді жоқ, бірақ Даня оны жиі еске алады және бәрін де ол сияқты істеуге тырысады: «Немене отырсыңдар, атам баяғыда бақшаны қазып тастар еді ...»

Оның хоббиі бар – Lego конструкторын құрастыру. Әрі ол көптен бері сұлбаларды пайдаланбайды, өзінің қиялын басшылыққа алады, төл жоспарламасы мен дизайны бар үйлерді тұрғызады.

Бірнеше жыл бұрын мен екінші рет күйеуге шықтым. Балалар Славаны жақсы қабылдады. Настя кейде онымен ақылдасады, оның пікірін сұрайды, олар әлдебір оқиғаларды жиі талқылайды (сөйлесу сәл қиындау, бірақ Слава тырысуда, дактильді және бірақ тұрмыстық ымдарды біледі), ал Данил Славамен бірге гаражда және үйде еркектердің шаруасымен айналысады. 2013 жылы біз «Әртүрлі, бірақ бірдей» республикалық байқауға қатысып, «Ең тату-тәтті отбасы» номинациясында I- орын алдық.

Өмір жалғасуда... Енді өз тәжірибеме қарап, басқа ата-аналарға айта аламын: ешқашанда түңілмеңіздер! Сіздер баланы қаз қалпында неғұрлым тезірек қабылдасаңыздар, эмоциялардан нақты қадамдарға соғұрлым жылдам көшесіздер, демек, оған әлдеқайда жылдам әрі сапалы көмек көрсете аласыздар.

БАСЫҢДЫ ТІК ҰСТАП ӨМІР СҮРУ

Иван Мармалиди түсірген фотосурет



Егоровтар отбасы Рудныйда тұрады. Мамасы – Елена Анатольевна, білімі жағынан құрылысшы-инженер, қазір «Мир без границ» Қоғамдық қорына басшылық етеді, папасы - Владимир Петрович – кен инженері. Ұлдары Алеша 2006 жылы туған. Қазір ол арнайы мектепте дара оқуда жүр. Өз отбасы жайында Елена Анатольевна Егорова әңгімелейді.

Лешада – эпилепсия, Вест синдромы. Бұл эпилепсияның қатерлі ауыр нысаны. Ауру туа бітпеген. Алғашқы нышандары бір жарым жасында пайда болды, ұлымыз мелшиіп қалатын, ал біз не істерімізді, кімге жүгінерімізді білмедік. Сол жылы диагноз қойылды. Ұлымызда тәулігіне 50 - 100 ретке дейін ұстамалар болды. Олардан ми қатты зардап шегеді. Аурудың дамуына қарай Лешаны ақыл-ойдың терең кемістігі күтіп тұрды.

Диагнозға алғашқы реакция – ступор, сене алмау. Бір жас үш айында невропатолог ОЖЖ перинаталдық бұзылушылығы диагнозын алып тастады, ал бір жас бес айында эпилепсияны қойды!?

Дәрігерлер неліктен өздерін олай ұстайтындарын білмеймін: үрейлене қарайды, басқа мамандарға сілтейді – анда барып көріңіз, мында барыңыз. Өздеріне жауапкершілік қабылдағысы келмейді. Тиімсіз ем тағайындап, оны ұстануды талап етті. Жарты жылдай тырысқаққа қарсы препаратта отырдық, оның көмегі болмады, бірақ ешкімнің де оны ауыстыруға батылы жетпеді.

Біз де проблеманың деңгейін ұқпадық. Біз тіпті ақыл-ойдың кемістігі дегеннің не екенін де білмедік. Ұлымыз бір жарым жасында көп нәрсені білетін, жас шамасына сәйкес жетіліп келе жатты, ал бір айдың ішінде бәрі де жоқ болды ... Жан түршігерлік жағдай, еске алудың өзі қорқынышты!

Мұның бәрі орын алған уақытта, мен қызыма жүктіліктің сегізінші айында болдым, сондықтан ұлымызды қайда болсын тексеруге апару мүмкін болмады. Мүмкіндік туысымен, Новосибирскіге бардық. Онда эпилептолог тиімді ем тағайындап, ақыл-ойдың кемістігі мен ұстамаларды кетіреміз деп үміттендірді.

Қазір ұстамаларды басудың сәті түскеннен бері бес жыл өтіп кетті, бала ептеп-ептеп қалпына келе жатыр. Дегенмен, әрине, ол өз жасы үшін жетілу нормасына әлі жеткен жоқ.

Алғашқы жылы медикаментоздық емдеу жүргізілді, эпилепсиядан зақымдалған миды қалпына келтіру керек болды. Сонымен қатар Лешаны дамыту жолын іздедік. Физиологиялық қажеттіліктерін бақылауға қайтадан үйреттік. Содан кейін мамандардың көмегімен өзіне өзі қызмет көрсету машықтарымен жұмыс істедік. Сөйтіп, балалар нормасында бір жасына дейін меңгеретінді, ұлымыз үш-төрт жасында меңгерді.

Ақпаратты әр жерден аз-аздан жинадық, байқап көрдік, әлдебір нәрселерді түйсікпен жасадық. Маған әлеуметтік жұмыскер жақсы ақыл айтты: балада оның көретіні мен еститінінің арасында байланыс болуы үшін өзіңнің істеген істеріңнің барлығын айту керек және оны қарапайым тұрмыстық іс-қимылдарға үйрету керек. Қазір ол тоңазытқыштан тамақ алып, шүмекті аша алады, шырынды құяды, әжетхананы пайдалана алады. Біз олар жайында ойланбайтын көп нәрселер мен әрекеттер бар, ал Леша үшін ол жеңіс! Табыс!

Кенжеміз Людмила 3 жасқа толған уақытта, оны балабақшаға бердік. Леша 4,5 жаста еді. Балабақшаның меңгерушісі біздің жағдайымызға түсіне қарап, тәуекелге барды, ұлымызды күннің аяғында, балақайлардың басым бөлігін үйлеріне алып кеткен уақытта топтағы балаларға әкеліп тұруға рұқсат етті. Ұлымызға балалармен араласу қажет еді, ол жаңа жағдаятқа бой үйретумен болды. Балалар тобына серуен уақы-

тында кіргізіп көрдік, бірден сәті түсе қоймады: Леша айқайға басып, ойыншықтарды шашты, балаларды итерді – эмоционалдық жүктемеге және алған әсерлеріне ие бола алмады. Бірақ мен шыдап, бұталардың арасында жасырындым да, оның балалардың ортасына қалай үйрене бастағанын бақыладымыз. Бұл ілгерілеу болды! Ол балаларға бой үйрете бастады, араласуға үйреніп жатты!

Содан кейін таңғы астан кейін әкеліп, түскі асқа дейін қалдыратын болдық. Өзінің ауыр ақыл-ой кемістігі жағдайында Леша күнінің жартысын балабақшада өткізетін. Біртіндеп памперстерді қойдық, әжетхананы пайдалануға үйреттік.

Осындай кестеде ол балабақшаға 2 жыл барып жүрді, кейінірек онда түскі ас ішетін болды. Балалар оны киінуге, ойыншықтарды жинауға, сурет салуға үйретті. Біздің бәріміз жігерлендік, тіпті жергілікті газетте «Балалар – ең жақсы педагогтар» деген мақала жарияладық.

Хабары бар ата-аналар бізге түсіністікпен қарады. Инклюзивтік тәрбиенің, инклюзивтік қоғамның мәні міне, осында!

Біздің жолымыздағы енді бір меже 2012 жылы «Радуга» мүгедек балалардың аналарының қоғамдық бірлестігінің (Қостанай қаласы) «Білімпаз ата-ана = бақытты сәби» атты жобасына бенефициарлар ретінде қатысу болды. Ұйымның президенті Наталья Николаевна Колосковамен таныстым. Ол мені «өрге тартты», сенімділікке ие болуға көмектесті. Мен әрдайым белсенді болатынмын. Сәбиімнен орын алған жағдай физикалық және психологиялық тұрғылы қалыптан тайдырды. Наталья Николаевна маған бізде, Рудныйда қоғамдық ұйым құруды ұсынды, жұбайым Владимир де қолдады, содан жұмыс қызып кетті! Пікірлестер – ұқсас проблемалары мен идеялары бар ата-аналар пайда болды. Өз балаларымыздың пайдасы үшін өзіміздің тарапымыздан белсенді іс-қимылдың қажеттілігін ұқтық және 2013 жылдың ақпан айында «Шекарасыз әлем» қоғамдық қорын тіркедік. «Бір біріңе қарай қадам» жобасын (шешімін таппаған проблемаларды анықтау, ата-аналарды анкеталау), содан кейін «Бірге өсеміз және жетілеміз!» жобасын (мүмкіндіктері шектеулі балалар үшін жетілдіруші сабақтарды ұйымдастыру және ата-аналарға психологиялық көмек) жүзеге асыруға «Бота» ҚҚ грантын жеңіп алдық. Жобаның басты мақсаты – балаларды әлеуметтік оқшауланудан алып шығу, оларды жетілуге ынталандыру.

Бәрі сәтті қалыптасты. Біздің орталық үшін жақсы үй-жай табылды, жалға алудың ақысын төлеуге келіскен демеуші пайда болды. Гранттың қаражаттарына қажетті жабдық сатып алдық, балалардың қажеттіліктеріне орай мамандар мен әдістемелерді таңдадық. Қазір

бізде екі психолог пен логопед жұмыс істейді. Орталықтың құрылғанына бір жыл болған жоқ, бірақ қазірдің өзінде менің ұлымда да, басқа балақайлар мен олардың ата-аналарында көзге көрінетіндей нәтижелер бар. Психомоторика сабақтарында қимылдардың ептілігі, координация жақсарады, логоритмика және музыкалық терапия эстетикалық дамуға жәрдемдеседі, психолог ұсақ моториканы дамытуға арналған түрлі әдістемелерді пайдаланады.

Новосибирсктегі эпилептолог сөйлеу қабілеті ең соңғы болып қалпына келеді деді. Әрине, сырттан көмек болмаса, ол орындалмайды. Біздің орталықтың психологы ұлымызда санасыз деңгейде сөз енді қалыптасты, ол сананың деңгейіне шығуы үшін, онымен үнемі шұғылдану керек дейді. Иппотерапияны, бассейнді байқап көрдік. Лешада шыдамдылық, ойынға әуестік пайда болды, ол түстер мен пішінді ажырата бастады.

Жобаның басында 30 шақты бала болған еді, бірақ кейбір ата-аналар «жарты жолда қалып қойды». Өйткені олардан тек балаларды сабақтарға әкелу үшін ғана емес, сонымен қатар олармен айналысу үшін қосымша күш салу талап етіледі ғой. Ата-аналар сабақтарға қатысады, мамандар оларға нені және қалай істеу керектігі жөнінде кеңестер береді. Олардың ол кеңестерді қаншалықты ұстанатындары өздеріне байланысты, Балаларға олардың кішкентай кезінде дер кезінде көмек көрсету керек екенін, одан кейін уақыт оздырып алғанның орнын толтырудың орайы келмейтінін бәрі бірдей ұға бермейді.

Жобаға қазір 25 бала мен олардың ата-аналары белсенді қатысуда. Ата-аналар араласу үшін сабақтардан кейін жиі қалады. Ондай араласу оларға өздерінің күмәндарымен, қуаныштарымен бөлісу, өздерін түсінетін және демеуге дайын адамдардың бар екенін сезіну үшін қажет. Қостанайдан арнайы психологты шақырдық, ол ата-аналарға арналған тренинг өткізді.

Мен жобаға тек мүгедектігі бар балаларды ғана емес, сонымен қатар дамуында анық ауытқу бар балаларды да қабылдадым. Көбінесе ата-аналар «бастарын құмға тығады», олардың проблеманы көргісі келмейді, ал егер көрсе, онда балаға мүгедекті рәсімдемейді, ондай статустан әлдебір таңба секілді қорқады. Мен жобаның уақытында біраз ата-ананың ұстанымдары өзгергеніне, 4 адам өздерінің сәбилеріне мүгедектік рәсімдегеніне қуаныштымын. Бұл проблеманы еңсеруге қарай жасалған қадам, оның деңгейін ұғу және онымен жұмыс істеуге әзірліктің көрсеткіші. Өйткені табыстың 70-90% көңіл-күйге байланысты.

Мен жаратылысым жағынан «жауынгер» емеспін, тек менің баламның және басқа балалардың жетілуге мүмкіндігі болғанын қалаймын. Егер біз бұл жобаны қолға алмасақ, аптасына 2 рет 2 сағатқа келіп тұратын әлеуметтік жұмыскердің көмегінен басқа, оларда ешқандай мүмкіндіктер болмас еді.

Қазір біз мамандарды оқып-үйретуге бағытталған ұзақ уақыттық жобаның керек екенін түсіндік. Өйткені даму мүмкіндіктері шектеулі балалар барған сайын көбейіп келеді, ал ондай шектеулермен жұмыс істей білетін мамандар жетіспейді.

Кейінге оралып, бүгінгі тәжірибемнің биігінен өткен жолға талдау жасағанда, проблеманың шешіміне ата-аналардың ішкі дүниесінің жағдайы болысатынын көремін. Табысқа жету үшін баланы оның сол қалпында ҚАБЫЛДАУ және СҮЮ деген екі шарт керек, сонда балада бәрі де өзгереді.

Жақында Лешаға МРТ жасады, қорытындысы – миға зиян келмеген, жас шамасының нормасына сәйкес келеді, мидың функцияларына зиян келген. Яғни, орган зақымдалмаған, ол тек жұмыс істеуін доғарған. Құдай әлдененің (немесе әлдекімнің) өзгеруіне мүмкіндік берген уақытта солай болады. Мен ұлымның «ерекше» емес, кәдімгідей балалық шағы болуына, коррекциялық мектептен әдеттегі мектепке ауысуға мүмкіндігі бар екеніне сенімдімін.

Әрине, негізгі жүк менің иығыма түсті. Бірақ күйеуімнің көмегінсіз мен, бәлкім, ештеңе бітіре алмас едім. Ол байсалды, жауапты, сенімді адам. Балалармен байланысы жақсы, олармен ойнай да алады, тамақтандырады да, және сабаққа немесе басқа бір жерге апара алады. Оны күні бойына балалармен қалдырып кете аламын, себебі қолынан келетініне сенемін. Кейбір әкелер үшін мұндай жүк шамадан тыс болып шығады. Ол «ерекше» балаларды тәрбиелеудің және жай ғана олармен бірге өмір сүрудің негізгі принциптерін түсінеді және тіпті басқа ата-аналарға жиі моральдық көмек көрсетеді. Ұлымызды қалпына келтіруге қатысты мәселелердің шешімін біз бірге қабылдаймыз және барлық қасірет пен ауыртпалықтарды да бірге өткереміз.

Балалардың азабы, ауруы көп нәрсеге үйретеді. Мен бұрын дүниеге және адамдарға сын көзбен, тәкаппар қарайтынмын, енді менің көзқарасым 180 градусқа өзгерді. Мен кезекте, автобуста «ерекше» бала оларға бөгет болған кезде бізге, балаларымызға кінәлап қарайтын адамдарды аяймын. Біздің ондай адамдарды мейірімді, қайырымды болуға, ал күн сайын өздерінің «ерекше» балалары үшін ерлік жасайтын «ерекше» ата-аналарды, – басын биік ұстап өмір сүруге үйретуіміз қажет!

УАЙЫМДАУҒА УАҚЫТ БОЛМАДЫ

Борис Наенко түсірген фотосурет



Болат Қошпайұлы және Рауан Мұхтарқызы Зейнуллиндер Көкшетау маңындағы Қызылжар ауылында тұрады. 2004 жылы олардың қызы Карина дүниеге келді. Балаға кохлеарлық имплантация жасалды, ол биыл Көкшетау қаласындағы есту қабілеті бұзылған балаларға арналған № 4 мектеп-интернатының 4-ші сыныбын бітірді. Өз отбасының тарихы жайында Рауан Мұхтарқызы әңгімелейді.

Карина – біздің екінші баламыз, оның апасы бар. Карина басқа балалардан бөлек екенін біз бір жастан кейін түсіндік: ол атын атап шақырғанда қарамайтын болды. Мен алдымен оның себебі, аты өзіне ұнамайтыны шығар деп ойладым. Дабыл соққан менің ата-анам болды. Алдымен өзіміздің аймақтық дәрігерімізге қаралдық, ол бізді логопедке жіберді. Логопедте қызымыз карталарды жайды, пирамидаларды жинады, соның негізінде маман: проблемаларды байқамадым, мүмкін сөйлеуі кешіккен шығар, жарты жылдан кейін келіңіздер- деп көңілімізді тыныштандырды. Жарты жылдан соң қайтадан қабылдауға

келгенімізде, бізді ЛОР-дәрігерге жіберді, ол облыстық балалар ауруханасына жолдама жазып берді. Дәрігер бірден – «Сіздерді босқа үміттендірмей-ақ қояйын, қыздарыңыздың құлағы мүкіс», - деді.

Бір таныс әйел Омбыдағы сурдологиялық орталыққа баруға кеңес берді. Онда Каринаны тексерді: сынамалар, аудиограмма, самайлық томография жасады. 3-4 дәрежелі екіжақты нейросенсорлық құлақ мүкістігі деген диагноз қойып, даниялық цифрлық есту аппаратын сатып алуға кеңес берді. Аппарат арқылы қызымыз барлық дыбыстарды еститін болады деді.

Мен қамығып, туыстарыма қоңырау шалдым. Әрине, алғашқы ой: «Неліктен бұған менің балам тап болды?». Жүктілік жақсы өтті, токсикоз болған жоқ. Бірақ, уайымдауға уақыт болмады, қызыма көмектесу үшін қол құсырып отыру мүмкін емес еді. Мен өзіме: болған жайт болды, демек осылай болуы тиіс болған екен – деп өзіме демеу бердім.

Бір аппарат 150000 теңге тұрды, ал ол екі құлаққа да керек. Күйеуім ақша тапты да, біз Омбыға аппарат алу үшін қайта бардық. Сурдолог ұзаққа созбай бұл проблеманы жылдам шешкендеріңіз дұрыс болды деді. Аппараттарды кигізіп, қалай пайдалану керек екенін түсіндірді, батареялардың бір жылдық жиынтықталымын берді. Оларды үш күнде бір ауыстырып отыру керек. «Ата-аналарға арналған университет» деген кітапты сатып алуға және тұратын жеріміз бойынша есепке тұруға кеңес берді.

Кітапты ол жолы таппадық, бірақ есепке тұрдық. Бір аптадан соң бізге № 4 мектеп-интернаттан қоңырау шалып, аудиограмма жасауға, облыстық балалар ауруханасында тексерілуге және осы мектепке түсу үшін құжаттар жинауға кеңес берді. Қыркүйектің бірінші жұлдызында Карина 4 жасында Көкшетау қаласындағы арнаулы коррекциялық мектеп-интернаттың мектепке дейінгі бөлімшесіне барды.

Бізде Қызылжарда есту қабілетімен проблемалары бар бір ұл бала тұрады. Баланың анасы бізге Омбыға баруға кеңес берді. Алматыда Ақсай балалар ауруханасында кохлеарлық имплантация бойынша ота жасатуға кезекке тұруға да ақыл айтқан сол кісі еді. Кезекті 2 жыл күттік. Бұл уақыттың ішінде Омбыға бардық, есту аппараттарының баптамасын жасаттық, Алматыда САТР орталығында болдық, осы жерде бізді осындай балалармен қалай жұмыс істеп, сөйлетуге тырысу керек екеніне үйретті. Біз үйдегі барлық заттарға олардың атауларын жабыстырып қойдық. Достарымыз – «Немене, аттарын ұмытып қаламыз деп қорқасыңдар ма?», - деп қалжыңдайтын. Логопедпен айналыстық. Карина дыбыстарды айта бастады.

Бізге әуелде ота жасағылары келмеді, өйткені Каринаның құлақ иірімінің пішіні дұрыс болмады, бірақ ондай проблема жалғыз бізде ғана емес екен, бүкіл Қазақстаннан 35 бала жиналды. Біздің балаларымызға ота жасау үшін Санкт-Петербургтан дәрігерлер келді. 2010 жылы қарашада бізге Алматыдан қоңырау шалып, ота 4-ші желтоқсанға тағайындалғанын айтты. Біз үш күннің ішінде барлық құжаттарды жинап, 1-ші желтоқсанда ауруханада болдық.

Питерлік дәрігерлер отадан кейін бізге кеңес берді. Ота – тек алғашқы қадам, қалғаны ата-ананың қолында, сендер қалай тәрбиелейсіңдер, баладан үнемі жұмыс істеуді қандай дәрежеде талап етесіңдер, қандай мамандар табасыңдар, соған байланысты деді. Өкінішке орай, көп ата-аналар отадан кейін ешнәрсе істемейді де, дәрігерлердің барлық еңбегі зая кетеді.

Ауруханадан шыққан кезімізде, бізге кохлеарлық имплантация жасалған балалармен жұмыс жөніндегі ата-аналарға арналған әдебиеттің үлкен жинағын (авторы - И.В. Королева) тапсырды, біз «Ата-аналарға арналған университет», «Кохлеарлық имплантациядан кейін оңалту» деген кітаптарды да, дискілерді, жетілдіретін ойынның жиынтығын алдық. Мұның бәрі екі жүз, немесе одан да көп доллар тұрған болар, бірақ біз үшін мұның бәрі тегін болды.

Ақсай ауруханасында тамаша дәрігерлер мен педагогтар жұмыс істейтінін айтқым келеді, олар балаларға өте жақсы қарайды, ата-аналарға түсіністікпен қарайды.

Қызымыз отадан кейін ұзақ оңалды, жиі ауырды, оның иммунитеті әлсіреді. Бірақ кейіннен біртіндеп қалпына келді де, қайтадан мектепке барды. Енді Карина басқа бағдарлама бойынша оқи бастады, қызымызда ымдар азырақ, ал сөздер көбірек. Мен сабақтарға қатысып, мұғалімнің қалай жұмыс істейтінін көрдім, ал содан үйде соны қайталадым. Жемісін жарты жылдан кейін көрдік: Карина дыбыстарды айыра бастады, кез келген шуға (целлофан пакеттің сыбдырына, түсіріп алған кілттің дыбысына) қарайтын болды, атын атағанда жауап беріп, барлық буындарды (тіпті ызыңды буындарды да) және әрбір әріпті анық қайталауға тырысты, «р» мен «к» әріптерін анық айтып үйренді (бұл осындай балалар үшін ең қиыны), онымен айналысу оңай бола бастады, бір нәрсені қайта-қайта айтудың қажеті болмады, ол дауыстың қаттылығын еститін және қайталайтын болды. Егер оған дауыстап сөйлесе – ол да дауыстап жауап беретін, сыбырлап сөйлесе – сыбырлап жауап қайтаратын болды. Отаның пайдасы тиді.

Карина бәрін бірден қағып алады, мінезі жағынан ол - көшбасшы. Кезекші болып, мұғалімге көмектескісі келеді. Балалармен скайп арқылы араласады, бір жерлерде ымдап, бір жерлерде бірдеңе айтуға талпынады. Үйде оны толық сөйлемдер айтуға үйретуге тырысамын. Ол қысқа сөйлемдерге үйреніп қалған: «Карина тамақ», «Нан, май», «Карина көше». Мен, әрине, бәрін де түсінемін, бірақ мен оған сөздерді толық айтуға мәжбүрлеймін. Кейде жылауға дейін барады. Күйеуім – «Немене балаға тиісе бересің...», - деп ашуланады. Бірақ мен егер қазірден бастап осындай тәсілдер қолданбасам, бәрі де сол қалпында қалатынын түсінемін. Үлкен қызым мен ауламыздағы балалардың Каринамен ыммен емес, сөйлесіп араласуын өтінемін. барлық балалармен жақсы араласады. Олар оны сөйлеуге, ал ол оларды ымдардың тіліне үйретеді. Қазір енді өздерін естігендерін қаламаған кезде, олар мұны пайдаланды.

Дүкенге өзі барады, тамақ сатып алады, әрі мен оған тізім жазып бермеймін, ол есіне сақтайды да қайталап айтады. Дүкен иесі әйелдің де ұлы даму мүмкіндіктері шектеулі бала, және ол балаларымызды салыстырып, Каринаның жақсы сөйлейтінін байқайды.

Өзіне қызмет көрсетуге Карина мектеп қабырғасында үйренді. Бұл жағынан бізде проблема жоқ, ол өзінің бөлмесін жинайды, заттарын ұқыпты жайғастырады.

Біз сабақтарымызды жалғастырамыз, қыста да, жазда да Алматыға кохлеарлық аппаратты күйге келтіруге барып тұрамыз. Карина логопедпен қосымша оқыса деймін, бірақ ол ұзаққа шыдамайды. Қазір біздегі проблема – көбейту кестесін жаттау керек, мұғалім маған Каринаға бөлу және көбейту дегенді қалай үйрету керектігі туралы кеңестер береді де, мен онымен үйде жұмыс істеймін.

Әрине, біз күйеуіміз екеуіміз Каринаның келешегі жайында көп ойлаймыз. Мен оның басқа балалардан өзгеше болмағанын (әзірге автобуста оған ешкім назар аудармайды), ал ең бастысы – өмірден өзінің орнын тапқанын қалаймын. Қызым екі жыл қатарынан «Жұлдызай» мүмкіндіктері шектеулі балаларға арналған Республикалық балалар шығармашылығы фестиваліне қатысып жүр. Биыл ол ыммен ән айтушылардың кіші тобында үшінші орын алды. Өте өнерпаз, сезімдерін көрсете біледі. Күйеуімнің қарындасы – кәсібі бойынша балетмейстер, Каринаны сахнада көріп «Ол өзін өз үйінде жүргендей сезінеді» - дейді.

Карина билегенді, фотоға түсіргенді өте жақсы көреді. Оған бет ормал берсең, түйіндеп байлап, одан бірегей киім жасап шығара алады.

Мен қызымның бишілік дарынын жетілдірсем деймін, мүмкін бұл оның кәсібіне айналар, сонда ол өзінің мектебінде хореография оқытушысы болады.

Өкінішке қарай, оларда ШДМ науқасы бар балалары бар отбасылар аз емес. Әрі баланың ауруы, емдеу әдістері туралы керекті ақпаратынан ата-аналардың барлығы бірдей хабардар бола бермейді, қай жерде көмекке және қолдауға ие болуға мүмкіндік барын білмейді. Бізде Қызылжарда БЦП және құлақ мүкістігі бар баланың анасы тұрады. Ол ұлына қалай көмектесуге болатыны жайлы ештеңе білмеді. Торығып жүрді. Мен оған САТРдың, басқа мамандардың телефондарын бердім, өз басымның мысалында ұнжырғаны түсіріп, түңілуге болмайтынын түсіндірдім. Қазір ол ширады, көңілдене бастады. Айтпақшы, оларда құлақ мүкістігі диагнозы расталмады.

Мен барлық даму мүмкіндіктері шектеулі балалардың ата-аналарына торықпауды және қамықпауды тілегім келеді. Айналаңызға қараңыздар, сіздердің қастарыңыздан сіздерге көмекке келе алатын және оларға сіздердің көмектеріңіз қажет адамдар әрқашанда табылады.

ӨЗГЕЛЕРДІҢ ҚОЛЫНАН КЕЛЕР ІСІ МАҢЫЗДЫ ЕМЕС... БАСТЫСЫ – ТАБЫСҚА ЖЕТУ ҮШІН ӨЗ ҚАБІЛЕТІЛІГІҢЕ СЕНЕ БІЛ!

Сергей Петров түсірген фотосурет



Татьяна Юрьевна Ваничкинаның екі білімі бар – экономист және дефектолог. Екінші жоғарғы білімді қазір 8 жастағы қызы Юляға көмектесу үшін алды. Олар Павлодарда тұрады.

Бала туғанға дейін мен бір жай кәсіпорында қатардағы экономист болып жұмыс істедім, орнымды таптым деп сездім, 1 тәуліктің ішінде жылдық сметаны жасай алатынмын. Жүктіліктің ең қорқынышты жемісі БЦП немесе Даун синдромы бар баланың тууы деп санадым. Ол аурулардың себептері жайында ойламадым, бірақ, көпшілік секілді, санамның бір түкпірінде олар сәтсіз ата-аналардың балалары деп санадым. Жүктілікті оңай көтердім, әр жасушамды баламмен байланысты сезіндім және өзімнің күйімнен рақат алдым. Өзіме және болашақ сәбиге өте күтіммен қарадым, тек пайдалы аспен дәрумендерді қабылдадым, тіпті шашым мен тырнақтарымды бояуды қойдым (!), қымбатты кішкентайыма бір де бір токсин зиян келтірмеуін тіледім.

Пәле күтпеген жақтан келді. Босануды жоспарлаған перзентхана жууға жабылып қалды да, мен өзіме беймәлім, біздің өмірімізді астан-кестен қылған акушер әйелдің қолына тап болдым ...

Сәбидің жүрегі бір сағат интервалмен тыңдалды, және жүрек соғысының бұзылуы анықталған сәтке қарай, сәби тым ұзақ азаптан-ды. Нәресте сұмдық жарақат алды, тыныстамай және жүрегі соқпай туды, жан сақтау процедураларынан кейін бірнеше тәулік бойы ӨЖЖ астында ауырсыну синдромымен жатты. Ауру оған бір сәтке болса да тыным бермеді және тіпті препараттардың әсері ұйқыға кетуге мүмкіндік бермеді. Балалар дәрігері сәбидің үміті жоқ – ұзақ тұншығудың нәтижесінде ми өлді деді. Қызымның орнына аппарат тыныстауда. Таңертең мені нәрестеме соңғы рет, жан сақтау бөлімшесіне шақырды...

Минуттар таусылмайтындай көрінді. Шақырды... Не үшін – айтпады. Аяқтарым дірілдеп, бүгілмей мен бітпейтін дәліздермен қызыма бара жаттым.... Қызымды көрсетіп, тірі екенін, бірақ үміт аз екенін айтты. Аз, демек бар ғой? Сұрақтар қоймай қинады: «Қай жерде қателік кетті? Неге жүрек соғысын сағатына 1 рет қана тыңдаған? Қайда жүрген? Қандай шұғыл шаруамен айналысқан?»

Біздің емдеуші дәрігеріміз, жан сақтау бөлімшесінің меңгерушісі, Эльвира Касмановна – керемет әйел. Мен үшін штаттық кестеде бар, бірақ штатта жоқ психологтың орнын басты. Ол сабама түсіру, бірақ жалған үміт ұялатпау үшін әрдайым аңдап сөйледі.

Менің бөпем аман қалды. Қызымды үйге алып келген сәттен бастап, мағынаға және ...айқайға толы басқа өмір басталды. Юля ылғи жылайды, дәлірек айтқанда, төзбейтін ауруды сезінетіндей айқайлады. Дәрігерлердің ауа-райы мен шаншуға сілтегені дәрменсіз болды. Егер

медиктер себебін таба алмаса, олардың қорында әрдайым ауа-райы мен шаншу бар.

Ұйқыға кеткенде қиындықтар болды, Юляның ұйқысы нашарлады, әсіресе 4 жасқа дейін әр дыбыстан оянып кете беретін болды. Ұйықтап кету қиынға соқты сәбиге жұтыну өте қиындық туғызды, айқайдың астында бөлмені айнала кездік. Ұйқы үстірт. Төсекше жарты жылдан кейін керек болмағандықтан сатылды да, қызым 4 жасқа дейін арбашада үзбей тербеліп ұйықтады.

Тамақтандыруда қиындықтар болды, мазасыздандым, үнемі бір нәрсе жетіспегендей болды. Емізік ұнамайды ма, қоспа ондай емес пе? Қоспалар мен емізіктердің барлық түрлерін сатып алғаннан және барлық нұсқаларды ежектегеннен кейін себебін басқадан іздеу керектігін түсіндім.

Кейінірек мұның бәрінің түсінігі табылды. БЦП ауыр нысаны деген диагноз жарты жылдан соң қойылды.

БЦП – тек қимылдау функцияларының бұзылуы ғана емес. Бұл организмнің барлық жүйелеріндегі, соның ішінде тамақтанудың барысында, сәбидің қоршаған әлемді, қабылдауы нашарлады.

Диагноз туралы білгенде, өзге ата-аналар тәрізді менде ізденіп, түрлі жолдармен ең ұтымды емдеу әдісін табуға талпындым. Қазір Ғаламторда көптеген ұсыныстамаларды, әдістемелерді табуға болады. Юляның алғашқы екі жылында қаламызда сәбилерге арналған ешқандай оңалту орталығы жоқ еді. Клиникалар мен лебіздерді мұқият саралап, біз Мәскеудің 18-ші ауруханасында, Трускавецтегі Козьявкиннің клиникасында, әскери госпитальда және Қытайдағы «Арзюань» клиникасында, содан кейін Астанада РБОО, Алматыда «Балбұлақта» оңалтудан өттік.

Мен сәбиге жаңа әсерлер мен сезімдер, оңды эмоциялар әкелетін сәттер пайдасын тигізеді дер едім. Және түйсік пен қисынға сүйене отырып, қол жететіннің бәрін – оңалту орталықтарындағы сабақтардан бастап жекеше клиникаларға, бассейндерге, теңізге, дельфиндерге, аттарға және үйдегі сабақтарға дейін пайдалану керек. Бар жерде жаңа білімдерге, машықтарға, тәжірибелі адамдармен таныстыққа ие боласың, одан әрідегі іс-қимылдар жоспары қалыптасады.

Әр ерекше сәби өз уақытында белгілі бір жаттығуларға әзір болады. Анасына оны сезу, асығып-аптықтау және баласын пайдасы жоқ қимылдармен қинамау керек.

Ғажайып айығу мысалдары атақтары мен марапаттары бар ең әйгілі профессордан бастап кемпірге – тұқымынан дуагерге және

сығанға дейін, ол үшін ақша алатын әркімде жеткілікті. Жедел түрде барлық күмәнді әдістерді шеттетіп, қызымыздың әр күнін көңіл-күйінің жоғарылығы мен денешынықтыру жаттығуларымен толығуына көңіл қойдық.

Осындай жағдайға тап болған ата-аналарға Нэнси Р. Финдін «Церебралдық сал ауруымен ауыратын сәби. Көмек. Күтім. Жетілдіру. Ата-аналарға арналған кітап» атты кітабын ұсынар едім, онда ең қарапайым тілмен бобат-терапияның барлық негіздері, сәбиді қалай көтеру, оны қалай отырғызу, онымен қалай ойнау, тамақтандыру керектігі суреттелген... Ең бастысы, оңалту – күніне бір мәрте бір сағат сабақ емес, өмір екенін түсіну. Бәрінің де маңызы бар – сіздердің қалай және қандай күйде ойнайтындарыңыз, демалатындарыңыз, теледидардың алдында отыратындарыңыз және әткеншек тебетіндеріңіз, тамақ ішетіндеріңіз және жатқандарыңыз – бәрі де бақылауда болуға тиіс.

Әдістеме бізге көп көмектесті. Қызымды аяғына тұрғызған жоқпын, бірақ өмір әлдеқайда ыңғайына түсті, қайда бет алу керектігін түсінуді қалыптастырды.

БЦП бар балалар үшін басты жетілу факторы – қимылдау. Бұл орайда, физикалық оңалтумен қатар, ерекше адамның өмірінде техникалық оңалту құралдары (ТОҚ) аса маңызды рөл атқарады. Ыңғайсыз арбада отыру дене мүсінін тік ұстауға мүмкіндігі жоқ – ДЦП-ның ауыр науқасына шалдыққан бала төмен түсіп кетеді, арбаның қайысы бала денесін тік ұстай алмайды.

Юля 3 жасында басын ұстауға дәрменді болды. Ол денесінің теңбе-теңдігін сақтай алмайтын, қажетті кейпін, спастика, сәби отыра, жүре алмайтын, тек 8 жасына қарай ұзақ уақыт ішіне жату қалпына келе бастады. Біздің жағдайымызда, ДЦП-ның ауыр науқасына шалдыққан балаға дұрыс ТОҚ тағайындалғаннан кейін-ғана арбаға дұрыс отырып, жүріп үйренуге арнайы жасалған жүргізішке, велосипедте тебуге ыңғайланады. Юляға пайдалануға тиіледі, қажетті заттарды алу үшін инетте бар ТОҚ теханықтамалары, қосымша фиксаторлар дайындалып, Юля және басқа балалар үшін отырғыштардың сызбалары дайындалды.

Мен әр облыстық (немесе ең болмағанда республикалық) орталыққа арбашалардың, вертикализаторлардың, ит арбалардың және басқа ТОҚ негізгі түрлерінің бірнеше моделін сатып алуды және сәби оңалтудан өтетін жері бойынша модельді әлдеқайда мұқият таңдау үшін өлшеу мүмкіндігін ұйымдастыруды ұсынар едім. Сонда мемле-

кеттік қаражаттарды тиімсіз жұмсаудың мүмкіндігіне жол берілмейді. Егер бұл орайда оңалту курсынан өткеннен кейін ата-аналар оған қоса МӘСК оларды қарастырып қабылдауға міндетті болатын реабилитолог дәрігердің немесе ЛФК дәрігердің жеке алынған сәби үшін ТОҚ түрі мен моделі жөніндегі ұсыныстамаларын жазбаша түрде ала алатын болса, ерекше балалардың өмір сапасы түбегейлі жақсарар еді.

Осы жылдардың ішінде қандай тәжірибе жинақталды, басқа ата-аналарға қандай кеңес бере аламын?

1) Бірден айтайын, бір де бір сапарым жайында өкінбеймін деуге болады, әрқайсысында белгілі бір тәжірибе және сәбимен жұмыс істеу туралы білімдер жинақталды, әрқайсысында қызым эмоционалдық тұрғыдан жақсы жағына қарай өзгерді, бұл өмір сапасына өте әсер етті.

2) Бірақ, сонымен қатар бір де бір сапар принципінде ең маңыздысы болмады, ешқандай жерде түбегейлі (сайттарда жиі уәде берілетін және ата-аналар оларға соншалықты үміттенетін) нәтижелер алынбады. Үйдегі күнделікті еңбек үшін керек ойлар, жаңа тәсілдер мен жаттығулар пайда болды. Мысалы, Астанада өте ыңғайлы вертикализаторлар, ағылшын жабдығы болды, соның арқасында біз өзіміздің вертикализаторларымызды, отырғыштарымызды, әткеншектерімізді сынап, құрастыра алдық.

3) 3 айда бізге тырысқақ жоқта тырысқаққа қарсы құралдар тағайындалды. Тырысқақ синдромы өзін мазасыз ұстаудың, дыбыстарға селк етудің, нашар ұйқының негізінде қойылды. АЭП зиянды әсері туралы көп нәрсе оқып, неврологтың – олардың қарсыласының рұқсатымен мен препараттар беруді доғардым. 4 жаста ұстамалар басталған уақытта, бізге оларға отыруға тура келді. Өмірдің сапасы жақсарғанын көрудемін: ұйқы қайта-қайта ұшып тұрудан арылып, тербеусіз 11 сағатқа созылды. Біз үшін бұл препараттардың зиянынан пайдасы көп екеніне сенімдімін.

4) Күні бұрын 1-ші қабатқа көшудің қамын ойлаған дұрыс: сәби жылдам өседі.

5) Жан тыныштығы жайында. Бәрі де өтетінін үнемі есте ұстау керек. Егер менің жағдайым өзгертетін болса, бәлкім, мен жеңілдеп қалар едім. Жан азабы біраз басылады, дегенмен мүлдем кетпейді, әр ана өзінің баласы үшін күйзеледі. Көп ұзамай әдеттен тыс өмір болса да, оның күнделікті қуаныштарын бағалай бастайсың: сәбидің жымығаны, ата-ананың шексіз сүйіспеншілігі, бірге өткізген әр минут – маған біздің өмірімізде мұның бәрі әдеттегі отбасыларға қарағанда тереңірек сезілетін секілді болып көрінеді.

6) Сәбиде әлдебір сабақтардың лажсыздығының сезімі болуға тиіс, ең жақсы әдістеме – күн сайын орындалатын дұрыс таңдалған жаттығулар мен сабақтар. Олардың бірнеше түрі болуы мүмкін. Бұл уақытты жіберіп алмаудың және сәбиді мүмкіндігінше қалпына келтірудің бірден бір тәсілі.

7) Басқалардың нәтижелеріне тым бағдарланудың керегі жоқ – әркімнің өз көкжиегі бар. Миының зақымдалуы дәрежесі мен сапасы жағынан басқа баланың миының зақымдалуымен бірдей болатын бір де бір бала жоқ.

8) Сәбиді әдемі әрі ұқыпты киіндіру маңызды. Өйткені жетілуде сезімдер мен эмоциялар жиі маңызды рөл атқарады. Мамандар, көліктегі жолаушылар, көршілер және жай жүргіншілер болмасын, бөтен адамға күтімі бар сәбиді қолынан ұстаған, онымен «сөйлескен», оған жымыяп күлген жағымды.

9) Ерекше балалардың ата-аналарының әділетсіз тағдыр туралы және жағдайының ауырлығы туралы әңгімелерді қолдамаймын, өзіміздің сабақтарымыз туралы көршілерге әңгімелемеймін және хабары жоқ достарымның ем жайындағы кеңестеріне құлақ салмаймын, өзімді мүсіркеуге жол бермеймін және қызымсыз ешқайда бармайтыныма қиналмаймын. Өз өмірімді тұңғыыққа кеткен, ал өзімді бақытсыз деп сезінбеймін. Бөбегіме деген шексіз сүйіспеншілікпен мәпелеп қараймын әрі қарағанда көзім тоймайды.

10) Әр күнді ол өмірге дайындық емес, толыққанды өмір болатындай өткеру керек. Ең бастысы, ана тек мамандарға иек артып қана қоймай, бәрін өзі сезуге тиіс. Жекеше клиникалардың иелері үшін сіздің сәбиіңізді оңалту – ақша табудың жолы, пайдалы ештеңе бермейтін, тек сәбидің асыл уақытын алатын процедуралар жиі тағайындалады. Уақытты бос кетірмеу үшін, өзіңе сұрақ қою керек: бұл менің сәбиіме расында да керек пе, бұл мақсатқа жеткізеді ме? Әрі қарай жүрудің бағытын саналы түрде таңдау керек. Егер қайда жүріп бара жатқаныңды білмесең, онда белгісіз бір жерден бірақ шығасың ...

11) Тақырыптан хабары жоқ және жанашырлық танытқысы келетіндер үшін: жанашырлық «ерекше» сәбидің ерекшеліктері мен диагноздары туралы айту емес, оның қолынан ұстау, жымыю, әдемі көздерін мадақтау.

Қазір біз күн сайын түске дейін «Самал» оңалту орталығында боламыз, бұл жерде жылы үй жағдайы орын алған, онда Монтессори кабинетіндегі сабақтарға, логопедтің, дефектологтың, еңбек терапевтінің,

ЛФК нұсқаушысының сабақтарына, музыка сабақтарына қатысамыз.

ПМПК тарапынан бізге Юляның оқуға жарамайтыны туралы қорытынды берді. Олардың өз себебі бар:

– Қаламды, қарындашты ұстайсыздар ма?

– Жоқ.

– Сөйлейсіздер ме?

– Жоқ.

– Онда мектептің керегі не сіздерге? Одан соң бәрібір үйде отыратын боласыздар.

Нәтижесінде, біз үйде білім беруге және тәрбиелеуге жәрдемақыдан құр қалдық. Сонда, «оқытуға жарамайтын» деп ен тағылған ерекше балақайларға жетілдіруші құралдар да, кітаптар да керегі жоқ болғаны ғой. Сәбидің мүгедектігі бойынша жәрдемақы неге жетеді? Тұра 2 йогуртке, бір литр сүтке, 2 жеміске және күніне 2 памперске жетеді (мемлекет 1 күнге 1 памперс береді).

Қоршаған әлемді танып-білуге және оны сезінуге мүмкіндік бермейтін балақайлар бар екеніне келісемін. Бірақ, өздері үшін жаңа білімдер мен ебдейліктерді ашуды жалғастыратындары да бар (көбісін жеке білемін), бірақ ол бойынша ауыртпалықтың бәрі аналардың иығына түседі.

Мемлекетіміз оқытуға жарамайтын балалар жоқ деген саясатты қолдайтын секілді еді, бірақ іс жүзінде Конституцияның жаппай білім алуға құқық туралы бабының бізге қатысы жоқ болып шығады. Ал Выгодскийдің ең жақын жетілу аймағы туралы теориясы ше? Біз өз шектерімізді білеміз, бірақ бір машықтарды дамытқанда, жалпы миды дамытатынымызға және ол біздің өмірімізге ықпал ететініне кәміл сенімдімін. Юля санау мен әріптерді танып-білуде және табыстарға жетуде.

Өзіңе және басқаларға қалай көмектесуге болады?

Біріншіден, қоғамдық ұйымдармен және мемлекеттік органдармен белсендірек араласу керек. Әрі жатқан тастың астына су ақпайтыны жайында және ата-аналар – мемлекеттің бір бөлігі екені жайында ұмытпау керек. Мемлекеттік шенеуніктер сіздің проблемаларыңызды терең сезіне алмайды және тек сіздің балаларыңыздың өмірінің сапасы ғана емес, сонымен қатар кейіннен дүниеге келетіндердің де өмірі сіздің өз сәбиіңіздің құқықтары мен қажеттіліктерін қаншалықты табанды қорғауыңызға байланысты. Иә, біздің жүйе оңай емес және қиындықтар болады, бәрі рас, бірақ әр қадам – алға жасалған Қадам...

Өрқашанда өзіңнің ата-аналық позицияңды дәйекті және анық білдірген маңызды. Әлеуметтік қорғау қызметі беретін арбаша ба-

лақайға жарамай ма? Одан бас тартқан (қайта тапсырған), несімен жарамайтынын, нақты сәбиге қажет арбашаның қандай техникалық сипаттамалары болуға тиіс екенін жазбаша көрсеткен дұрыс ...

Екіншіден, өзіне өзі көмектесе алмайтынға көмектесу керек. Басқалар үшін әлдебір ұсақ-түйектерді жасауыңызды доғармаңыз, мүмкін, әлдекім үшін ондай ұсақ-түйек оның жүрегінен үлкен орын алар және, күмән жоқ, бұл сізге күш береді. Ата-аналары бас тартқан ерекше балалар өте көп. Бәлкім, олар үшін тап сіз бір нәрсе жасай алатын боларсыз, өйткені әлдебір мәселелерде басқаларынан көрі көбірек жетіксіз (әлдебір арнайы тәсілдер, техникалық құралдар, жетілдіруші заттар немесе мерекелерді ұйымдастыру немесе мемлекеттік органдармен түйінді мәселелерді шешу, басқасы). Алдымен қызметкерлермен немесе басшылықпен жай сөйлесуге болады. Бұл өмірде көп нәрсе өзіңе қайтып келеді, мүмкін, сізге басқа адамдардың көмегін күтуге және қабылдауға тұра келетін шығар. Кейде, соның ішінде мемлекеттік органдарға ұжымдық жолдаулар құрастыруға қатысу арқылы, басқаларға көмек көрсетуге мүмкіндік, уақыт және күш тапқанда – өзіңіз үшін және басқалар үшін игі іс, алға қадам жасайсыз ...

Қазір қандай көмекке мұқтажбыз?

Юля біраз өсті, енді біз оңалтудың ең маңызды амалдарының бірі – бассейнсіз қалдық. Бір ғана жылы қалалық бассейн – ескі, кіп-кішкентай, Оңалту орталығының ғимаратының жертөле үй-жайында – 5 жасқа дейінгі балақайларға арналған. Балабақша жасынан асқан, олардың жүзгілері келетін және оған мұқтаж, әлсіреген және жиі ауыратын балақайлар не істеуі керек?

Су процедуралары – шынықтыру мен сауықтырудың неғұрлым маңызды түрі. Ал егер шынығу рақат әкелетін болса – онда ол екі есе пайдалы. Бассейнде жүзу – оңалтудың басты әдістерінің бірі, бұл ауыр физикалық бұзылушылықтары бар балалар өздерін еркін сезіне алатын бірден бір орын деуге болады. Бұл орайда, спастикалы балалардың жағдайын ауыртпай, өздерін еркін сезінуіне ғана жету үшін, су жетерліктей жылы (34 градус) болуға тиіс. Бассейн ШМ бар балақайлардың қажеттіліктеріне сәйкес жабдықталған және барлық мұқтаж балалар – денсаулығы осал және жиі суық тиіп ауыратын, осал денсаулығының себебінен әдеттегі бассейндерде жүзе алмайтын балалар үшін қолжетімді болуға тиіс.

Әр қалада барлық оңалту құралдарының (бассейн, оңалту орталықтары, техника оңалту құралдары, диспорт) болғанын және

әуре-сарсаңға түскен ата-аналарға қалалар мен мекендерге шапқылап, еңбекпен келетін қаражаттарын жол ақысына және үйден тысқарыда тұрмысты жайластыруға арналған шығындарды жұмсауға тура келмеуін ең маңызды деп санаймын. Оның үстіне оңалту күн сайын болуға тиіс.

Санаторийлік-курорттық емделуді қабылдайық. Әлеуметтік қорғау туралы заң бойынша біздің балаларымызға жыл сайын тағайындалуы тиіс. Оны қанша бала және қаншалықты жиі алады? Мен біздің балаларымызға арналған тек бір арнаулы санаторийді білемін, Юля ол жерде бір жолы болған – Алматыдағы 30 орынға арналған «Балбұлақ», екі қабатты (лифт жоқ!). Бұл дұрыс емес.

Ерекше балалар өздерінің қатарластарына қарағанда аз қимылдайды, тұмау ауруларымен жиі ауырады, ондай уақытта сабақтарды жіберіп алуға мәжбүр болады, бұл шегіншектеуге әкеліп соғады. оларға теңіздің ауасы, шомылу, табиғатпен тыныстау өте қажет. Қаламыздан 4 сағаттық жолда «Баянауыл» туристік аймағы бар. Қазақстанның даласының ортасында жатқан әсем табиғаты бар өңір. Неліктен сонда біздің балаларымыз үшін бейімделген, бассейндері, иппотерапиясы, арнайы велосипедтері бар санаторий тұрғызбасқа?!

Оңалтудың енді бір маңызды құралы – диспорт. Диспорт жоғары клиникалық тиімділікке ие және балалар қолдану үшін қауіпсіз. Оқшау әсер етіп, препарат бұлшық ет спазмдарын басады, оңалту іс-шараларының кешенін жүргізуге көмектеседі. Бүгінгі таңда БЦП бар балалар диспорттың инъекцияларын Астанада Республикалық Балаларды Оңалту Орталығында және Алматыдағы «Балбұлақ» орталығында ала алады. Диспорт балаларға елеулі прогреске жетуге және жаңа машықтарды меңгеруге көмектеседі, спастикалықты азайтады және контрактуралардың, қимылдау қиындығының және ауырсынудың алдын алады.

ҚР Денсаулық сақтау министрлігінде маған диспорт келісу процедурасынан өту сатысындағы БЦП оңалту стандартына енгізу туралы мәселе қаралуда деп жауап берді.

Бұл инъекцияларды балалардың барлығы бірдей ала алмайды, оның себептері әр түрлі: РБОО «Балбұлаққа» кезектер, шалғайда тұру, сондай-ақ балалардың интернатта болуы (проблема ерекше балаларды тасымалдаудың ауыр жағдайларына және ересек адамның ілесу мүмкіндігінің жоқтығына байланысты оңалту орталықтарына түспейтінінде).

Сондықтан оған мұқтаждарға диспорттың инъекцияларын, кеңесшілерді қаланың өзіне жылына 2 рет шақырумен әр облыста жүргізген маңызды деп санаймын.

Бүгінгі таңда мүмкіндіктері шектеулі адамдар үшін бөгетсіз ортаны қамтамасыз ету мәселелерін шешудің көбірек мүмкіндіктері пайда болды. Біздің облысымызға тамаша беделді, бұрынғы жұмыс орнындағы адамдардың тарапынан жақсы лебіздері бар, жаңа әкім – Қанат Алдабергенұлы Бозымбаев тағайындалды. Оның шешімінің, басқармалар мен «Оптимист» ҚҚ қызметкерлерінің жұмысының арқасында біраз уақыттан бері біз өз пәтерімізге көтергішпен көтерілеміз. Енді баспалдақтармен салпаңдап шапқылау деген жоқ және арбашамен, Юлечкамен және азық-түлікке толы себетпен көтерілгеннен кейін, әрі қарай өмір сүру үшін не күш қалады.

«Инватокси» қызметінің жетекшісі Елена Юрченкоға тамсанудан шаршамаймын. Мұндай сервис бұрын бізде болмаған еді: Лена мен оның тамаша командасының жұмысының арқасында жүруде проблемалары бар адамдар жұмыс күндері және демалыс күндері сағат 07.00-ден 19.00-ге дейін жұмысқа, оқуға, спортпен айналысуға, тіпті дүкенге және демалысқа көлікпен бара алады. Бұл егер шындап кіріссе, проблемаларды шешуге болатынының жақсы мысалы.

ТӘУЕКЕЛГЕ БЕЛ БУЫП, ОЙҒА АЛҒАН ІСТІ ЖҮЗЕГЕ АСЫР

Александр Пархоменко түсірген фотосурет



Александр Васильевич және Александра Васильевна Пархоменко отбасының ұлдары Никита 2002 жылы туды. Қазір ол 5-ші сыныпқа көшті. Никитаның табысқа жетуінде негізгі рөл атқарған әжесі – Ирина Валентиновна Камышова болды. Ол өзінің немересіне қалай көмектескенін әңгімелейді. Отбасы Павлодарда тұрады.

Мен мамандығым бойынша педиатрмын. Никита ауырып қалған кезде, мен бәрін тастадым да, онымен әже ретінде де, дәрігер ретінде де айналыса бастадым.

7 айлығына дейін Никита қалыпты жетіліп келе жатты. Бәрі кезекті АҚДС+гепатит+полиомиелит екпесінен басталды. Регресс біртіндеп

жүрді. Алдымен бала құыршаққа айналды – эмоциялар жоғалды, атын атап шақырғанға қарауын қойды, бізді де көрмейтін болды. Содан кейін – айналасындағының бәрін қирататын бейне бір Мауглиге ұқсап бара жатты...

Никитаның папасы – кәсіпқой фотограф. Ол ұлының ғұмырының алғашқы күндерінен бастап оны фотоға және үй видеосына түсірді, соның арқасында немеремнің жетілуінің барлық сатылары сақталған, оларды көруге және салыстыруға болады.

Біз психиатрдан кеңес алмақ болдық, бірақ ол дәрігер тек 4 жастан асқан балаларды қабылдайды, ал уақыт күтпейді. Қалпына келтіру үшін неғұрлым қолайлы жас 18 айдан 5 жасқа дейінгі жас шамасы болып табылады. Алматыға CATP орталығына бардық. Біз диагноздың анықталғанын асыға күттік, білместіктен одан кейін проблема шешімін табады деп ойладық. Ол кезде мен аутизм дегеннің не екенін әлі елестетіп көрмегенмін. Институтта оны оқыған жоқпыз. Оның үстіне өзімнің көп жылдық практикамының барысында да мен бұрын ондай балаларды кезіктірмегем. CATP қаралу сәтіне Никита сөйлемейтін, көзге тік қарамайтын. Тек гиперактивті ғана емес, сонымен қатар агрессивті болды. Сенсорлық проблемалардың асқынғаны сондай, бала жанасқанға тезбейтіні былай тұрсын, өзіне киім кигізуге де мүмкіндік бермеді. Өз бетімен тамақ жемеді. Жас шамасы бойынша базалық машықтары қалыптаспады. Ас қорытуда проблемалар орын алды. Тамақты көрінеу талғап жеді. Нәрестелерге арналған сүт негізіндегі пакеттердегі ботқалар – сол уақытта оның бар рационы осы болды.

Бала өте ауыр болды. Біз тіпті бөлек қыдыратын болдық. Көпшілігі немеремді қалыпты қабылдады, жанашырлық танытты, бірақ «Мынаны әкетіңіз» деген сияқты реакция да болды. CATP тексерілудің нәтижесі көптен күткен диагноз – аутизм және «бала ешқашанда сөйлемейді, ешқашанда мектепке бармайды» деген үкім болды.

Мен былай пайымдадым: егер бар нәрсе сынса, демек ненің сынғанын табу және жөндеу керек. Мен маман емеспін, менде дайын рецептер болған жоқ, оларды іздеу керек болды. Кездейсоқтық көмектесті – мен ауырып қалдым да, Никитаға күтуші шақыруға тұра келді. Біздің жолымыз болды, күтуші ағылшын тілін біледі екен, және ол Ғаламтордан биомед туралы ағылшын тіліндегі ақпаратты бірінші болып тапты. Шет елдерде бірнеше ондаған жылдар бойы биомедті пайдалану жақсы нәтиже беріп келеді. Содан кейін орыс тіліндегі ақпарат пайда болды. Мен компьютер сатып алдым, Ғаламторды қосқыздым да, енді өздерінің аутист балаларын емдеуде сондай-ақ алғашқы қадамдарын жасап жүрген аналардың сайтын өзім тауып алдым.

Биомед деген не? Бұл аутизмді емдеудің альтернативті биомедициналық тәсілдемесі. Тіректену негізінде, бұл глютенсіз және казеинсіз диета, оған қоса дәрумендік-минералды үстемелер. Глютен – бидайдың, қарабидайдың, сулының, арпаның құрамында болатын протеин, желімтік ретінде белгілі. Казеин – сүттің құрамында болатын протеин. Ондай балалардың асқазан ішек тракты ол протеиндерді ақырына дейін ыдыратпайды, нәтижесінде қорытылмаған қалдықтар қалады, олардың морфийге ұқсас құрылымы бар. Аутизм диагнозы бар адам опиаттардың әсеріне түседі, яғни, «еріксіз есірткіқұмарға» айналады, бұл «шизофренияға ұқсас» жүріс-тұрысқа, галлюцинацияларға ұласып, онымен коммуникацияны одан сайын қиындатады. Бірақ, өз кезегінде, бұл организмдегі басқа бұзылушылықтардың салдары.

Зерттеулер аутизм спектріндегі балаларда бұзылушылықтар мен аурулардың бірқатары төрт есе жиі байқалатынын көрсетеді: ішек бұзылушылықтары; иммунитеттің бұзылушылықтары; детоксикация жүйесінің бұзылушылықтары; метаболизмнің бұзылуы және мальабсорбция – оның кезінде тағамдағы нәрлі заттектер қалыпты сіңірілмейтін және нәрлі заттектердің (дәрумендердің, минералдардың және басқа) тапшылығы орын алатын жағдай).

Сондықтан, мидың жағдайына нәрлі заттектердің созылмалы жетіспеушілігі мен токсиндермен улану себеп болады. Жаклин Мак-Кендлесс аутизмі бар балалар туралы өзінің тап осылай: «Милары ашыққан балалар» деп атағаны кездейсоқ емес. Бұл кітаптың басты тақырыбын Ғаламтордан оңай табуға болады.

Аутистерде басым бөлігінде алмасу үдерістері бұзылған, соның нәтижесінде организмде токсиндер пайда болады. Мұның бәрі баланың жүріс-тұрысына ықпал етеді. Мысалы, жынды секілді қарқылдап күлу организмде ашытқының көп көлемінің орын алғанының белгісі, сөзі ауыр металдардың жүгінен және вирустық жұқпалардың салдарынан жие бұзылады.

Биомедті ресми медицина мойындамайды, бірақ базалық медициналық білімім маған оны бірден қабылдауға көмектесті, мен мұның алдамшылық еместігін түсіндім. Ол түгелдей классикалық медицинаға сүйенеді. Оған дейін Никитаның проблемалары бөлек-бөлек, шашыраған пазлдар секілді көрінетін. Биомедті зерделеудің барысында олар біртіндеп біртұтас сурет болып құрала бастады және ақыр аяғында аурудың жалпы көрінісі түзді.

Адам организмі – биохимиялық машина, онда үнемі әлдебір нәрсе бірдеңенің әсерінен бірдеңеге айналып жатады. Басқаша айтқанда, организм – оркестр, және оркестрде бәрі де маңызды. Осыдан келіп бүкіл

организмнің жұмысын қалпына келтіру міндеті туындайды. Ем кешенді болуға тиіс. Алайда, психиатрлар, аутизмді таза психиатрлық ауру деп санап, өз пациенттерінің тән денсаулығына назар аудармайды. Бар әлем мойындамай отырғанымен Биомедтің көмегімен аутизм емделмейді, тек денсаулық бірте-бірте қалпына келтіріледі.

Нәрлі заттектердің жеткіліксіздігінің және токсиндермен уланудың дәрежесі әркімде дара, сондықтан симптомдардың шашыраңқылығы өте ауқымды. Баланы иммунологта, эндокринологта, гастроэнтерологта, нефрологта мұқият тексерту, бірқатар талдамалар тапсыру, зат алмасу тізбегіндегі осал буындарды анықтау керек болды. Ұзақ, шығынды, шыдамдылықты, ал кейде жай ғана ата-ананың жүректілігін талап ететін жол.

Біздің отбасымызда мен – лоцман, ал кеме капитаны – мамасы. Папасы – табыскер. Мен – жаратылысым жағынан батып кетпес үшін, май шайқайтын бақамын, мамасыңда бұл қасиет одан да күшті дамыған. Бізде алауыздық болмады. Мен, мамасы және күтуші қатарынан организмді биомедтің көмегімен қалпына келтіре және Никитаны жетілдіре отырып, арбаны бір жаққа тарттық.

Тактика – диета, микроэлементтер, хелирлеу (бұл ерекше препараттардың көмегімен ауыр металдарды байлау және оларды организмнен шығару), вирусқа қарсы ем – өзінің жемістерін әкелді. Алғашқы белгілер пайда болды, бала біраз жөнге келіп қалды. Бірақ сөздің дамуы әзірге білінбеді. Біз әзірше үлкен нәтижелерге үміттену ерте екенін түсіндік. Денсаулықты қалпына келтіру – бұл еңбектің жартысы - ғана, баланы жан-жақты дамыту сауықтыру емесі оны біліммен жетілдіру емі. Сабақ кез келген ауа-райы жағдайында болады деген ойға көңдігуі үшін онымен күн сайын айналыса алатын мамандарды іздей бастадық. Тамаша логопед-дефектологты таптық. Ол әйел бәрін түсінді және онымен жұмыс істеуге әзір болды. Алуан түрлі машақат: айқай да, жұлынған шаш тұлымдары да болды. Мен әжемін ғой, шыдаймын, ал логопедке оның керегі не? Иппотерапиямен айналыстық. Логопедпен, дефектологпен және психологпен сабақтар әлі күнге дейін жалғасуда. Қазір онымен йога бойынша жаттықтырушы жеке айналысады, сүйектерін түзетеді.

Бізге ол ешқашанда сөйлемейді деген тұжырым жасаған. Бастапқыда мен толық сауығу туралы армандаған да жоқпын. Тым болмаса, өзін киіндіруге мүмкіндік берсе, қасықты ұстаса, атын атағанда қараса... Қазіргі стратегиялық мақсат – баланы толық қалпына келтіру. Мектепте білім беру. Бүгін Никита сөйлеседі, 4-ші сыныпқа көшті. Аутизм жоқ, бірақ дизлексия және дисграфия бар. Бұл енді проблемалардың басқа деңгейі. Оған өлеңді жаттау әлі қиын, бірақ компьютерді оңай жаратады, жақсы

фотоға түсіреді, онда композиция сезімі, әлемге деген қызық көзқарасы бар. Қару-жарақ туралы бәрін біледі. Қару өлтірмейді, адам өлтіреді дейді.

Біртіндеп, агрессивті баладан (бір жылдың ішінде ол бүкіл пәтердің талқанын шығарды) ол тыныш, біртоға балаға айналды, бірақ әзірге әлі де күңкілдеуді шығарған болатын – бұл онда пубертаттық кезеңнің осылай көрінгені.

Әрине, проблемалар көп болды және болып қала беруде. Мысалы, ПМПК бізге балабақшаға жолдама берді, бірақ бізге диета керек. «Біз бірнеше сағатқа келіп тұрсақ бола ма?», - деп сұраймын да, жоқ деген жауап аламын. Нәтижесінде балабақшаға бала тура мектептің алдында барды. Балабақша «мықтылардың» балаларына арналған, бірақ онда әлімжеттік үстем екен. Бұл туралы былай білдік. Никита қымбат ойыншықтарға қызығушылық танытты, оларды сұрай бастады. Содан кейін мүлдем дерлік сөйлемейтін бала: «Ақша жоқ, ойыншық жоқ, балабақшаға барудың керегі не?»-дегенді айтты.

Бізге қосымша білім керек. Бірақ біз қайда барсақ та, бізді алмады. Есесіне біз тамаша мектепке, сөйлейтін сыныпқа түстік. Педагогтар жұмыс жұпыны материалдық мүмкіндіктер жағдайында балалар үшін өте көп шаруа істейді. Мектепте балалармен қосымша айналысатын психолог және логопед жұмыс істейді. Сынып жетекшісі Айнаш Советовнаға өте разымыз.


Немереммен үнемі араласамын, бізде жиі даулар болады. Мен оған өте қуанамын. Әрине, сөзінде бұзылушылықтар бар, бірақ бәрі де түсінікті. Рас, кітап оқығысы келмейді. Бопсалауға тура келеді. Өзіне ауыр берілетін нәрселерді жасағанды оның сұқаны сүймейді. Бұл объективті нәрсе.

Арудың кесірінен Никитаның өмірінде балалық шақтың бір бөлігі ізін қалдырмады, ертегілер болған жоқ, нәтижесінде ол кішкентай шал секілді. Бірақ Никита көңіл-күйді ұғады, сезеді. Ол әжесін мақтан тұтады: «Бұл менің Ира апам. Ол – менің досым». «Ол сенің әжең бе?» деген сұраққа қарсылық білдіріп: «Жоқ, ол әже емес, ол кәрі емес».

Жол өте қиын болды. Мен өз еркіммен емдеудің жолына түсіп компьютерге үңіліп, әлеуметтік және жеке басымның қамынан мектелдім. Бірақ бұл өмірдің басқа бір қыры. Балалардың ілгері басқаны жақсы. Мен немереме көмектесуімді жалғастыра беремін. Қазір өзім үшін де уақыт пайда болды, мен йогамен айналысамын, декупажбен әуестене бастадым. Ата-аналармен көп араласамын (негізінен интернет арқылы), тәжірибемен бөлісемін, кеңес беремін. Менің ұраным: «Істеуге тиіс нәрсеңді істе, не болса сол болсын».

МЕН ӨЗІМНІҢ ІШКІ ҮНІМЕ ҚҰЛАҚ САЛДЫМ

Наталья Данилова түсірген фотосурет



Марина Издургановна Буханцова мен оның ұлы Антон – алматылықтар. 2014 жылдың маусым айында Антон, дәрігерлердің болжамдарына қарамастан, беделді техникалық жоғарғы оқу орнын бітірді. Дипломдық жұмысын қорғауда ол 100 ұпайдан 93 ұпай жинады. Олардың бұл шыңға қарай қалай бірге ілгерілегені жайында Марина Издургановна әңгімелейді.

Антон – тұңғыш әрі жалғыз бала. Мен оны ешкіммен салыстыра алмаймын. Өз сезімдеріңді дәл тауып айту қиын. Бұл сүйіспеншілік болды ма? Білмеймін. Қорқыныш, әсіресе, ол үшін таңдау жасау керек болған уақытта болды.

Диагнозды оған перзентханада қойды. Бірақ, алдымен жүктілік туралы айту керек шығар.

9-шы аптада мен ауырып қалдым, абсцесс басталды, мені ауруханаға жатқызып, антибиотиктер еге бастады. Өзімнің мамандығыма байланысты мен антибиотиктердің қатерін жақсы білдім. Электрондық-медициналық аппаратура және қоршаған ортаны қорғау жөнін-

дегі маманмын. ЛМУ-де бізге бірегей пәндерді оқытты, біз табиғатта бар барлық биофизикалық өрістерді, олардың адамның организмине ықпалын зерделедік. Тәнтануды оқыдық. Студенттік ғылыми қоғамда мен бас миының ритмдерімен, гипноздың жоғарғы жүйке қызметіне ықпалымен айналыстым. Бізді университетте ойлауға, талдау жасауға және жалпылауға үйретті, айналада бар ақпаратпен жұмыс істеуге бағдарлады. Мұның бәрі маған өмірімде өте керек болды.

Мен бас дәрігерге де, емдеуші дәрігерлерге де өзімнің жүктілігім жайында бірден ескерттім, зиянсыз емдеу әдістерін қолдануды өтіндім. Олар ауызша уәде берді, бірақ мен тағайындамалар картасынан маған антибиотиктер егетінін кездейсоқ оқып қойдым. Күшті стресс болды, бірақ сол сәтте өзімді қолға алдым, басты шешімім: ертең мен сауығып шығуға тиіспін. Организм бағынды, мені расында екі күннен кейін шығарды.

Мен антибиотиктерді онша ұзаққа созбай қабылдау кесірін тигізбес деп үміттендім. Дегенмен әйелдер консультациясында өзімнің гинекологыма ескерттім де, мені тәуекелдік тобына қосуды және қосымша тексеру жүргізуді сұрадым. Ол менің «білгіштігіме» қатты таңғалды. Ал шындығында мен бар болғаны поликlinikаның қабырғаларындағы ақпаратты: «Жүктілік уақытындағы тәуекел факторларын» мұқият оқып шықтым. Содан кейін, менің дүниетанымымда анамнан ішкі ұстаным қалған еді: кез келген химия – зиян. Ол бауырым екеумізді әрдайым халық амалдарымен, шөптермен, шаюмен емдеді, біз ылғи да картоптың буымен тыныстайтынбыз.

Гинеколог менің өтінішімді орындап, қосымша тексерістер тағайындап отырды. Менің жағдайым қауіп туғызбады. Жүктілікті жақсы көтердім, ұйқы мен тәбет қалыпты болды, шаршаған жоқпын. Ұрық та сондай-ақ қалыпты жетіліп келе жатты. Бір ғана проблема – менің бойым кішкентай, қиын босанады деген қорқыныш болды, бірақ кесарлық тілік туралы мәселе көтерілмеді. Мен тәртіпті болашақ ана болдым.

Су қайтқаннан кейін, біз күйеуім екеуміз перзентхана жақын болғандықтан ақырындап жаяу бет алдық, Бұл жұмадан сенбіге қараған түн еді. Сол түні көп әйел босанды. Мен келіп түскен уақытта, менің үлбірегімді тесті де, палатаға жіберді, «Күт, қазір толғата бастайсың», - деді. Толғақ басталды, мен айқайлағым келмеді, айқай баланы шошытуы мүмкін дегенді бір естігенім бар-ды. Үйреткендей тыныстадым, ұйықтадым, ояндым, қайтадан тыныстадым және шыдадым. Сағат 5.30-дан 8.00-ге дейін маған ешкім жақындаған жоқ. Медиктер

мен туралы ұмытып кетті, мен оларды өзім іздей бастадым. Ауруханада кезекті ауысым болып жатты. Олар мені көрген уақытта жүздерінде үрей болатын, әбігерге түсіп, стимуляторды еге бастады және маған айқайлай бастады. Үш сағаттан астам бала сусыз болды, толғақ кезінде ол ішімде қатты аунақшыды, ақыр соңында босану басталды, бірақ біраз уақыттан соң ол үнсіз қалды. Мен тыныстаймын, шыдаймын, есімнен танамын, есімді жинаймын да, дәрігерлердің жүздерін көремін (олар көп болып жиналды – анестезиолог, хирург, акушер) – олардың жүздері тұнжыраулы еді. Осы сәтте менде іштей айқай туды: «Мен баладан айырылып қалуым мүмкін!». Не істеймін? Мен жалғызбын, әлем бір жаққа жоғалып кетті. Мен жалбарына бастадым: «Құдайым, көмектес! Менің баламды құтқар!». Бұл саналы түрде емес еді, шарасыздықтан болды. Сонда үдеріс басталды... Бұл бірінші бұрылыс нүктесі болды. Бірақ Антон айқайламады, бірден неонатолог жетіп келді. Жан сақтау шараларына бірден кірісіп кетті. Ұлым 5-ші қабатта жан сақтау бөлімшесінде, мен – бірінші қабатта жаттым. Дәрігерлер маған оның жағдайын айтпады. Босанғаннан кейін екі сағаттан соң мен ауырғанды да, шаршағанды да сезбей, балама өзім бардым, түтіктерге оралып кювезде жатқанын көрдім. Соңынан шала туған нәрестелердің бөлімшесіне ауыстырды. Бұл ережелерге қайшы еді, бірақ оған тек сонда ғана көмектесе алатын. Әрине, шала туған балалардың жалпы аясында ол маған ең әдемі бала болып көрінді. Өйтіп салыстырудың кері әсері болмас деген сенімді туғызды.

Дүйсенбіде емдеуші дәрігер маған баладан бас тартып өтініш жазуға кеңес берді, себебі осылай босандырудан кейін онда неврологиялық сипаттағы көптеген босану жарақаттары болды: «Ол – өсімдік. Өзіңізді де, күйеуіңізді де аясаңызшы. Сіздер жассыздар, басқа балаларды туасыздар, ал егер мына баланы қалдырсаңыздар, онда басқаларына сіздердің күштеріңіз де, уақыттарыңыз да болмайды». Ол адамға мен сенетінмін, бұл дәрігер менің жақын құрбым болды. Шынын айтқанда, мен оның маған не деп тұрғанын түсінбедім. Мен 20 жасымнан бала туралы армандадым, енді міне, 27 жасымда ол дүниеге келді. Жүктіліктің алғашқы күнінен бастап мен оның Антон екенін білдім және оны күттім. Құдайдан оны құтқаруды өтінгенімді ұмытқан жоқпын, және мен бұл баладан бас тарта алмас едім. саналы түрде болмаса да, бірақ мен өзіме тек осы баланың керек екенін білдім.

7-ші күні маған онымен бірге үнемі болуға рұқсат етті, әкеліп, манежге жатқызды. Ұйықтап жатты, ал мен айналсоқтап, осы керемет-

ке қарап жүрдім де, оның қашан оянатынын күттім. Оянған осы сәт – екінші бұрылыс нүктесі. Ол бір көзін ашты да, мен қуланған саналы жанарды көрдім және өзім де жымыып күлдім. Өсімдікте ондай ойлы жанардың болуы мүмкін емес, онда интеллект болды. Мен осыны қармандым, және бұл басқа күйге бөледі. Күш келді, мен ол уақытта 22 тілік пен жіктерге қарамастан (маған бір апта жатасың деп айтқан еді), өзімнің шаршағанымды мүлдем сезбедім. Соғыстағы секілді жоғары мобилизация дәрежесі болды.

Біз 16 тәулік жаттық. Алғашқы күндерден-ақ мен интеллект ұйқыға кетпеу үшін қолымнан келгеннің бәрін жасадым. Күйеуім, оған өзі сене қоймаса да, маған көмектесті. Мен нәрестеге ертегі оқыған уақытта, күйеуім таңғалды: «Керегі не? Ол бәрібір ештеңе түсінбейді ғой!»

Антон көп әрі қатты жылады, оның жоғары бас сүйек ішіндегі қысымы болды. Оған түрлі процедуралар жасады, әлі күнге дейін оның төсінде электрофарезден күйіктер қалып қойды. Сауатты дәрі-дәрмектік терапия тағайындалды. Мен дәрігерлерге бұл үшін өте разымын. Біз үшін сол кезеңде онсыз болмайтынын әрқашан түсінетінмін. Сирек дәрі-дәрмектер керек болды, оларды Ресейден, Молдавиядан алғыздық, әріптестеріміз қан тапсырды. Мұның бәрімен күйеуім айналысты, мен тек оған не істеу керектігін айтып отырдым. Күйеуіме алдын ала болжамды хабарлаған уақытта, ол мұны қабылдаған еді, өйткені менен айырып қалғысы келмеді.

Диагноз 2-ші күні қойылды: БЦП бойынша тәуекелдік тобы. Оны қараған барлық невропатологтар 6 айға қарай біржола бір пікірге келді: басқа аурулардың көбісімен – парапарез, гиперкинез және басқаларымен ұштасқан БЦП. Антонның жағдайы үнемі өзгеріп отырды. Түрлі уақытта бір проблемалар кетіп, басқалары пайда болып отырды. Алдымен ол қолдарын ашпады, аяқтарын айқастырды, онда қол-аяқтың спастикасы болды. Мен қолдарын ашқызым келді, менің өтінішім бойынша күйеуім кішкентай ағаш алақан кесіп әкелді, мен оны ұлымның алақанына таңып қойдым. Бізге поликлиникада көрсеткендей созылады, массаж жасадым. Біз өте сауатты инеші-терапевті кезіктірдік, оның процедураларынан кейін ұлым жұдырықтарын аша бастады. 9 айда тыныш түндер пайда болды. Жылына бір рет бізге тегін массаж – 10 процедура тиесілі болатын. Бір бұл аз болды. Ол мұздаған тауық секілді еді, бір рет мен басқа бір сәбиді қолыма алып едім, ол бүкіл кішкене денесімен маған жабысып алғанда мен айырмашылықты сездім. Қатты мойын қисықтығы, Грэф синдромын

анықтағандай. Бірнеше мәрте клондық тырысқақтар болды, өліп бара жатқан секілді көрінетін, терісі сұр тартады, сонда сенің алдыңда мүлдем басқа мақұлық. Алғаш рет мен дәрігерлер келіп жеткенше айқайлаумен болдым, бірақ олардың келу сәтіне қарай ұстама басылды, тек аузының бұрышында көбік қалып қойды, тек көбікке қарап олар маған сенді. Кіндік жарығын алғанымен омыртқаның барлық бөлімдерінде жарақаттар болды. Біз мамандарды іздедік. Олар қолдарынан келгенін жасады, бірақ жағдайды біржолата түзетуге олардың күші жетпеді.

Мұның бәрі түбегейлі әлеуметтік өзгерістердің аясында жүріп жатты: КСРО ыдырады, экономикалық жағдаят күрделі болды. Талондар бойынша берілетін өнімдерге ұзынға созылған кезектер. Сүтке кезекті күйеуім түнгі сағат 3-тен бастап алатын ...

Бірінші жылда біз көптеген әйгілі және әйгілі емес невропатологтармен таныстық, жалпы балалар ауруханаларында жаттық, Уақыт өткен сайын бала аурудың жаңа түрлерін «жинай» берді, тіпті нағыз көкжөтелмен де ауырды, ал мен ұйқының қанбауынан, үзіліссіз іштей қорқудан, ұсақ және қажетті істердің бітпейтін тізбегінен (қатаң тамақтандыру, дәрі-дәрмек беру, инъекциялар жасау және т.б. режимі) мәңгірген роботқа айналып бара жатқан едім. Күйеуімнің негізгі рөлі «ақша табушы, әкелуші және қоректендіруші» болды, бірақ ол да мен әбден титықтағанымды көрген уақытта күтім жасауға көмектесті. Балақайдың бас сүйек ішіндегі қысымының күшті болғаны сондай, оның көзінің ағы көгеретін және көзі шарасынан шығып бара жатқан секілді көрінетін. Кезекті тексерген кезде невропатолог менен: «Сіз балаңыз есірткіқұмарға айналады деп қорықпайсыз ба: ол бір жылдан астам қабылдап жүрген «тыныштан-дырғыштың» дозасы онда сондай үлкен?», - деп сұрады.

Мен мүгедектіктен құтылуға болатын шығар деп өте үміттендім және жәрдемақыға тіркелмедім, бірақ болмады ...

Үйде біз ауруханалардың арасындағы аралықтарда көрінетін болдық. Әбден шаршағаннан мен бір жолы баламды тіземде ұстап отырып ұйықтап қалдым, оның қалай құлап қалмағанын білмеймін. Мен бұдан әрі көмексіз қалуға болмайтынын, оның қауіпті екенін түсіндім. Күйеуім ауыра бастады, оның да ұйқысы қанбайтын. Мен Антонды Молдавияға күйеуімнің әке-шешесіне апардым. Атам мен енем – шаруалар, қатал адамдар, олар үшін ешқандай бас сүйек ішіндегі қысым жоқ еді, олар мені ерігіп жүр деп ойлап, кінәлады. Қалыпты, дені сау, мықты сәби. Олардың 36 жүздік бақшасы болды, мен ұлымды аулада арбашада қалдырып, өзім бақшамен айналыстым. Бір рет қызанақ

жүйектерінен қайтып келсем, арбашаның ішінде ұлым жоқ. Осы сәтке дейін ол еңбектемейтін, тек аунайтын. Антон осы сәттен жерде еңбектей бастады. Онда бір ай тұрамыз деп ойлағанбыз, бірақ Днестр маңындағы соғыстың салдарынан көпке бөгеліп қалдық, содан кейін біздің артымыздан күйеуім келді.

Ең жағымсыз сезім – дәрігерлер ортасының қастығы. Невропатологтар менің ұлымды есептен шығарып тастады, олар өздерінің дұрыстығына сенімді болды және мені тіпті тыңдағылары келмеді. Дәрігерлер есіме түскен уақытта жүрегім қысылып, қысымым көтеріледі. Мен оларға баламның қалай жетіліп келе жатқаны туралы әңгімелеген кезде мені көңіл аудара тыңдаған және естіген тек екі маманды ғана атай аламын. Мен олардың айтқанына сүйендім, дегенмен өз пікірімді ұстандым, дәлірек айтқанда, өзімнің емдеу тәсілдерімді олардың пікірімен салыстырып отырдым.

«Балбұлақта» профессор Чемерис ұлыма диспорт екті. Бұл өте күшті токсин, оны еккен бұлшық етті сал тартқызады. Ол 1-2 ай әрекет етеді, және осы уақыттың ішінде орасан зор жұмысты тындыру қажет. Бұлшық ет сал күйінде қалғанша, оны созылау, оның конфигурациясын өзгерту керек. Ол үшін маманды жалдадық, ол массажды күнара жасап тұрды, бұлшық етке өз денесінің бүкіл салмағымен күш салып, оны жазды. Антон бәріне шыдады.

Үйде шөптер мен Павлов микстурасы, цетраль, бор таусылмайтын. Ол препараттардың болғаны жақсы еді. Мамандар дәрі үйлесімділігін сәбидің жас шамасына және салмағына орай мөлшерлеп дайындады. Бұл айран немесе сүт секілді, біздің күнделікті ішетініміз болды.

Мен қолыма түскеннің бәрін парақтап, ерекше көңіл қоя оқыдым. Күйеуімді тауға шөптерді жинауға жұмсадым. Невропатологтардан олардың бере алғанының бәрін суыртпақтадым. Олардың ұсыныстамаларын, жаңа таблеткаларын балама берерден бұрын, оларды өзім қабылдадым.

Алғашқы жылдары маған ұлымның күлкісі демеу болды. Ойлап көріңізші, үнемі бірдеңе істейміз, ал нәтиже болса, жоқ, ашынуға жақын қаласың, бірақ кенеттен басқаша қарады, басын көтерді, бұрын жасамаған бір нәрсе жасады.

Антон 8 жасқа толғанда ит асырадық. Ол ұлымды ұйықтауға үйретті, өзінің жұмсақтығымен, жылуымен еркінсіді, бұл оның жүйке жүйесі үшін өте қажет болатын.

Мен моториканы дамытуға тырыстым. Дәрігерлер мидың зақымдалған учаскесінің қасында ұсақ моторика үшін жауап беретін

орталық болады, егер оны дамытса, онда бұл зақымдалған аймаққа ықпал етеді дегенді айтты. Мен оны қайда апармадым десеңші. ИЗО-студияға біз сонау обсерваторияға баратынбыз, өйткені онда Антонды жақсы білетін маған таныс әйел сабақ беретін. Ол қарындашты дұрыс ұстай алмайтын, бояумен сурет сала алмайтын – еркін қимылдау керек болатын, ал оның спазм құрсаған бұлшық еттері оған мүмкіндік бермейтін. Бірақ ол А12 форматының қағаз парақтарын түрлі-түсті қарындаштармен қоймай бояйтын. Балалар оған қағазды түрлі бояулармен бояп беретін, ол оны жыртып, түрлі-түсті бөліктерінен коллаждар жасайтын. 9 жасында ол акварель бояулармен біздің иттің суретін салды. Табандылығы мен еңбекқорлығы барлық оқытушыларды қайран қалдыратын.

Алдымен Антошканы БЦА бар балаларға арналған балабақшаға жіберді, одан кейін ПМПК 2-ші интернатты тағайындады («О не дегеніңіз, ешқандай мектеп болуы мүмкін емес!»). ал ол 4 жасында оқыды, ал 5 жасында жаза бастады. Әрине, ол беттің бұлшық еттерінің спастикасынан анық оқи алмады, бірақ өзі бәрін түсінетін. Біздің логопедпен жолымыз болды, ол бір ғажап нәрсе жасады – оған спастикалық кекештенуден 100% құтылуға көмектесті және дизартриядан арылтты.

Интернаттағы үш жыл (1-ші сыныптан 3-ші сыныпқа дейін) ұлымның жетілуіндегі кемшілік болды. Ол интернатта оқытқаннан әлдеқайда көп білетін және жасай алатын. Ол өзін түсінетін адамдардың ортасында өсті, өзінде әлдебір нәрсенің дұрыс еместігі оның ойына кіріп шықпайтын, көңілді бала болатын. Бірақ, екінші жағынан, интернат маған қимылдауға біраз еркіндік берді. Бұрын ешқандай мансап туралы тіпті ой да болмаған еді. Мен ұлымды ешкімге сеніп тапсыра алмадым, жақындарымыз, тіпті менің анам да, оны ұқпайтын. Ал ақша әрине жетіспеді, қарызданып өмір сүрдік. Күйеуіме отбасымызды жалғыз қамтамасыз ету қиын болды. Сондықтан, мен сол уақытта Чехияға ауысуға талпыныс жасадым. Мен отбасымыз үшін база құруға тырысып, сонда тұрып жаттым. Чехияда ашық қоғам, бұл көп нәрсені айқындады. Онда мүгедектерді норма ретінде қабылдайды, ондай адамдарды жасырудың керегі жоқ. Мен Антон үшін абыройлы өмірді қаладым, бірақ күйеуім қатты ауырып қалды да, бұл істі тастауға тура келді.

Интернаттан мен оны өз шешіміммен алып кеттім, бәрі үшін өзім жауап бермін деп қолхат жазып бердім. 4-ші сыныпқа Антон № 117 мектепке барды, бұл мектеп директоры Зура Жунусовна Мағзумова-

ның бізге сенгенінің арқасында болды. Орта мектепте оқыған бір жыл мүмкіндіктері шектеулі және интеллекті сақталған баланың оқи алатынын, тіпті жақсы оқи алатынын көрсетті. Әлбетте, менің тарапымнан әкімшілікпен, мұғалімдермен және 4-ші «в» сыныптың оқушыларының ата-аналарымен көп қатынастар болды.

Оқу жылының ортасына қарай барлық тараптардың толық өзара бейімделуі орын алды және біз 165-ші техникалық лицейге оқуға түсуге дайындала бастадық. Емтихандар сәуір айында өтті және бес пәннен, соның ішінде психологиялық тестілеуден тұрды. Құжаттарды тапсырғанда, мен тек дәрігерге ғана емес, сонымен қатар директорға да, оқу ісінің меңгерушілеріне де баланың белгілі бір қабілеттері бар екені туралы ескерттім және «Жібересіздер ме?», - деп сұрадым. Оңды жауап алған соң, біз барлық балалармен бірге емтихандарды тапсыра бастадық. Оқушылардың болашақ құрамы ресми қабылдауға дейін анықталды, өйткені емтихандардың нәтижелері бірден жарияланып отырды. Ұлым көшбасылардың қатарында болатын, бірақ жиналыста оның аты аталмады. Ата-аналар мен балалар менен «Сіздер неге жоқсыздар?», - деп таңдана сұрап жатты. Сонда директор бізді онда емтихан комиссиясының бүкіл құрамы отырған өзінің кабинетіне шақырып, 10 жасар балаға қарап былай деді: «Сен түсінесің бе, кейбір балалар жылап жатыр, өйткені бірнеше ұпайға жете алмай қалды да, оқуға түспеді, ал сенің жағдайың басқа – сенің ұпайың өтпелік ұпайдан жоғары, бірақ біз сені қабылдай алмаймыз, өйткені сенің елеулі ауруың бар...». Сол жерде болған барлық педагогтар көздерін жасырды және неге баланы әуел баста емтиханға жібергендерін түсіндіре алмады. 10 жасар балаға ересек адамдардың осындай қылығының себебін түсіндіру мүмкін емес еді. Әншейін, ерекше бала бір айлық емтихан сайысына шыдай алмайды деген ой болған ...

№111 гимназияға бізді нағыз ұстаз әрі адамгершілігі жоғары – Владимир Николаевич Кривобородов қабылдады. Ол былай деді: «Егер осындай балаларға көмектеспесек, онда кімге көмектесу керек!?» Владимир Николаевичке біз өмір бойы алғысымызды айтамыз. Тағы да емтихандар, бала оларды оп-оңай тапсырды. Құжаттарды тапсырған уақытта, директор кабинетіне оқу бөлімінің меңгерушілерін шақырып алып, мұндай оқушыға көңіл бөлу және ол талаптанып білім алуы үшін бәрін жасау керек дегенді айтқаны есімде.

Міне, екі кәсіптік және адами позиция – екі көзқарас. Өкінішке қарай, мүгедек балалардың жақсы білім алуға қол жеткізуіне қатысты Кривобородовтың позициясы 21-ші ғасырдың басында айрықша болды.

Ұлыма гимназияда қиын болды. Ондағы балалар оңай болмады. Алғашқы жан жарасын қасында жүрген өзінің жақын досы салды. Онда не болғанын мен әлі күнге дейін білмеймін, бірақ бүкіл сынып хабардар болатын. Антон маған ештеңе айтпады, баланы кешірді. Ол жалпы ешкімге де кек сақтамайды.

Ұлымның тағдыры көп себептерге, бірақ 99%-ға – біздің ата-ана ретіндегі әрекеттерімізге байланысты болды. 1% – Магзумова және Кривобородов секілді түсініп қарайтын адамдармен кездесулер.

Мен бұрын Антонның үлесін жете бағаламайтынмын, ал ол сондай тырысты! Оған берген барлық тұнбаларды, дәрі-дәрмектерді қыңқ етпей ішіп жүрді. Анасын қуантқысы келді. Тіпті гимнастикамен айналысқанда да қабақ шыту болмады. Онда жалпақ табан және спазм болды, оның кесірінен жүру ауыр, ол кез келген тастан қашатын, олар көзіне жас келетіндей ауыртатын. Ал Ыстықкөлде мен оны жалаңаяқ жүруге мәжбүрледім, бұл проблеманы тек осылай ғана шешуге болатын. Осылай әркез азаптану, ауырсыну арқылы менің тілімді алатын.

Мен өз бетіммен шеше алмайтын проблемаларды еңсеру үшін, саналы түрде белгілі бір жағдаяттар қалыптастырып отырдым. Мысалы, № 1 міндет – оның денесінде координацияны қалпына келтіру. Ол үшін конькиді, роликті меңгеру керек. Бірақ Антон үшін бұл қиын болды, оны қаламады. Мен оны бірге ойнауға, коньки немесе ролик, скейт, велосипед тебуге тартатын балаларды, оның қатарластарын іздедім. Ұлымның керемет жұғысымды бала болғаны көмектесті, ол шек-сілесі қата күлетін, көңіл көтере білетін, сондықтан балалар әрдайым оған жақын болғылары келетін. Бұл тәсілді мен екеуміз бірге шыға алмайтын әр төмпешік кезінде пайдаланып отырдым. Жалпы стратегиядағы осы «топ жина» тактикасы мінсіз жұмыс істеді. Яғни, мен ұлымды жетілдіру және тәрбиелеу үдерісін өз бетімен жібере алмадым, автопилотта ештеңе де жасалмады, бәрі де саналы әрі ойластырылған, бір сөзбен айтқанда – «қолмен басқаруда» болды.

Антон 19 жасқа толған уақытта, біз доктор Матвиевскиймен таныстық. Дәрігер бізге гиперкинезді тоқтатуға көмектесті. Ұлымда оның тәнінде бақылаудан тыс қимылдар болатын, ол теңселетін. Еңсеруге келмейтін жағдай деп саналады, клетканың ядросының терең зақымдалуы емделмейді. Бірақ мен гиперкинездің біресе үдейтінін, біресе толастайтынын көрдім, ал ойнағанда ол мүлдем байқалмайтын, осыны байқау маған үміт ұялатты. Матвиевскийдің орталығында Антон аутист баламен жұмыс істеу арқылы өзін өзі тартып шығарды. Матвиевскийдің әдістемесі осындай: басқаға көмектескенде, өзіңе

көмектесесің. Оның орталығында ата-аналар, өз балаларын тартып шығара отырып, өздері де физикалық, рухани, интеллектуалдық, менталдық, психикалық деңгейлерде өзгереді.

Дұрыс сүйетін ата-аналар өздерінің ерекше баласы үшін өмірге разы. Олардың алдында үлкен міндет тұрады: оған қалай көмектесуге болады? Ізденістер басталады, ал бұл олардың өмірін өзгертеді.

Біз Антонмен өзіміздің «кедергілі жүгірісімізді» бастаған уақытта, ерекше балалар мен олардың ата-аналарының проблемаларымен айналысатын МЕҰ-ның айтарлықтай саны әлі бола қоймаған. Айбек Думбаев пен оның «Жан» қоғамын таптым, бірақ онда маған көмектесе алмады. «Әлем көмек» Қоғамдық қорына ерікті болып бардым, содан кейінірек осы қордың басшысы болдым, ал құрылтайшылар қорды жапқан уақытта, біз «Эдельвейс» қоғамдық қорын аштық. Мүгедек балаларға көмектестік, бірақ Антонға біздің қор ешқандай көмек көрсете алмайтын, БЦП емдеуге арналған «ғарышкердің костюмі» оған тағайындалмаған еді.

Маған ұлымның өмірі үшін қорқыныш түрткі болды, бәрі де шырмалып қалғандай көрініп, үнемі мен дұрыс істеп жүрмін бе деген күмән тындады. Мүмкін, баланы қинаудың керегі жоқ шығар? Егер көз алдымда оңды мысалдар болса, менде қорқыныш болмас еді. Қазір олар көп, Ғаламтор арқылы әлемдегі кез келген тәжірибені табуға болады. Ал мен көзі ашылмаған марғау секілді күмәндар арқылы алға жүрдім. Сонымен қатар ішкі дауысым «Осылай істе!», - дейтін. Ұлым баспалдақтан баспалдықты еңсеріп, жетіле берді.

Менің әдістерім мен көзқарастарымнан басқа отбасылармен біз толық екі айырылдық, күйеуімнен және кездейсоқ адамдардан басқа пікірлестерім жоқ болды.

Биыл Антон 23 жасқа толады. Мен енді оған ықпал ете алмаймын, өзі сұрамаса, ақыл айтпауға тырысамын, әйтпесе, ол бірден тұйықталып қалады. Бірақ егер менің пікірімді сұраса, мен әрине, оны айтамын, ол менің сөздеріме құлақ салады.

Қазір ол бөлек тұрады. Бұл мен үшін кезекті сын болды. Мен оның өзімнен қаншалықты қажығанын түсіндім. Мен сондай мақтан ете қозытын ерекше ештеңенің жоқтығын түсіндім.

Біз әрдайым ұлымыздың басқалардан артық та емес, кем де емес, және басқалардың істеген іс-шараларын ол да атқара алады деп ұғындырып келдік, Әрине, біз мұның арман екенін түсінетінбіз, бірақ біз мүгедек баланы басқаша қалай ынталандыруға және табандылық, еңбекқорлық дарытуға, жетілуге деген ұмтылысын баптауға болаты-

нын білмедік, өмірдің оған берген еншісін өзінің тәнімен, ақылымен, эмоцияларымен жұмыс істеуге мәжбүр етудің басқа жолын көрмедік. Бізде, перзентханадан бастап, кім кінәлі екенін талқылауға уақытымыз да, күшіміз де болмады. Бірақ қалай болса да, тіпті ол жай моральдық демеу болса да, түсінуге және көмектесуге талпынған әр адамның аты-жөні менің есімде жақсы сақталып қалды.

Перзентханадағы дәрігердің болжамына қарамастан өтіп келе жатқан барлық жолды (емделу, білім алу және оңалту бойынша) ҚАР-СЫ ТҰРУ деген бір сөзбен жеткізуге болады. Бір кедергіден өттік деп, әрі қарай талмай, үлкен үмітпен жүріп келеміз, қанша дегенмен, қоғам өзгеріп келе жатқан секілді көрінетін, бірақ әрбір келесі кезеңде – колледжде, университетте – біз тап сондай кедергілерге тап боламыз. Қазір мен мүгедек балалардан кімдердің және қандай ережелер бойынша оқуға гранттар алатынын білмеймін, бірақ менің балалық шағынан мүгедек, 14 жасында әкесінен айырылған, оқыған, машықтанған, ғылыми қызметпен айналысқан, практикаларын өткерген және сонымен бір мезгілде емделіп жүрген балам қандай да бір қайырымдылық қорынан да, мемлекеттен де бір де бір грант алған жоқ!

Университет ректоры грант беру туралы кезекті өтінішке ол студент өте жақсы оқысын, жоғары ұпай алсын, сонда барып грант алады деп жауап берді. «Неге мен оны аяуға тиіспін? Бізде барлығы да тең құқылы, мүгедектердің баршасымен бірдей құқықтары бар ...».

Бәрі дұрыс – тең құқықтар, және ешкім де аяуды сұрамайды, әңгіме мүмкіндіктері шектеулі адамның қабілеттеріне сәйкес оқуға және сапалы білім алуға мүмкіндік беру туралы болып отыр. Аппараттық тестілеу физикалық шектеулері бар студенттің дайындық деңгейін анықтай алады ма? Мен оқу пәндерін студенттің өзінің таңдау құқығымен қисындық тестілеудің көмегімен ғана құқықтарды теңестіруге болады деп ойлаймын.

Ана және өз баламның ғұмырлық қорғаушысы ретіндегі өзімнің тәжірибемнен, сондай-ақ өзімнің кәсіби тәжірибемнен проблемалардың шешімін өзімнің қалай көретініммен бөлісе аламын:

Ата-аналарды емдеу үдерісіне қосу қажет – бұл жерде ата-аналар күтім жасау мен жетілдіруші сабақтардың қажетті машықтарына ие болуға және оны үйде істеуге тиіс.

Ата-аналарды өз балаларын оңалтудың қарапайым әдістемелеріне үйрету.

Ата-аналардың санасына дәстүрлі ем, ол ең алыс шетелде және қандай қымбат болмасын, ауру баланы ертегідегідей дені сауға ай-

налдырмайтынын, тек ата-аналардың өздерінің бірінші кезекте мүгедек баланың интеллектін жетілдіру бойынша күн сайын тынбай еңбектенуі, жемісін әкелуі, ал көптеген жағдайларда, әлеуметтік-бюджеттік тұтынушыдан еңбекші (оның күші мен мүмкіндіктеріне қарай) азаматты жасауы мүмкін екенін сіңіру қажет.

Мектеп оқушыларына өз денсаулығы мен өз психикасының жағдайы үшін жауапкершілік дарытып, мектеп оқушысының өз организмінің осы аспектілеріне қалай өз бетімен қамқор бола алатыны туралы білімдер беру қажет. Бұл жерде ешбір жағдайда батыстың немесе американдықтардың, оның үстіне тегін ұсына алатынына сүйенуге болмайды. Біздің халықтарымыздың үздік рухани дәстүрлерінің негізіндегі отандық әзірленімдер керек.

Директорлардың, ректорлардың және т.б. мүгедек баланың білім алуы туралы жеке дара шешім қабылдау мүмкіндігінен айыру қажет.

Физикалық шектеулері бар балалар үшін қисындық тестілеуді енгізу қажет.

Үзіліссіз және тығыз үшжақты: денсаулық сақтау – білім беру – ата-аналар өзара әрекеттесу механизмдерін құру қажет.

Орын алған кедергілерге қарамастан, табысты оңалуға және толық әлеуметтендірілуге қол жеткізудің сәті түскен ата-аналар мен балаларды топтастыру қажет. Олардың тәжірибесін зерделеу, талдау жасау және талдау нәтижелерін инклюзивтік білім беру жайлы енгізу әдістемелерін құруда пайдалану қажет.

Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымының 2006 жылы балалардың тууы мен әлсіреген және шала туған нәрестелерді аман алып қалу бойынша жаңа стандарттарды енгізуі туа біткен жетілу кемістіктері бар балалардың елеулі өсуіне алып келді. Бұл физикалық даму ерекшеліктері бар балалардың тууына, тәрбиесіне, емдеуге және білім беруге тікелей қатысы бар біздің баршамызды үлкен жұмыс күтіп тұр және оны мүмкіндігінше белсенді жүргізу керек деген сөз, және бұл бүгінгі мемлекеттік бағдарламалардың басым бағыты болуға тиіс.

БАЛАНЫҢ ДАРАЛЫҒЫН ҚАБЫЛДАУ КЕРЕК

Иван Мармалиди түсірген фотосурет



Өзінің ұлы Клим туралы қостанайлық Любовь Леонидовна Мироненко әңгімелейді. Клим 2002 жылы туған. Қазір ол арнайы мектепте үйдегі оқуда. 4-ші сыныпқа көшті.

Бала біткенде, мен Клим, Климушка туатынын бірден білдім. Жүктілікті жақсы көтердім. Мені жоспарлы кесарлық тілікке дайындады, асфиксиядан қорықты, өйткені менде бұрын жамбастың сынуы болған еді. Операция 12 желтоқсанға тағайындалды, ал 11 желтоқсанның кешінен бастап, мен баланың қозғалғанын естуден қалдым. Ол кіндікпен оралып тұды.

Дәрігерлер проблемалар барын маған айтпады, бірақ мен ұлымның басқа балалардан өзгеше жетіліп келе жатқанын байқадым. Кеш отыра бастады, 9 айлығында оның алғашқы тісі шықты, еңбектеуді ол бір жасқа толған күні бастады, бір жас екі айында жүрді, маймақ болды, үнемі аяғының астына емес, аспанға қарайтын, жиі құлады, үш жасына дейін сөйлеген жоқ, тек жеке бұындарды «міңгірлейтін», бірақ мен оны жақсы ұғатынмын. Оның денесі ашыған қамыр секілді

еді, оның бұлшық ет тонусы сондай әлсіз болды. Ол мені құшақтамады, сүймеді. Мен тіпті мұның норма емес екенін түсінбедім. Кенже ұлым Никанор құшақтаған уақытта, баламның дәл осылай құшақтаған сәтін көріп, таңғаларлық жағдайда болдым.

Балабақшада Клим балалармен жиі араздасты, ойыншықтарын тартып алатын болды. Ата-аналар меңгерушіге шағым жаза бастады, мен ұлымды балабақшадан алдым. Осыдан кейін өзім дәрігерлерге бардым. Бізді ДЕСК-на жолдады, төрт жарым жасында Климге мүгедектік берілді. Маған жабық конвертті беріп, менің оны ашуға құқығым жоқ екенін, ұлымда орташа ақыл-ой кемістігі және гипер-белсенділік барын айтты. Мүмкін, менің бәрін білмегенім дұрыс болған да шығар. Ол кезде мен екінші балаға жүкті болатынмын.

Диагноз қойды да, сонымен болды, қайда барсаң, онда бар. Клим бір секунд та отырмады, ол бақылауға көнбеді, үнемі тірлігін өзгертіп отырды, автобуста онымен жүру өте қиын болды, ол оның ішін үнемі аралап жүретін және құлайтын. Мен мұның бәрімен не істерімді білмедім. Әлеуметтік жұмыскерді берді, бірақ мен ұлымды онымен қалдыруға қорықтым. Ондай сенбеушілікке өркөкіректік себеп болған болар.

Глен Доманның кітабын оқып шықтым, ұлымды физикалық тұрғыдан дамыту керектігін түсіндім. Ол кезде басқа аналармен таныстым. «Радуга» мүгедек балалардың аналарының қоғамдық бірлестігіне келдім. Онда балалар үшін суға жүзу, гимнастика, музыкотерапия бойынша, аналар үшін Монтессори әдістемесі, йога бойынша тегін сабақтар ұйымдастырылған болатын. Суға жүзумен және гимнастикамен күні бүгінге дейін айналысамыз. Монтессори тобына көп барған жоқпыз, онда түрлі диагноздары бар 6 бала болды, БЦП бар балалар әрине, бәрін әлдеқайда сылбыр жасайтын, Клим қалғандарын тоса алмайтын.

Ұлымды массажға, электрофарезге, ЛФК апардым. Төрт жарым жастан бастап бес жарым жасқа дейін біз логопедпен жұмыс істедік. Оның гипербелсенділігімен бұған орасан күш қажет болды.

Содан кейін тағы бір диагноз – құлақтың мүкістігі қойылды, өйткені ол дәрігерлер оған сөйлегенде елемейтін. Арнаулы балабақшаға жіберді. Үшінші күні тәрбиеші «Сіз ұлыңыз еститінін білесіз бе?», - дейді. Әрине, мен оны білетінмін.

Бір жылдан соң жаңа комиссия балабақшаға жолдаманы мүлдем бермеді, мен онымен екі жыл үйде отырдым. 2009 жылы араларында 5-6 ерекше бала бар дені сау балалардың әдеттегі тобына жолдама

берді. Міне, осылайша ғажайып түрде (Құдай көмектескен болар) бізде инклюзия болып шықты. Ол балабақшадағы тәрбиешілер жақсы болды және ол онда ерекше проблемаларсыз және қақтығыссыз екі жыл болды, ал 2011 жылы арнайы мектепке барды.

Мектепте балалар әр түрлі: Клим – мылжың, ол бағдарламаны жылдам меңгеріп отырды, басқалары жеткенше оған күтуге тура келді. Ол сыныптағы балаларға өзінің әуестіктері туралы әңгімеледі, олар оны түсінбеді. Батарейалар, сымдар – оның әлемі. Оларға еңбектеп үйренген сәтінен бастап жай қарай алмайды. Ваннадағы шланг оның сүйікті ойыншығы болатын, ол оған үрлейтін, су бүлкілдеп, оны мәз қылады. Әсіресе оны түрлі тұрмыстық аспаптардың ішінде не бар екені қызықтыратын. Әлі күнге дейін машиналардың қасынан жай өте алмайды, жүргізушілерден ненің қалай екенін сұрастырады. Өнертапқыш болғысы келеді.

Ұлым үнемі түрлі амалдармен өзіне назар аудартатын (қаламсаппен партаны тықылдататын, әжетханаға жиі баратын), ол үшін көп ескерту алатын, басқаларды алаңдататын. Мен материалды жақсырақ меңгеру үшін, оны үйде оқуға ауыстыруды өтіндім.

Клим А Бағдарламасы бойынша оқиды (А Бағдарламасы бойынша оқу аттестат және колледжге оқуға түсу құқығын береді, Б Бағдарламасы бойынша оқитындар мектепті бітіргені туралы анықтама алады). Мұғалім аптасына екі рет келеді, онымен екі сағаттан айналысады. Ұлым оқиды, жазады, көбейту кестесін біледі, бөле біледі. Оның сөзі қалыпты. Ал дәрігерлер ол оқытуға жарамайды және жұмыс істей алмайды деген еді.

Қазір «орташа ақыл-ой кемістігі» диагноз алып, жаңасын қойды – «сараланбаған шизофрения». Мен алдымен оның дұрыс емес екенін дәлелдеуге талпындым. Содан кейін қойдым, бәріне әлденені дәлелдеудің керегі не, жаза берсін. Диагноз бар, ештеңе істей алмайсың.

Мен өз баламның жетіліп келе жатқанын көремін және бұл мені әрқашанда «судың бетінде» ұстайды, дегенмен, менің өлгім келген және өлім туралы ойлар үнемі ойымнан шықпайтын кезең болды. Бір күні Клим менен «Мама, сен ешқашанда өлмейсің ғой?», - деп сұрады. Ол бұл сұрақты маған бірнеше рет қойды, мен оның мені, менің көңіл-күйімді түсінетінін және менен айырылып қалудан қорқатынын түсіндім. Мен өлім туралы ойлардан саналы түрде арылдым, сонда ұлым мазасыздануын қойды.

Мен екі баламен жалғыз қалған уақытта, өте қиын болды. Клим маған менің ішкі проблемаларымды жеңуге көмектесті. Бір кездері

мен «Орифлейм» косметикасымен айналыстым және оны ылғи өзіммен бірге алып жүрдім, ол болғанда мен өзімді батылырақ сезінетінмін. Мен бала кезімде ата-анамнан тиісті демеуді көрмедім, менде өзіме деген сенімділік жоқ еді, сондай болып өстім. Мен ешқашанда ерекшеленгім келмейтін, ал Клим әрқашанда назардың ұшында болды және маған өзгеруге – одан жеңіл араласуды, ашық, қарапайым болуды үйренуге тура келді.

Бір күні ұлымның «рақмет», «мархабат» дегенді айтпайтынына назар аудардым. Мен өзім оған мұндай сөздерді айтпағанымды, оған алғысымды білдірмегенімді, ал ол мені айна-қатесіз қайталайтынын түсіндім. Ал қазір ол маған сондай көп қошемет сөздер айтады! Ол мұны қайдан біледі? Папасы бізбен тұрмайды, көз алдында үлгі жоқ.

Диагноз қойған уақытта, алғашқы ой: «Неге бұл менің басыма келді?», - болды. Енді басты сұрақ «Не үшін?» емес, «Неге керек?» екенін түсінемін. Егер адам ол өзіндегі бар нәрсені өзгертуі үшін берілгенін түсінсе, және өз өмірінде атап айтқанда нені қайта қарау керек екенін тапса, жағдаят өзгере бастайды. Нақты мысал: Клим қанша гипербелсенді болса да, мен ұлымнан бетер белсенді, тіпті құтырған секілді болдым. Өзіме өзгерудің, сабама түсудің керек екенін түсіндім. Балада біртіндеп гипербелсенділік жоғалды.

Ал, осының бәрі де балаларды кезекті жаттығуда күтіп отырған уақытымда, мен өзіме: «Люба, сен неғып отырсың? Тұр да, балалармен бірге жаттыға баста», - дегенімнен басталды. Олармен бірге қаратэге барып жүрдім, қазір бірге суға жүзумен, гимнастикамен айналысамыз.

Дене жаттығулары бөгеттерді алып тастады, мен өзімді жеңіл, еркін сезіндім. Тоңқалаң асуды жасаған қорқынышты, ал балаларға қалай болды екен деген ойда болдым. Бұрын Климді мәжбүрлеуге тура келетін: «Клим, жаса! Клим, сөйту керек!», ал енді үлкені, де кішісі де итермелеусіз жаттығады.

Мен осы бала үшін, оның ашықтығы үшін Құдайға рақметімді айта бастадым. Клим байланысты оңай орнатады, автобустағы адамдармен танысады, өзін өте табиғи ұстайды:

- Ал сіздің мамаңыз бар ма? Ал мынау менің мамам, оның жасы 42-де.

- Қалай, шынымен 42-де ме?

- Иә, 41-де болған, қазір 42-де.

Мен ол үшін ұялмаймын, құдды оның миында өмір сүретіндей, оны өте жақсы ұғамын, тек аузын ашса, ал мен оның не туралы сұрағысы келгенін білемін.

Ол өкпелеу дегеннің не екенін білмейді. Кенже ұл, мысалы, өкпесін сақтайды, ренжиді, ал Клим өйтпейді. Адамдар оған әр түрлі қарайды. Автобуста қолдарында пакеттері бар бір әйел бүкіл ортаны жауып тұрды, Клим оны айналып өте алмай, тиіп кетті, ал ол бұған ашуланды: «Сен не, аурусың ба? Анықтамаң бар ма?». Мен оған мұндай жағдайларда киіп-жарып өтпей, «Өтіп кетуге рұқсат етіңіз» деп сұрау керектігін түсіндірдім.

Басқа бір әйел, оның өзінің сырғасына қызыққанын көргенде, былай деді: «Саған ұнайды ма? Ұстап көргің келеді ме? Ұстап көре ғой».

Никанор туғанда Клим қызғанды, бауырын ұратын болды, мен оларды жалғыз қалдыра алмайтын болдым, азық-түлік сатып алуға тек түнде барып жүрдім, әйтеуір ол кезде тәулік бойы ашық дүкендер пайда болды. Бірақ қазір олар тату-тәтті өмір сүреді. Никанор ағасынан көп нәрсені қабылдады, дегенмен әрине, қызғанады. Ол нәліктен Климге рұқсат етілетін нәрселердің өзіне рұқсат етілмейтінін түсінбеді. Мен оған біздің Клим неге ондай екенін түсіндірмек болып көрдім.

– Түсіндің бе? – деймін.

– Иә. Оның көзі мен шашы басқа түсті.

Бір күні көшеден жылап келді. Сөйтсем, Климге балалар тиіскен екен. Ол қорғауға тырысыпты: «Бізді мазақтады! Мен ағам үшін жыладым».

Мен өзіме мына сұрақты жиі қойдым: Климнің эгоизмі – диагноздың салдары ма әлде дұеыс тәрбиелемегеннен бе? Бір рет қаратэ жаттықтырушысы баланың «жоқ» деген сөзді білмейтінін айтты. Мен таңғалдым, бірақ ұлыма мұқият көз салғанда, жаттықтырушымен келістім. Оның барлық диагноздарына байланысты Климге ауру секілді қарағанымды және оған көп нәрсеге жол беріп келгенімді түсіндім. Мен өзім үшін ұлымда ешқандай диагноздар жоқ деп шештім де, өзімді онымен басқаша ұстай бастадым.

Баланың даралығын қабылдау және оған мойынсұну керек. Мен тым асығатынымды түсіндім. Ұлымнан тым көп нәрсені қалаймын: егер ол 6 жаста болса, онда ол 3 жастағыдай емес, 6 жастағыдай жетілген болуға тиіс. Содан кейін керегі не деп ойлады. Ол өз қарқынымен жетілуде. Қолайсыздық, «олқылық» әрине, әлі де бар. Одан әрі не істеймін, әзірге білмеймін. Түйсікке үміттенемін. Бір ғана нақты білетінім – физикалық жаттығулар миды дамытады, демек суға жүзумен және гимнастикамен айналысуды жалғастырамыз. Сеніммен жеңбекпін – «Сендердің сенулеріңе қарай беріледі». Оған қоса, сүй-

іспеншілікпен. Сүйіспеншілік – біздің өміріміздегі ең қымбат әрі бағалы нәрсе. Нәресте Климді мен үнемі құшақтап, сүйе бергім келеді. Анам «Сен оны сүйіп бітірдің», - деп күңкілдейтін. Әрине, сүйіс және құшақ – әлі сүйіспеншілік емес, дегенмен баламен физикалық байланыс – біздің оған деген сезімдеріміздің аса маңызды көріністерінің бірі. Сезім машықпен үйретіледі. Бұл өзіңмен істейтін қиын жұмыс. Менің таныстарым маған «Біз сенің Климді қалай жақсы көретініді көреміз», - дейді. Мен Никанорды да жақсы көремін.

Ал ерекше балалардың ата-аналарына «Құдай әйелге ауру баланы қалай берді» мысалын әңгімелеп бергім келеді:

Биылғы жылы 100000 әйел мүгедек балалардың аналарына айналады. Сіздер ол аналардың қандай өлшемдер бойынша таңдалатыны жайында ойланып көрдіңіздер ме?

Мен Құдайдың қалай жердің үстімен қалықтап тұрғанын көзге елестетемін.... Ол мұқият шолып, өзінің Періштесіне зор көлемді Өмір Кітабына биліктерін жазғызады:

«Науманн, Лиза: ұл. Жебеуші Періштесі – Маттеас.

Ферстер, Уте: қыз. Жебеуші Періштесі – Сицилик.

Больманн, Карола: егіздер. Жебеуші Періштесі... М-м-м, оларды Геральдке бер. Ол қарғыстарға бойы үйренген».

Ақыр аяғында құдай бір есімді атайды да, күліп, былай дейді: «Бұл әйелге мен мүгедек баланы беремін». Періште сұрақ қояды: «Неліктен атап айтқанда оған, о Жаратқан? Ол сондай бақытты ғой!»

«Тап сондықтан!», – деді Құдай, – «Мен мүгедек баланы күлкі мен қуаныштың не екенін білмейтін анаға бере аламын ба? Бұл сұмдық болар еді!» «Бірақ оның тиісті шыдамы бар ма?», – деп сұрады Періште. «Мен оның тым шыдамды болғанын қаламаймын, айтпесе ол өз өзіне деген аяныш пен күйініш теңізіне батып кетеді. Алғашқы есеңгіреу мен ашу-ызасы басылған соң, ол бәрін де тамаша еңсереді. Мен бүгін оны бақтым. Оның сондай сирек және аналарға сондай қажет дербестік және тәуелсіздік туралы түсінігі бар. Түсінесің бе, мен оған берген бала өз әлемінде өмір сүретін болады, ал әйел оны үнемі өзінің әлемінде өмір сүруге мәжбүрлеуге тиіс болады, ал бұл оңайға соқпайды».

«Бірақ, Жаратқан, менің білуімше, ол тіпті саған сенбейді!», – деді Періште. Құдай күлді: «Оқасы жоқ, бұл түзеледі! Жоқ, ол керемет лайықты! Оның эгоизмі жеткілікті». Періште демін ішке тартты: «Эгоизм? Сонда ол не, ізгілік пе?». Құдай басын изеді: «Егер

ол кейде баладан қол үзіп отырмаса, ол мұның бәріне шыдамайды. Мен сондай баланы сыйлайтын әйел ерекше көмекке мұқтаж болады. Ол әлі білмейді, бірақ оған қызығуға болады. Ол бала айтқан сөзді ешқашанда әбден орынды, ал алғашқы қадамын – еш ерекшелігі жоқ нәрсе деп қабылдамайды. Оның баласы алғаш рет «Мама» деп айтқанда, ол ҒАЖАЙЫПТЫҢ орын алғанын түсінеді. Егер ол соқыр баласына гүлдеген ағашты немесе күннің батуын сипаттайтын болса, ол мұны менің жаратқанымды санаулы адам ғана көре алатындай көретін болады. Оған мен білетіннің бәрін: Надандықты, Үрейді, Алдын ала қалыптасқан пікірді ұғуға рұқсат етілетін болады – және де мен оған бұдан жоғары көтерілуге рұқсат етемін.

Олешқашанда жалғыз болмайды. Мен әрдайым, оныңғұмырының әр күні, әр минутында оның қасынан табыламын, өйткені ол жер бетінде менің жұмысымды өзі тура осы жерде, менің қасымда жүргендей тамаша атқарады!»

«Ал ол баланың Жебеуші Періштесі кім болмақ?», – деп сұрады Періште. Құдай күлді: «Айна жеткілікті болады»...

ӘЛИ – БІЗДІҢ ГЕНЕРАТОРЫМЫЗ ЖӘНЕ ҚОЗҒАЛТҚЫШЫМЫЗ

Ақтілек Қуатұлы түсірген фотосурет



Аманбаев Манатбек Сағындықұлы – суретші, Беркамалова Роза Нұртазқызы – жоғарғы оқу орнында оқытушы. Олардың үшінші баласы Әли 2003 жылы туды. Қазір ол Саран қаласының ШДМ бар балаларға арналған облыстық мектеп-интернатында 3-ші сыныпта оқиды. Отбасы Қарағандыда тұрады. Роза Нұртазқызы әңгімелейді.

Менің үлкен ұлым 22 жаста, ал қызым – 20 жаста. Менде үшінші баламмен проблемалар болады деген ой да болған жоқ. УДЗ бәрі де дұрыс қалыпта екенін көрсетті. Әли салмағы 3300 гр және бойы 51 см болып туды. Бірақ неліктен екенін білмедім, перзентханада дәрігерлер әріптестерін жиі ертіп әкеліп, оларға менің ұлымды көрсететін. Мен мазасыздана бастадым:

- Бір нәрсе дұрыс емес пе?

- Жоқ, ештеңе болған жоқ ...

Дәлізбен өтіп бара жатып, кезекші медбикенің үстелінің үстінде өзімнің картамы кездейсоқ көріп қалдым. Шыдай алмадым, көз жүгірттім – Даун синдромы сұрақ астында. Мен дәрігерлерге жүгіріп барып, сұрақ жаудыра бастадым, олар әрине, жұбата бастады, генетикалық талдама тапсыруға кеңес берді. Талдама біздің қауімізді растады.

Бүкіл отбасы үшін оның ғұмырының алғашқы жылы күрделі кезең болды. Ұлымыз өте әлсіз болды, ұзақ уақытқа дейін отыра алмады, 1,5 жасында жүрді. Эмоциялардың бұрқанысы басылғаннан кейін, мен бізге осындай бала бергені үшін Құдайға алғыс айту керектігін түсіндім. Мен оны өз жүрегіммен қабылдадым. Даун синдромымен АҚШ пен Еуропада қалай жұмыс істейтінін зерделедім, түңілуге болмайтынын, оны өмірге барынша бейімдеу керек екенін түсіндім. Мен оны үлкен балаларымның міндетіне артпаймын. Әлижан көп проблемаларын өзі еңсеретін болуға тиіс. Ондай балаларды қиындықтан қорғаштаған және қалқалаған уақытта, біз шын мәнінде бала туралы емес, өзіміз туралы ойлаймыз. Бала өз-өзіне қызмет көрсетіп, сөйлеп (ұлымыздың сөйлеуде проблемалары бар), оқып және жазып үйренуіне тырысу керек.

Ол әрине, ерке, жұмысты ертерек бастап, еркелетпеу, қайта жауапкершілікке бейімдеп барынша жүктеу керек еді, мектепке де ертерек бару керек еді. Бірақ бәрі де тәжірибемен келеді, ал алдымен еш амал қалмаған секілді болып көрінді. Қазір Әли жарты күнге үйде өзі жалғыз қала алады, өзі су ішеді, жеңіл тамақтанады, компьютерді өзі қосады, ютубтен сүйікті мультитерін, клиптерін табады, онлайн мини-ойында (орыс бильярд және т.б.) ойнайды.

Ұлымыз 2 жасқа толған уақытта, біз оңалту орталығына Ольга Федоровна Чумаковаға келдік. Әли ол кезде төртаяқтап еңбектейтін. 7 жыл бойы орталыққа мектепке барғандай, қырқүйектен мамырға дейін барып жүрдік, ал жазда уақытымыздың көпшілігін табиғат аясында өткізуге тырыстық, Әли суды өте жақсы көреді. Онымен ло-

гопедтер, дефектолог, психолог жұмыс істеді. Мамандардың жеке жұмысындағы жүйелілік алға қарай жетелейді, аз да болса дұрыс қадамдарға жеткізеді (бала қиын, ерке, оларға Әлимен жұмыс істеу оңай болмады).

Біздің өміріміздегі маңызды бір сәт тәуіпке барғанымыз болды. Ол ұлымды құшақтап алып, қолына ұстап көрді де, тасбақаның жұмыртқалары керек деді. Оларды бізге туыстарымыз бен таныстарымыз Бішкектен әкеліп жүрді. Бір жұмыртқа 50 доллар тұратын. Таңертең аш қарынға кішкене ғана, сіріңкенің басындай мөлшерде қабылдау керек еді. Бір жылдың ішінде шамамен 15 дананы жеді. Бекіді, бұлшық еттер пайда болды, суық тиіп ауыратыны азайды. Қазір физикалық жағынан ол өз құрбыларынан кем қалмайды. Рас, тәуіп сол кезде еңбегі жабылмай тұрып ертерек әкелгенде, ол баланың басқа да проблемаларын шешуге көмектесе алушы еді дегенді айтты.

Ұлымызды оқытатын уақыт келіп жетті, мектепті таңдау туралы мәселе тұрды. Таныстарымыз Саран қаласындағы ШДМ науқасы бар балаларға арналған облыстық №5 мектеп-интернат туралы айтты. Бұл мектеп ауласында гүлзарлар мен мүсіндер бар көне мекенжайға ұқсас, онда ерекше атмосфера бар. Оны табалдырықтан аттағанда бірден сезесің. Бір «барлауға» келген уақытта, Әлижан ол жерден кеткісі келмеді. Біз өзімізге керегі осы екенін түсіндік.

Мектеп директоры – Айгүл Қуанышқызы Әубәкірова Әлиді білетін болып шықты, ұлым оңалту орталығына барып жүрген уақытта, әдістемеші болып жұмыс істеген екен. Ол оны қуана қабылдады.

Сынып оқушыларға толық болды, онда психикалық жетілуі кешіккен (ПЖК) және Даун синдромы бар балалар оқыды. Бір айдан соң біздің сыныпты екіге бөлді. ПЖК бар балалар бөлек және біздің сынып «Б бағдарламасы» бойынша. Даун синдромы және балалар аутизіміне ерте шалдыққандар, ауытқуында және дамуында ұқсастық бар балалардың топқа үйренуі өте қиын және баяу болып келеді. Осы орайда 2012 жылы біздің мектепке осы санаттағы балалар үшін ұйымдастырылған болатын. Әрине, баланы аптаның бүкіл барысына қалдырып кету оңай болмады (Саран Қарағандыдан 30 шм орналасқан). Шамамен жарты жылдай бізде де, ұлымызда да бейімделу жүрді. Әлидің сыныбында ең көп дегенде 7-8 бала. Кесте өте икемді: түске дейін және түстен кейін сабақ. Сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін балалар демалады. Балаларға ыңғайлы болуы үшін, сынып бөлмесі жатынжай мен ойын бөлмесінің қасында орналастырылған (бұл директордың идеясы болатын).

Біздің мектепте Айгүл Қуанышевна бастаған тамаша ұжым бар. Мектепте жақсы материалдық-техникалық базасы және ең бастысы –шыдамды, мейірімді кәсіпқой мамандары бар, ал ол бұл жұмыстың өте маңызды, басты саласы.

Мұғалімдер мен тәрбиешілердің арқасында қазір біздің баламыздың дамуы жақсы деңгейге жетті. Интернатта ол көп нәрсені үйренді – аяқкиімін өзі киеді, киімін киеді, өз өзіне қызмет көрсетеді, кестеге және тәртіпке үйренді.

Біздің мұғаліміміз Федоренко-Лыткина Валентина Викторовна – жоғары дәрежелі маман: дефектолог, негізі арнайы мекемелеріндегі психолог маманы, бірінші білімі бойынша – бастауыш сыныптардың мұғалімі. Ол балаларды «нәзік» деңгейде сезеді, олармен әрқайсысының ерекшеліктерін ескере отырып, қызыметіне жанымен берілген мамандар. Оған біздің біраз уақыттан соң ұлымыздың жүріс-тұрысындағы өзгерістерді көргенде көзіміз жетті – ол қуана оянып, мектепке ықыласпен, еркелік танытпай жиналатын болды, бұл орайда өзінің сыныптастары мен мен сүйікті мұғалімдерінің аттарын былдырлап айтып, қолын төсіне қойып, сабақ басталардың алдында мемлекеттік әнұранды орындауға кешігіп қалғысы келмейтінін түсіндіретін болды.

Сабақтарда Әли мүсіндеумен, аппликациямен, сурет салумен ықыласпен айналысады, дүниені танып-білу сабақтарын жақсы көреді, оның сөйлеу қабілеті жетіле бастады. Ежіктеп оқи бастады. 2 жылдың ішінде біз көп нәрсеге қол жеткіздік. Валентина Викторовна Даун синдромы бар балалармен коррекциялық-педагогикалық жұмысқа арналған ОӘК әзірледі. Дәптерде балалардың сенсорлық саласын дамыту көзделеді. Осы дәптер бойынша біз демалыс кезінде үйде жұмыс істейміз.

Әдетте, ата-аналар ондай баланы өздерінен алыс жіберуден қорқады – қалай біз онсыз боламыз? Мен оларды түсінемін, өзімнің де басымнан өткен. Аналармен сөйлескенде, оларға мынадай сұрақ қоямын: «Балалар қалай өсіп, дамымақ,, сіздер оны ойламайсыздар ма?»

Жарты жыл бұрын қонақта болдық, ұлымыз пианиноны ашып, ойнай бастады. Әуеннің балаға әсер етіп, ұнағанын байқадық. Валентина Викторовна Әлижанның шығармашылыққа бейімділігі бар екенін айтады. Әкесі секілді сурет салғанды жақсы көреді, ал әріптерді жазғанды жақтырмайды. Осы бағытта ұстамақшы болдық. Оның өз еркімен айналысқанын қалаймын, өйткені ондай балалар онша шыдамды емес қой.

Үлкен балалар өсіп келе жатқанда, оларды еркелеттік, ең жақсының бәрін беруге тырыстық, олардың жасөспірім шақтарында проблемалары да болды. Әли туған соң отбасында көп нәрсе өзгерді. Өмірдегі басым бағыттар өзгерді. Біз анағұрлым тату болдық. Қазір ол – біздің Күніміз. Біздің – генераторымыз және қозғалтқышымыз. Үлкен балаларымыз да өзгерді, олар түсіністікпен қарады, кішкентай бауырларына қамқор болды. Олар қазір жоғарғы оқу орындарында оқиды – үлкеніміз «Болашақ» бағдарламасы бойынша шетелде, ал қызымыз ҚарМУ-дың 1-ші курсын бітірді. Менің туғандарым Қарағандыда тұрады, күйеуімнің туыстары – Астанада. Жиені – дефектолог, туғандардың бізге деген көмегі айтарлықтай болды. Отбасының қолдауы маған кәсіби қызметімді үзбеуге мүмкіндік берді. Мен журналистика кафедрасында жұмыс істеймін. Әлидің папасы 2004 жылы оқытушылық жұмысын тастап, еркін суретшіге айналды. Бүгінгі күні ол ҚР Суретшілер одағының мүшесі, ҚР еңбек сіңірген мәдениет қайраткері, Қазақстанның белгілі мүсіншісі және графигі.

Алишканың арқасында біздің өмірімізде құндылықтарды қайта бағалау орын алды. Достарымызда бір қиыншылық болып, олар оны «қайғылы жағдай» деп уайымдай бастағанда, мен оларға «Бұларың не, бұл деген түкке тұрмайтын нәрсе ғой!», - деймін, өйткені өмірде ең бастысы – денсаулық, бейбітшілік, татулық, сүйіспеншілік.

АУРУХАНАҒА ТӘУЕЛДІЛІКТІ ҚАЛАМАЙМЫН

Ақтілек Қуатұлы түсірген фотосурет



Рахымбаев Ерланбек Тоғамбекұлы – заңгер, Рахымбаева Алтынай Кабдылманатқызы – инженер-экономист. Олар Қарағандыда тұрады және 9-шы сыныпта оқитын ұлдары Аңсарды тәрбиелеуде. Алтынай Кабдылманатқызы әңгімелейді.

Аңсар – екінші бала. Үлкен қызымыз енді 18 жасқа келді. Ұлымыз дене массасының жетіспеушілігімен тұды, салмағы нашар өсті, қан кету болып, соның әсерінен миға қысым жасалып, бала оңалмады. Содан кейін бір жасқа дейін қалыпты жетілді, тиісті мерзімінде оған барлық екпелер жасалды.

1,5 жасында ұлымыз аяғының ауыратынына шағымдана бастады. Травматологқа көріндік, дәрігер бізді онкологияға жолдады, онда облыстық балалар ауруханасына хирургияға іріңді әсері бар остеогендік саркома диагнозымен жолдама берді, дене қызуы жоғары болмағандықтан аурухана бізді қабылдаған жоқ, дегенмен СОЭ 60 шамасында болды, және іріңді әсерге ұқсамады. Қорытындысында біз онкологияға қайтып оралдық та, консилиумнан кейін бізді Алматы тап сол диагноз-

бен ҚазОРҒЗИ-ға жолдады. Алдында ұлымызда жиі отиттер болды, тілдің астыңда және құлақтың сыртында томпақтар пайда болды. Алматыда оның жасында остеогендік саркома болмайды, бәлкім, бұл алып жасушалы ісік болар, ол қатерсізімен қатар қатерлісі де болады дегенді алға тартты.

Алматыда аяқтағы томпақты алып тастады. 2002 жылдың ақпан айында гистологиялық қорытынды келді – сол жақ емізік тәрізді өсінді мен альвеолярлық өсіндінің (ауыз қуысының) зақымдалуымен оң жамбас сүйегінің н/3 эозинофилдік гранулемасы – Таратынов ауруы, қазір жұмсақ тінді компоненттердің, лимфотүйіндердің тартылуымен сүйек тінінің мультифокалдык зақымдалуы бар гистиоцитоз деп жазады. Сондықтан Аңсарда нейросенсорлық екіжақты құлақ мүкістігі бар және астыңғы жақсүйегінде тістері болмады.

Бұл ауру өте сирек кездеседі, қатерлі түзілімдерге жатады және сүйектерді зақымдайды. Дәрігер бізге ұлымыздың ауруы туралы әдебиетті ұсынды. Диагноз қойылған соң, болжамның қандай екенін, өзіңді не күтіп тұрғанын білгің келеді, балаға қалай көмектескен тиімді болатынының амалдарын іздейсің.

ҚазОРҒЗИ институтында алдымен неміс хаттамасы бойынша емдеді, яғни, емдеу сұлбасы Германияда әзірленген. Бұл сұлба бойынша емдеу қырық күн бойы жүргізіледі. Осылай 2 ПХТ курсы өткіздік, содан кейін бізге препараттарды ауыстыра және үстей бастады.

Аңсарды шынықтыру, иммундық жүйесін көтеру керек болды, өйткені аурумен жалпы алғанда бүкіл организм күреседі ғой және оған көмектесу керек. Сонымен қатар оған сауна, массаж, физиомдеу рұқсат етілмейді, күннің көзінде қыдыруға болмайды. Ұлымыз 25 химиотерапияны, 3 сәулелеуді өткерді. Соңғы талдамалар жаман болмады және биыл біз химиядан үзіліс жасадық. Педриатрия орталығындағы онкологта, тұратын жеріміз бойынша онкологта, педиатрда, невропатологта, эндокринологта, гастроэнтерологта, сурдологта, отоларингологта байқаламыз. Біреуін емдегенше, басқасы зардап шегеді.

